«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжі

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

ТЕОРИЯЛЫҚ САБАҚҚА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ӨҢДЕУ

Пән коды: ЖГП 01
Пән: Кәсіби қазақ тілі
Мамандығы: 09120100 «Емдеу ісі»
Біліктілігі: 4S09120101 «Фельдшер»
Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»
Біліктілігі: 4S09130103 «Жалпы практикадағы мейіргер»
Оқу сағатының/ кредит көлемі: 72/3
Теориялық сабақ : 72 с.
Курсы: 2
Оқу семестрі: 3
Бақылау түрі: емтихан

Шымкент, 2025 ж.

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде каралды.

Хаттама № 1 «27» 08 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі: _____ А.Т. Сатаев

№ 1 сабақ

5.1. Лексикалық тақырып: Кіріспе. Терминдердің ұғымы мен мағынасы. Маман саласындағы терминдер.

Грамматикалық тақырып: Сөз тіркесі және сөйлем. Еркін тіркес және тұрақты сөз тіркесі.

Сағат саны: 2 сағ. 90 мин.

5.2. Мақсаты: Білім алушылардың шығармашылықты жұмыс істеуіне ықпал ету. Ойлау шеберлігін, сөйлеу мәдениетін арттыру

5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың алған білімдерін толықтыру, терминдер мен сөз мәдениетінен түсінік беру, тәрбиелік – ұжымшылдыққа,тиянақтылыққа тәрбиелеу, түрлі әдістермен оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту,өзіндік шығармашылыққа баулу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Терминдердің ұғымы мен мағынасы.
2. Маман саласындағы терминдер.
3. Сөз тіркесі және сөйлем.
4. Еркін тіркес және тұрақты сөз тіркесі.

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері :шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Білім алушыларды кіші топтарға бөлінеді.

«Мен қалай өз мақсатыма жетемін?» тақырыбы бойынша көпшілік алдында сөйлеуге дайындалыңдар. Оларға талдау жасаңдар. Мәтіннің жетістігі мен кемшілігін дәлелдеңдер.

Терминдердің ұғымы мен мағынасы. Маман саласындағы терминдер.

Сөздің лексика-семантикалық топтарының бірі арнаулы лексика. Қоғамдағы әр түрлі кәсіп пен қызмет салаларына негізделген, шектеулі қолданысқа ие сөздер-арнаулы лексика ретінде танылады. Ғылым, техника, өндіріс, ауыл шаруашылығы, басқару органдары, мәдениет пен өнер, әскери атаулар т.б. - арнаулы лексиканы құрайды. Ол термин сөздер мен кәсіби сөздерге бөлінеді. Терминдер табиғатына тән нәрсе - бірмағыналылық, дегенмен бірмағыналылықты сақтау барлық жағдайда мүмкін бола бермейді, өйткені төл тілдік бірліктер арқылы термин жасау барысында, лебіздегі оның алғашқы негізгі мағынасы қолданыста болады. Термин сөздердің негізгі ерекшелігі - ғылым мен техника саласы бойынша белгіленген ұғымның атауы болады, ерекше анықтамасы беріледі; логикалық жүйеге негізделген нақты семантикасы, лебізде келісілген қолданысы болады. Яғни термин сөз бен оның таңбалап тұрған ұғымы арасында үлкен танымдық байланыс болады. Терминнің мазмұны - оның әуелгі терімсөздік түсінігі де, мағынасы - термин ретіндегі сипаты. Терминнің мағынасы мен мазмұны сәйкес келіп, бір-бірін анықтап, мағына мазмұнын ашуы тиіс.

Дене мүшелерінің қазақша атаулары

Адам денесі бастан – caput , мойыннан – collum, денеден-truncus және жұп қол-аяқтан тұрады. Баста; бас-сүйек күнбезін – regions fornikis capitis және бет бөлімін regionesfaciei денеде ; көкірек- thorax іш – abdomen және арқаны -dorsum ажыратады.

Көкірек бетінде бағдарлау үшін тік (вертикаль) сызықтар жүргіуді пайдаланады ; 1)Алдынғы орта сызық –linea mediana anterior 2) төс сызығы – linca sternalis , Төссүйектің шеттерімен жүреді ; 3) ортабұғана (емшек сызығы)- linea medioclav, Icularis mamillars, Емізік немесе бұғананың ортасы арқылы жүреді ; 4) төссүйек жаны сызығы- linea parasternalist алдыңғылардың ортасымен; 5) алдынғы 6)ортаңғы және 7) артқы қолтық сызықтары –lineae axillaris, media et posterior, бұлардың біріншісі мен соңғысы қолтық шұңқырының алдыңғы және артқы жиектері, ал ортаңғысы –оның ортасы арқылы өтеді , жауырын сызығы – linea scapularis , жауырынның төменгі бұрышы арқылы жүргізіледі. Арқа бөлімдеріне; омыртқа- regio vertebralis,жауырын regiones scapulars, жауырынасты regiones subscapulares және үшкіл – regio deltoidea бөлімдері жатады Қол –иық- brachium , білек және қолбасы- manus болып бөлінеді , қолбасы -алақан palmamanus, қолдың сырты-dorsum manus және саусақтарға – digiti manus бөлінеді.Аяқ өз кезегінде мынадай бөлімдерге бөлінеді; бөксе – regio glutealis ,сан-femur,жіліншек, crus , және аяқбасы – pes . Аяқбасы ; табан planta, аяқбасының сырты- dorsum pedis, және башпайларға-digitis pedis бөлінеді.

Сөз тіркесі және сөйлем.

Толық мағыналы, кем дегенде екі сөздің тұлғалық жағынан әрі мағыналық жағынан байланысуын сөз тіркесі деп атайды. Құрамы екі сөзден ғана тұратын сөз тіркесін жай сөз тіркесі деп атайды. Мысалы ; ақылды жігіт, кең дала , мазмұнды әңгіме, темір қасық, студент үлгерімі, т.б. Құрамы үш немесе одан көп сөзден тұратын сөз тіркесін күрделі сөз тіркесі деп атайды. Мысалы; он шақты кітап, тақтаға жақындай түсті, Алматы қаласында тұрады.

Еркін тіркес және тұрақты сөз тіркесі.

Аталуына сай, еркін сөз тіркесінде байланысқа түскен сөздер өз мағыналарын жоймайды.Мәселен, кең бөлме дегенде, осы екі сөздің негізгі лексикалық мағыналары сақталады, демек бірінші сөз (кең) осы сөз тіркесін қандай тұлғалы өзгеріске түсірсек те, кеңістіктің сынып, яғни сын есім болып тұрған қасиеті жоймайды. Дәл сол сияқты, екінші сөз де (бөлме) мекеннің атын білдіріп, сөз табынан зат есім болып тұрған қасиетінен осы сөз тіркесінің тұлғалық өзгеріске түсуі ешбір өзгерте алмайды; кең бөлме, кең бөлмеміз, кең бөлмеден, кең бөлмелі, т.с.с.

Бірнеше сөзден құралып, бір ғана ұғымды беру үшін қалыптасып, тұрақтанған тіркесті тұрақты тіркес деп атайды. Көзді ашып-жұмғанша деген тіркес шапшаң дегеннің мағынасын береді. Еркін тіркестен айырмашылығы-төбе шашы тік тұрды деген тіркесті алатын болсақ, мұндағы құрамындағы сөздердің барлығы да өздерінің тура мағнасынан айрылған; екіншіден ,солайша мағыналарын жоғалту себепті төрт сөздің төртеуі тіркесудің нәтижесінде қорықты деген бір сөздің ғана ұғымын беріп тұр. Біршама аяқталған ойды білдіретін жеке сөзді немесе сөз тіркесін **сөйлем** деп атайды.

I.Сөйлем құрылысына қарай екі түрге бөлінеді;

1)Жай сөйлем.

2)Құрмалас сөйлем.

II.Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері;

Хабарлы сөйлем (Ауылға барғанда суға түстік.);

Сұраулы сөйлем (Ауылға барғанда суға түстің бе?);

Лепті сөйлем (Шіркін, ауылға барғанда суға түссек!)

Бұйрықты сөйлем (Ауылға барғанда суға түссін.)

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау

Тапсырма 1. Мәтінді оқып шығып, сұрақтар дайындаңыз:

Адамның дене мүшелеріне бас, мойын, қол, жауырын, кеуде, иық, омыртқа, аяқ, жамбас, тізе тағы басқалар жатады. Адамның басында бет, көз, құлақ, мұрын, ауыз, маңдай, шеке, иек, ерін, тіс, тіл, таңдай сияқты мүшелер орналасқан. Бұл мүшелерді біз көзбен көреміз. Бұлардан басқа көзбен көрмейтін мүшелер бар, оларға асқазан, ішек-қарын, бауыр, бүйрек, жүрек т.б. жатады. Дана халқымыз алыс сапардан оралған адамдардан «Он екі мүшең аман-есен оралдың ба?», - деп амандасып, жөн сұрасқан. Кейде «он екі мүшесі аман, соқталдай азамат, ақша табудың неге оңай жолын іздейді ? » деп, ренжіп жатады.

Халық жұмбақтарының бірінде: «Дүниеде бір ағаш бар түбі жуан, он екі ұл, алпыс екі қыз бір күн туған», - дейді. Мұндағы 12 ұл адамның 12 мүшесі, 62 қыз – адамның 62 тамыры, ал ағаш – адамның өзі.

Халқымыз он екі мүше дегенді адамның дене бітіміне байланысты айтқан: он екі мүшеге мыналар жатады: бас (біреу), омыртқа (біреу), жамбас (екеу), жауырын (екеу), тоқпан жілік (екеу), асықты жілік (екеу), кәрі жілік (екеу).

Бір жылда 12 ай болса, адамның 12 мүшесі бар. Уақыт көшінің бір жылы 365 күннен тұрса, қытай емшілерінің айтуынша, адамның да буыны соншама. Мұның бәрі адамның табиғатпен тығыз байланысты екендігін айғақтайды.

Көне заманғы халық емшілері адамның әр мүшесі бір тәуліктің ішінде өзінің жоғарғы, төменгі деңгейіне алмасып отыратынын дәлелдеп берген. Оны қазіргі ғылыми медицина да мойындайды. Осынау ғылыми тұжырымдама бойынша адамның тәуліктегі күш-қуаты мынандай:

Таңғы сағат 3 – 5-тердің шамасында өкпесінің қуаты артады.
Таңғы сағат 5-тен 7-ге дейін тоқ ішектің қуаты күшейеді.
Таңғы сағат 7-ден 9-ға дейін асқазанның қуаты үсті-үстіне жақсарады.
Сағат 9-дан 11-ге дейін ұйқы безінің қуаты еселеп артады.
Сағат 11-ден 13-ке дейін жүректің қызметі айрықша күшейеді.
Түскі сағат 13-тен 15-ке дейін аш ішектің қуаты барынша артады.
Түстен кейін сағат 15-тен 17-ге дейін қуықтың қуаты өте жоғары болады.
Сағат 17-ден 19-ға дейін бүйректің қуат көзі ерекше күшейеді.
Түнгі сағат 21-ден 23-ке дейін иық сүйегінің қуаты барынша артады.
Түнгі сағат 23-тен түнгі сағат 1-ге дейін өттің күш-қуаты молаяды.
Түнгі сағат 1-ден 3-ке дейін бауырдың қуаты шарықтау шегіне жетеді.

Тек 12 сағаттан кейін әр мүшенің қабынуы өз қалпына түседі, төменгі шегіне жетіп, тыныштанады. Яғни, мүшелердің қабынуы немесе қалпына келуі 12 сағаттық мерзімге байланысты.

Тапсырма 2. Мәтін бойынша кездескен сөздер мен сөз тіркестерін есіңізге сақтаңыз.

асықты жілік– большеберцовая кость
тоқпан жілік – плечевая кость
кәрі жілік– локтевая кость
жауырын – лопатка
жамбас – тазовая кость
омыртқа – позвоночник
ортан жілік – бедренная кость
қуық – мочевой пузырь
өт – желчь
ұйқы безі – поджелудочная железа

дене бітімі – телосложение

Тапсырма 3. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

Адамның көзбен көретін дене мүшелеріне қандай мүшелер жатады?
Адамның басында қандай мүшелер орналасқан?
Көзбен көрмейтін мүшелер қандай мүшелер жатады?
Халқымыз алыс сапардан оралған адамдардан не деп амандасып, жөн сұрасқан?
Он екі мүшеге нелер жатады?
Көне заманғы халық емшілері нені дәлелдеп берген?

В) *Төмендегі етістіктердің қайсысы мәтінде кездеспейді?*

Қалану, ренжу, енгізу, тыңдау, ауырмау, есту, айғақтау, самғау, жұбату, ұғыну, қалыптастыру, жабдықталу, кездесу, сақталу, өзгеру, күшею, хабарлау.
Өткен тақырыптарына шолу жасау.
Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин
Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.
Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.
5.7. Бақылау: ауызша сұрақ жауап.
1. Терминдік сөздер туралы ұғым.
2. Термин сөздер категориясы.
3. Мамандық пен ғылым саласындағы терминдердің жасалу жүйесі.
4. Терминдердің баламалық ұғымдары және аудармасы, қолданылу аясы.
5. Терминдердің баламалық ұғымдары және аудармасы, қолданылу аясы » деген тақырыпта шағын мәтін құрастыру.
6. Адам ағзасындағы мүшелер туралы.
7. Адам ағзасындағы мүшелер туралы әңгімелеудегі тілдік оралымдар.
8. Адам ағзасындағы мүшелердің қызметі туралы.

№ 2 сабақ

5.1.Лексикалық тақырып: Медициналық терминдерді қалыптастыру жолдары.
Грамматикалық тақырып: Сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдері.
Сағат саны: 2 сағ. 90 мин.
5.2. Мақсаты: Білі алушылардың алған білімдерін толықтыру, терминдер мен сөз мәдениетінен түсінік беру, тәрбиелік – ұжымшылдыққа,тиянақтылыққа тәрбиелеу, түрлі әдістермен оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту,өзіндік шығармашылыққа баулу.
5.3. Оқу мақсаттары: білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін терендете түсу.
Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.
Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.
5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

Медициналық терминдерді қалыптастыру жолдары.
2. Термин сөздердің сөзжасамы.
3. Мамандық саласындағы терминдердің жасалу жүйесі.
4. Медициналық терминдердің ұғымдары және қолданылу аясы.
5. Сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдері.

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жұптасып жұмыс жасау

Жұптық жұмысқа қатысушылардың мақсаты да, қабылдаған шешімі де бірге. Жұптасып жұмыс жасау – мәселе қойылған сөйлеу жағдаяттың тапсырма бойынша жұп болып шешім қабылдау әрекетіне құрылған. Берілген сөйлеу жағдаятының мазмұнын сақтай отырып, сәл өзгеріспен диалог құрады.

Тапсырма: 1. Медициналық терминдердің сөзжасам үлгісі.
Тапсырма 2. Термин сөздер туралы айтылған пікірлері.

Медициналық терминдердің қалыптастыру жолдары

Барлық ғылымдар саласы сияқты медицина ғылымын да қазақ тілінде дамыту – бүгінгі күнгі өзекті мәселелердің бірі. Өйткені ғылымының әр саласында кеңінен қолданылғанда ғана мемелекеттік тіл өз қызметін толық атқара алады. Қоғамның барлық саласында қолданылуымен қатар ғылымның әр саласында толыққанды қызмет атқаруы – мемелкеттік тілдің өркендеуінің бірден-бір кепілі. Қазақ тілі ғылым тілі болуы үшін ең алдымен оның қалыптасқан терминдері болуы тиіс. Термин қалыптастырудың тәсілдері көп. Енді төменде біз соларға жеке-жеке тоқталмақпыз.Термин қалыптастыруда кең тараған тәсілдердің бірі – ғылым, білімі дамыған алдыңғы қатарлы елдердің терминдерін тілдің дыбысталу заңдылығына икемдеп алу. Өзіміз жақсы білетін орыс тіліндегі терминдердің 70-80%-ы латын, грек, ағылшын т.б. тілдерден енген сөздер. Бірақ олар орыс тілінің дыбысталу заңдылығына бағынып енгендіктен, олардың жат сөздер екенін көп адам аңғара бермеуі де мүмкін. «Интернационалдық терминдер» деп аталып жүрген мұндай терминдердің ағылшын тілінде ағылшын тілінің, неміс тілінде неміс тілінің т.б. заңдылықтарымен дыбысталатынын, яғни қазақ тілінде де қазақ тілінің заңдылығымен дыбысталуы қажет екендігі соңғы кездері көп айтылып жүр.Академик Ө.Айтбайұлы тілдің дамуы ондағы интернационалдық сөздердің көптігіне байланысты емес, оларды сол жат қалпында қабылдай беретін болсақ, онда интертерминдер шапқыншылығына тап боламыз, онсыз да дендеп бара жатқан шетел сөздері қаптай беретін болса, ана тілімізге қатер төнді дей беріңіз дей келе, интертерминдерге тәуелді болмай-ақ, өз тілінің байлығын қолданып отырған жапон, қытай тілдерін мысалға келтіреді. «Интертерминдерге тиюге болмайды дейтін түсінік бұларды шынында да құран сөзіндей етіп жіберді. Содан барып бұлар да баста белгілі бір тіл ішінде туындап, терминдік мәнді жүре келе жүктеген қарапайым сөздер екенін елемейтін болдық. «Тиіспе», «аударма» деуден бұрын бұл сөздер нені білдіріп тұр, қандай мағынаны арқалап тұр дегенге зер салу керек қой. Міне қазір интернациональдық терминдерге осылайша қарау ағымы пайда болды. Бұл тіл дамуының өзіндік даму табиғатына тән құбылыс» – деп, интерминдерді де мүмкіндік болса аударуға болатынын сөз етеді.Шынында да, интертерминдер деп шаң жуытпай жүрген сөздеріміздің бір кездері қарапайым ғана сөз болғанын және олардың әр тілде әр түрлі мағынада жұмсалатынын көреміз. Мысалы, жоғары оқу орындарында күнделікті қолданылатын «декан» сөзін алайық. Орыс тіліне шет тілдерден енген сөздер туралы сөздікте бұл терминге мынандай анықтама берілген: «Декан [лат. Dekanus десятник (в древнеримских войсках – начальник 10 солдат)] – 1) руководитель факультета в высшем учебном заведении; 2) в средневековых католических монастырях – должностное лицо монахов, помагаюшее аббату в управлении; в современой католической и англиканской церкви – старший священник, наблюдающий за группой приходов; 3) то же, что дуайен» . Байқап отырсақ, бұл сөз қазақ тіліндегі «онбасы» сөзінен алшақ кетпейді екен, бірақ орыс тіліне мүлде басқа мағынада еніп кеткен. Ал қазақ тіліне орыс тіліндегідей «факультет басшысы» деген мағынада еніп, дыбыстық өзгеріске түспей, яғни қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына бағынбай қолданылып жүр.Жоғарыда айтқанымызда, қазіргі орфографиялық жүйемізде интертерминдерді қазақ тіліне бейімдеу мүмкін емес. Бұл болашақта қазақ жазуы

латын әрпіне көшкенде іске асу мүмкін. Ал қазірше қазақ тілінің лексикалық байлығын, сөзжасам тәсілдерін пайдалана отырып, қазақ тілінің дыбысталуына сай келмейтін интертерминдерді аударып қолдануды қолға алу керек. Енді төменде медицина ғылымы саласына орыс тілінен, орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген терминдері аудару туралы сөз қозғайық. Мысалы, орыс тіліндегі «нерв» сөзі латынның «nervus» деген сөзінің орыс тілінің заңдылығымен дыбыстық өзгеріске түскен сөзі екені белгілі. Бұл, әрине, орыс тілінде осы ұғымды беретін сөз болмағандықтан қолданылған сөз. «Нерв» сөзінің қазақша баламасы – «жүйке». Бұл сөздің қазақ тілінде ежелден бар екеніне XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген композитор Балуан Шолақтың: «Айдың көзін жылт етіп бұлт алсын, бүйте берсең жүйкемді құрытарсың»,– деген өлеңі айғақ болса керек. Қазір медициналық оқулықтар мен оқу құралдарында, медициналық мәтіндерде *жүйке аурулары, жүйке жүйесі, жүйке түйіндері, жүйке жасушалары, жүйке талшықтары* сияқты терминдер кеңінен қолданылып жүр. Бұл «жүйке» сөзінің орыс тіліндегі «нерв» сөзіне толық балама бола алатынын көрсетеді. Ал енді орыс тіліндегі *невроз, невропатолог, неврология, невралгия* сияқты сөздерді қалай қолдану керек немесе қалай аударып алуға болады деген мәселені дәрігерлер мен тіл мамандары ақылдаса отырып шешуге болатын сияқты.Медициналық термин сөздерді аударып алуда да қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін ескерген жөн. Мысалы, орыс тіліндегі «смертность», «заболеваемость», «рождаемость» сөздері орысша-қазақша медициналық сөздіктерде «өлімшілдік», «аурушылдық», «туушылдық» деп аударылып жүр. Қазақ тілінде зат есімге сын есім тудырушы жұрнақтар үстемелеп жалғанбайды. Бұл сөздерді «өлім-жітім», «ауру-сырқау», «өсіп-өну» деп қос сөздер арқылы беруге болар еді. Қазақ тілінде сөзжасамның ерекше бір тәсілі болып келетін бұл құбылысқа, яғни сөздерді қосарлап қолдануға жеткілікті дәрежеде мән берілмей келеді. Қазақ ғылыми медицина тілінің қалыптасуына көп уақыт бола қойған жоқ. Әрине, Кеңес Өкіметі кезінде де мерзімді басылымдарда қазақ тілінде медициналық тақырыптарда мақалалар жарияланып тұрды, ғылыми-танымдық оқу құралдары жарық көрді, мектептерде медициналық мәтіндер болды. Мәселен, қазақ мектептерінде «Адам анатомиясы, физиологиясы, гигенасы» деген пән оқытылды. Дегенмен жоғары оқу орындарында медициналық білім қазақ тілінде берілмегендіктен, қазақ тілінің медицина саласында дамуы кенжелеп қалды. Ал еліміз Тәуелсіздік алып, медицина ғылымы қазақ тілінде оқытыла бастағаннан бері, орыс тіліндегі медициналық оқулықтар мен оқу құралдарын қазақ тіліне аудару бойынша біраз жұмыстар атқарылды, қазақ тілінде оқулықтар мен оқу құралдары жазылды. Алайда бұл салада кемшіліктер де аз емес, себебі осы оқулықтар мен оқу құралдарын аударушылардың өздері де қазақ мектептерін бітіргендерімен, жоғары оқу орындарында медициналық білімді орысша алғандар. Екіншіден, қазақша аударылған еңбектер, көп жағдайда, жақсы тіл маманының сараптауынан өтпеген. Үшіншіден, қазақ тілінің сөздік қоры, яғни тіл байлығы сарқа пайдаланылмай келеді. Біз төменде сөзжасам амалдарының ішінде морфологиялық немесе синтетикалық (қосымшалар арқылы) және синтаксистік немесе аналитикалық (сөздерді біріктіру, қосу. қосарлау) тәсілдерге тоқалуды жөн көріп отырмыз. Бұл тәсілдердің барлығын бір мақаланың көлеміне сыйғызу мүмкін емес, сондықтан өзіміз сөз етіп отырған салаға байланысты кейбіреулеріне ғана тоқталмақпыз. Қазақ тіліндегі -шы, -ші жұрнағы негізінен мамандық, кәсіп иесі дегенді білдіреді. Бұрын *малшы, жалшы, әнші, күйші* сияқты зат есімдер тудырса, өткен ғасырдың 30-жылдары бұл жұрнақтың қолданылу ауқымы кеңіп, *кітапханашы, тілші, еңбекші, бақылаушы, нұсқаушы* тәрізді жаңа сөздер туғызды. Тіпті кірме сөздерге де жалғанатын (*колхозшы, тракторшы* т.б.) болды. Бұл жұрнақпен синонимдес парсы тілінен енген -гер, -кер жұрнағының да қолданылу аясы кеңіп *қаламгер, қызметкер, дәріскер, әдіскер* сияқты жаңа сөздердің пайда болуына негіз болды. Дегенмен бұл кірме жұрнақ болғандықтан, қолданылу аясы, жалғану мүмкіндігі қазақтың өз төл жұрнағы -шы, -ші-дей емес, әлдеқайда

төмен. Бұл жұрнақтарды ретімен қолданбау термин жасауда үлкен қателікке алып келетін кездері де болады. Мысалы, 30-жылдары «врач» сөзі «дәрігер» болып аударылды да сол бойы сіңісіп кетті. Қазір медицина ғылымы дамып «фармацевт» деген сөз пайда болған кезде оған енді балама таба алмай жүрміз. Шындығында *фармацевт – дәрігер, врач – емші* болуы керек еді. Енді қолданысқа әбден еніп кеткен бұл сөзді өзгерту мүмкін емес. -лы, (-лі, -ды, -ді, -ты, -ті), -лық (-лік, -дық, -дік, -тық, -тік), -ғы (-гі, -қы, -кі) сияқты сын есім тудырушы жұрнақтарды профессор Ә.Нұрмұхамбетұлы дұрыс қолданып жүр (*вредная доза — зиянды доза (мөлшер); ежедневная – күнделікті; лечебная – емдік; оптимальная – оңтайлы; разовая – бір дүркіндік; высшая – ең жоғарғы* т.б.) [10, 209-210]. Бірақ автор «доза» сөзін «доза» деп те қалдырған, сонымен қатар *өлшем, мөлшер, нәумет* деген нұсқаларды да ұсыныпты. Біздіңше, *өлшем, мөлшер, нәумет* деген нұсқалар бұл мағынаны бере алмайтын болса, «доза» сөзін қалдыра беруге де болады. Себебі «доза» сөзі қазақ тіліндегі үндестік заңына қайшы келмейді және бұл сөзде қазақ тілді адам айта алмайтындай дыбыстар тіркесімі жоқ.Жаңа сөздер тек түбір сөздерге әртүрлі жұрнақтар жалғану арқылы ғана жасалмайды. Сөз тудырудың өнімді тәсілдерінің бірі – сөздердің бірігуі. Әуелде анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері айтыла-айтыла ықшамдалып, тұтас бір сөзге айналып, бір ғана сұраққа жауап беретін күрделі сөздерге айналған. Осылайша бірігу арқылы жасалған терминдерге «бұлшық ет» (мышца), «көкет» (диафрагма), «көкбауыр» (селезенка) сияқты сөздерді жатқызуға болады. Қазақ тілінің орфографиялық және медициналық сөздіктерінде «бұлшық ет», «күре тамыр», «көк желке» сөздері бөлек, ал «көкет», «көкбауыр» сөздері бірге жазылып жүр. Міне бұл мәселелердің де шешімін тапқан жөн.

Сөздердің байланысу түрлері.

Қазақ тіліндегі сөздердің өзара байланысу тәсілдері негізінде қалыптасқан байланысу түрлері болады. Ондай байланысу түрлері : қиысу, матасу, меңгеру, қабысу, жанасу.

Қиысу. Бастауыш пен баяндауыштың жіктік жалғауы арқылы бір жақта және 1—2 жақтарда жекеше я көпше түрде байланысуын қиысу дейміз. Ілияс үйінен жүгіріп шықты. (С. Е.) деген сөйлемде бастауыш пен баяндауыш III жақта қиысып тұр. Егер Ілияс деген сөздің орнына біз деген I жақтағы сөзді қойсақ, баяндауыш та өзгеріп, I жақ көпше түрде айтылады: біз жүгіріп шықтық.

Матасу. Ілік септік жалғаулы сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің байланысу түрін матасу деп атайды. Менің әкем Бауыржанның батырлығын, қамқорлығын айтып отырушы еді. (Ә. Нұрш.) Осындағы менің әкем, Бауыржанның батырлығы, Бауыржанның қамқорлығы тіркестері матаса байланысып тұр.

Меңгеру. Басыңқы сыңар мен бағыныңқы сынардағы сөздің атау мен іліктен баска септік жалғауларының біреуі жалғану не шылаулар арқылы байланысу түрін меңгеру деп атайды. Игілік Қызылжардан бұл жолы да ренжіп қайтып еді. (Ғ. Мұс.) Сөйлемдегі Қызылжардан қайтып еді меңгеріле байланысып тұр.

Қабысу. Сөздердің қатаң орын тәртібі нәтижесінде қатар тұру арқылы байланысу түрін қабысу деп атайды.

Одағым десем ойыма Айдын шалқар көл түсер (Жамбыл.) Осындағы айдын шалқар көл дегендер берік орын тәртібі арқылы байланысқан, олардың орнын ауыстырсақ, байланыс бұзылады.

Жанасу. Басыңқы сыңары мен бағыныңқы сыңарының орын таңдамай, жақын да, қашық та тұруы арқылы байланысу түрі жанасу деп аталады. Мысалы: Ол мектепті биыл бітірді деген сөйлемде биыл сөзі бітірді деген сөзге қатысты болып, оның тұрған орны арқылы байланысқан. Кейде Ол биыл мектепті бітірді немесе Биыл ол мектепті бітірді болып, араға сөз салып та байланыса береді.

Сөздердің байланысу тәсілдері.

Сөйлемдегі сөздер бір-бірімен грамматикалық байланыста қолданылады. Кез-келген қатар тұрған сөздер бір-бірімен байланыса бермейді. Сөздердің сөйлемде байланысуының белгілі бір заңдылығы бар. Қазақ тілінде сөйлемдегі сөздер жалғау арқылы, шылау арқылы, сөздердің орын тәртібі арқылы, интонация арқылы байланысады.

1) Сөздер септік, тәуелдік, жіктік жалғаулары арқылы бір-бірімен байланысқа түседі. Осы жалғаулардың қатысуымен сөздің өзара байланысынан белгілі синтаксистік қатынас, грамматикалық мағына беріп отырады.

Мысалы: Мен өз Отан+ым+ды сүйе+мін. Мұндағы (-ым) тәуелдік жалғауы, (-ды) табыс септігінің жалғауы, (-мін) жіктік жалғауы.

2) Сөздер ретіне қарай шылаулар арқылы байланысады.

Мысалы: Қазақ елі бейбітшілік үшін ынтымағын нығайтады. Мұнда көмекші рөл атқарып тұрған үшін шылауы, ол мақсаттың мағынасын тудырып тұр.

3) Сөздер орын тәртібі арқылы да байланысады.

Мысалы: Тас жолды ағаш күрекпен күредік деген сөйлемде тас пен жол, ағаш пен күрек сөзі қатар тұруы арқылы анықтауыштың қатынаста орын тәртібі арқылы байланысқанын көрсетеді. Ал егер осы сөздердің орнын өзгертіп жіберсек, мүлде басқа мағына немесе мағынасыз сөйлем туады (тас күрек, ағаш жол). Бұл сөздер бір-бірімен тиянақты орын тәртібі арқылы байланысқа түседі.

4) Интонация арқылы байланысу. Мұнда екі сөздегі орын тәртібі тиянақты болуымен бірге, екеуінің арасында айтылуда дауыс ырғағы сақталып, екінші сөз сәл көтеріңкі естіледі, ал жазуда ол сөздер сызықшамен ажыратылады.

Мысалы: Ол – бухгалтер.

Қазақ тіліндегі сөздердің өзара байланысу түрлерінің бес түрі бар. Олар: қиысу, матасу, меңгеру, қабысу, жанасу.

1) Бастауыш пен баяндауыштың жіктік жалғауы арқылы бір жақта және 1-2 жақьарда жекеше, көпше түрде байланысуын қиысу дейміз. Ілияс дүкеннен жүгіріп шықты деген сөйлемде Ілияс пен шықты, бастауыш пен баяндауыш III жақта қиысып тұр.

2) Ілік септік жалғаулы сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздердің байланысу түрін матасу деп атайды. Менің әкем Бауыржанның батырлығын, қамқорлығын айтып отырушы еді.

Осындағы менің әкем , Бауыржанның батырлығы, Бауыржанның қамқорлығы тіркестері матасып тұр.

3) Бағыныңқы сыңар мен бағыныңқы сыңардағы сөздің атау мен іліктен басқа септік жалғауларының біреуі жалғану не шылауы арқылы байланысу түрін меңгеру деп атайды. Игілік Қызылжардан бұл жолы да ренжіп қайтып еді. Сөйлемдегі Қызылжардан қайтып еді меңгеріле байланысып тұр.

4) Сөздердің қатаң орын тәртібі нәтижесінде қатар тұру арқылы байланысу түрін қабысу деп атайды.

Отаным десем ойыма
Айдын шалқар көл түсер...

Осындағы айдын, шалқар көл дегендер берік орын тәртібі арқылы байланысқан, олардың орнын ауыстырсақ, байланыс бұзылады.

5) Басыңқы сыңар мен бағыныңқы сыңардың орын таңдамай, жақын да, қашық та тұруы арқылы байланысу түрін жанасу деп атайды.

Биыл ол мектепті бітіреді. Бұл сөйлемдегі биыл (бағыныңқы) сөзі бітіреді (басыңқы) сөзімен арасына сөз салып та, ол мектепті биыл бітіреді болып қатар тұрып та байланысады.

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 10 мин.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 15 мин.

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.
Сабақты қорытындылау: 10 мин

Үйге тапсырма беру: 5 мин.
5.7. Бақылау:
Пікір-таласқа ұсынылатын мәселелер:
1. Терминнің бірмағыналы ғана болғаны дұрыс па?
2. Термин мағынасының дәлдігін қалай орнатамыз?
3. Терминнің қысқалығы немесе ықшамдылығы.
4. Терминнің тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуі.
5. Терминнің туынды сөз жасауға қолайлы болуы.
6. Терминде эмоционалдық пен экспрессиялықтың болмауы.
7. Эстетикалық талаптарға сай келуі.

№ 3 сабақ

5.1. Тақырып: Медицина ғылымына байланысты терминдер. Олардың қазақша баламалары. Грамматикалық тақырып: Жай сөйлем және оның түрлері.
Сағат саны: 2сағ. 90 мин.
5.2. Мақсаты: Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істету барысында тілдік білімін тереңдете түсу, алған білімдерін толықтыра отырып, өз ойын ашық айтуға, сөйлесуге үйрету.
5.3. Оқу мақсаттары:Білім алушылардың тілдік корын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.
Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.
Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.
5.**4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

1. Медициналық терминдерді қалыптастыру жолдары.
2. Термин сөздердің сөзжасамы.
3. Мамандық саласындағы терминдердің жасалу жүйесі.
4. Медициналық терминдердің ұғымдары және қолданылу аясы.

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топен жұмыс
Шағын топпен жұмыс – білім алушылар өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.
Медицина ғылымына байланысты терминдер. Олардың қазақша баламалары.

Сөздік– жеке тілдің я белгілі бір жазушы шығармаларының лексикалық жиынтығы; 2) бір тілдегі сөздердің алфавиттік тәртіпке түсірілген жинағынан құралған кітап, анықтағыш құрал. Алғашқы сөздік басқа тілдердегі ескі сөздерді түсіндіру мақсатымен көне дәуірлерде жасалды. Қазақ тілінің алғашқы сөздіктері 1860 жылдардан бастап жарық көре бастады. Қазіргі сөздіктер лингвистикалық және анықтама сипатындағы арнаулы сөздіктер болып екіге бөлінеді.

Лингвистикалық сөздіктер белгілі бір тілдің лексикасы мен фразеологиясын түсіндіруді мақсат етсе, арнаулы анықтама, энциклопедиялық, техникалық, ауыл шаруашылық т.б. белгілі бір саладағы заттарды, ұғымдарды, құбылыстарды түсіндіруді мақсат етеді. Лингвистикалық сөздіктің 20-дан астам түрлері бар. Екі тілді не көп тілді аударма сөздіктер

т.б. *Түсіндірме сөздік* тілдегі сөздердің лексика-грамматикалық сипаттамасын, олардың жазылуы мен айтылуын, экспрессивті- эмоционалды бояуын көрсетеді. *Синоним сөздігі* бір сөздің мағынасы мен экспрессивті-стилистикалық реңкін сол сөзге мағынасы жағынан жақын басқа бір сөздермен түсіндіріп, синонимдік шоғырлардың жиынтығынан құралады. *Терминологиялық* сөздік жеке ғылым, техника, мәдениет салаларына байланысты терминдерді түсіндіреді. *Этимологиялық* сөздік жеке сөздердің тарихын, шығу төркінін ашады. *Орфографиялық* сөздік сөздердің дұрыс жазылуын, о*рфоэпиялық* сөздік сөздердің дұрыс айтылуын көрсетеді. *Фразеологиялық* сөздік тұрақты сөз тіркестерін, фразеолгия орамдарын, олардың стилистикалық сипатын көрсетеді. *Омоним* сөздігі тұлғасы бір, мағыналары әр басқа сөздерді қамтиды. Бұлардан басқа *тарихи, ономастикалық, паронимдік, жиілік* т.б. сөздіктер бар. Термин-белгілі бір ғылым мен техника, өнер саласындағы нақтылы ұғымды білдіретін атау сөз бен сөз тіркесі. Терминология-ғылым мен техника, өнер саласына байланысты терминдердің жалпы жиынтығы.

Жай сөйлем және оның түрлері

Жай сөйлем-бір немесе бірнеше сөз бен сөз тіркестерінен құралып, тиянақты бір ғана ойды білдіретін сөйлем. Жай сөйлемнің негізгі ерекшелігі — құрамындағы сөздер өзара бір-бірімен семантикалық бірлікте болады, екпін тұтастығы, сөздердің орын тәртібі сақталады. Құрылымы жағынан жай сөйлем бір сөзден де, екі не одан да көп сөзден де тұрады.

Жай сөйлемнің түрлері

Жақты сөйлем-бастауышы бар,жасырын тұрғанда да баяндауышы арқылы табуға болатын сөйлем түрі.***Мысалы***:Арада сүт пісірімдей уақыт өтеді.Кенет отқа көзі түсіп кеткен т.б.

Жақсыз сөйлем-баяндауыштың бір өзі сөйлемге негіз болатын жай сөйлемнің түрін жақсыз сөйлем деп атайды.***Мысалы***:Менің айтқаным келді.Бір жерде көргенім бар т.б.

Жалаң сөйлем -тұрлайсыз мүше қатыспаған сөйлемді атайды.***Мысалы***:Ойын қызық.Үй жылы.Қарағың келеді т.б.

Жайылма сөйлем-тұрлаусыз мүше қатысқан сөйлемді атайды.*Мысалы*:Едіге ұзақ жол жүрді.Алыстан мұнар тау көрінеді т.б.

Толымды сөйлем-ойға қатысты сөйлем мүшелерінің барлығы қатынасқан сөйлемді атайды.***Мысалы***:Шашубай мерген еді.Ол шиті мылтықпен кешке киік атып әкелді т.б.

Толымсыз сөйлем-ойға қатысты сөйлем мүшесінің біреуі түсіп қалған сөйлем түрі. ***Мысалы***:Қарлығаштар тағы келді.Қайта-қайта келе берді т.б.

Атаулы сөйлем-кейбір жай сөйлемдер іс-оқиғаны баяндамайды,тек заттың,құбылыстың,мезгілдің,мекеннің атауын ғана білдіреді ондай сөйлемдер атаулы сөйлем деп аталады.***Мысалы***:Дала.Егін даласы рақат құшағында т.б.

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Тапсырма 1. Берілген терминдерді мағынасына сәйкес тауып, сөйлем құрастырып жазыңыз.

Термометр	Ауруды анықтау және емдеу туралы іліи
рецептор (биол)	Ауырған адамды зерттеу негізінде науқасын табу
Диагностика	Тітіркенуді қабылдайтын жүйке талшықтары
Диагноз	Температураны өлшейтін аспап

Тапсырма 2. Берілген терминдерді қазақ тіліне аударып, мағынасын түсіндіріңіз.

ГОРМОН - вещество, продуцируемое эндокринной железой.

ГОНОРЕЯ- заболевание, передающееся половым путем, вызываемое гонококком (может являться причиной бесплодия).

МИКОПЛАЗМА- возбудитель инфекционных заболеваний.

НАДПОЧЕЧНИКИ- эндокринная железа, вырабатывающая гормоны, регулирующие обмен веществ. Находится над почкой

ТОКСИН- яд, продуцируемый живым организмом, например, бактериями.

УРОЛОГ- врач, специализирующийся на лечении болезней мочевыводящих путей и мужской половой системы.

Тапсырма 3. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

1. Студенты внимательно слушают, потому что преподаватель объясняет урок. 2. Вы говорите неправильно, потому что не учите слова. 3. Я не читаю текст, потому что плохо знаю слова. 4. Он отвечает неправильно, потому что плохо готовился.

Тапсырма 4.Бағыныңқының баяндауышы неліктен? не себепті? қашан? деген сұрақтарға жауап беретін 5-6 сөйлем жазыңыз.

Тапсырма 5. *Оң жақ бағанадағы етістіктер мен (сұрақ арқылы) сол жақтағы керекті сөздерден сөз тіркесін жасап, 3-4 сөйлем жазыңыз.*

Індеттердің	үйренеді (нені?)
мінез-құлқы	аулақ болу (неден?)
Тәсілдерін	көбейді (қайда?)
зиянды әдеттерден	өзгереді (не?)
Елімізде	таралмауы (нелердің?)
емдеп сауықтыруға	бұзылады (не?)
зат алмасу	көмектеседі (неге?)

Тапсырма 6. *Төмендегі денсаулыққа қатысты мақал-мәтелдерді жаттап алыңыз және бір-екі мақалдың мәнін, мысалдармен дәлелдеп көріңіз.*

1. Жастықтың қадірін қартайғанда білесің,
Денсаулықтың қадірін ауырғанда білесің.
2. Ізденп алған аурудың,
емі табылмас.
3. Көзің ауырса, қолыңды тый,
Ішің ауырса, аузыңды тый.
4. Ауырып жазылған жан олжа,
Жоғалып табылған мал олжа.
5. Бас ауырса, жан қорқады.
6. Дерт көп, денсаулық біреу.

Тапсырма 7 . *Берілген сөйлемдерді толықтырыңыз.*

1. Созылмалы аурулардың алдын алу үшін, ... 2. Науқастың қан қысымы көтерілмесін деп, ... 3. Дәрілік өсімдіктерден дәрі жасау үшін, ... 4. Қан аздықты болдырмау үшін, ... 5. Баласы аурудан тез жазылу үшін, ... 6. Дәріханадан дәрі алмақ болып, ...

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: ауызша сұрақ-жауап

1. Мамандық саласындағы терминдердің жасалу жүйесі.
2. Медициналық терминдердің ұғымдары және қолданылу аясы.
3. «Медициналық терминдерді қолданылу аясы» мәтінімен ауызша жұмыс жасаңыз.

№ 4 сабақ

5.1. Лексикалық тақырып: Қазақтың тұңғыш дәрігерлері.

Грамматикалық тақырып: Сөйлем мүшелері.

Сағат саны: 2сағ. 90 мин.

5.2. Мақсаты:

- тақырып бойынша еркін әңгімелеуге үйрету;
- грамматикалық тақырыпты түсіндіре отырып, сауаттылыққа баулу;

5.3. Оқу мақсаттары:Білім алушылардың тілдік корын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Қазақтың тұңғыш дәрігерлерінің шығармашылық қызметі.
2. Зертеу еңбектері мен медицина саласына қосқан үлесі.

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Бағыт беру.

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Білім алушылар өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

Тақырыпты өрбіту:

1. Медицина ғылымы.
2. Медицина ғылымының атасы.
3. XX ғ. басындағы қазақ дәрігерлері.
4. Сөйлем мүшелері.

Қазақтың тұңғыш дәрігерлері.

Халел Досмұхатбетов 1883 жылдың 24 сәуірінде Атырау аймағының Қызылқоға ауданында дүниеге келген. 1909 жылы Санкт Петербург әскери- медициналық академиясын бітірген, алғашқы қазақ дәрігерінің бірі. Ол 1913 жылдан бастап Темір уезінде қазақ дәрігер болып істеген.Оба ауруының алдын аларлық әрекеттерді ойлап тауып,оны жүзеге асыру шараларымен шұғылданған.Халел 1918жылы бірінші рет,1924жылы екінші рет Ташкентте «Как бороться с чумой среди населения киргизского края» және «Инструкции по борьбе с чумой»деген кітаптарын басып шығарды. Халел аға 1920жылы Ташкенттегі Орта Азия университететі дәрігерлік факультетінің ауруханасында ординатор болып жұмыс істейді.Жан-жақты ғылымның қаламынан туған үш бөлімнен тұратын «Зоология,Анатомия,Физиология» сонымен қатар «Мектеп оқушыларының гигиенасы»деген оқулығы шықты.Бұл кісі 19ғылыми еңбек жазған,4 ғылыми кітап,көптеген қазақша ,қырғызша,орысша аудармалар жасаған.Университет қабырғасында біраз істегеннен кейін ол проректор және профессор болып тағайындалды.1930 жылдары Воронеж қаласындағы дәрігерлер білімін жетілдіру институтының дәрігері болып істеді. Аяулы азамат,жан-жақты ғалым Халел Досмұхамбетовтың өмір жолы сол кездегі қазақтың бетке шығар зиялыларының өмір соқпақтары тәрізді ойлы-қырлы,күрес пен қудалаушылыққа толық азапты жол болды.

Гүлсім Жағыпарқызы Асфендиярова.

Айғақты деректерге сүйінсек тұңғыш дәрігер санатында 2 қыздың есімі қатар тұр.Олар Санк-Петербург әйелдер медицина институтын 1908жылы қатар бітерген апалы-сіңілі

Мариям Сейітжағыпарқызы Асфендияров мен Гүлсім Жағыпарқызы Асфендиярова.Гүлсім (1880-1941)институт бітіргеннен кейін Шымкент уезінде Ферғана облысында өз мамандығы бойынша қызмет істеп,1913жылдан бастап Ташкент қаласындағы әйелдер босанатын үйдің бас дәрігері болған.Гүлсім Ташкент қаласынан қазақ,өзбек,қырғыз яғни түркі тілдерін білетін мамандарды оқытып үйрету үшін қыздарды оқытатын арнаулы акушерлік курс ашып,оған өзі сабақ берген.

Мектепте бірнеше жыл дербес жұмыс істеп көптген акушерлер даярлап отырған.Өмірінің соңғы күніне дейін Гүлсім осында жұмыс істеген.Гүлсім апамыз тек қатардағы дәрігер емес,педагогика саласында,қоғамдық істерде де көп қызмет атқарған адам.

Халық құрметтеген Гүлсім Ташкент қалалық кеңесіне бірнеше рет депутат болып сайланғандығын атап өткен жөн.

Сөйлем мүшелері.

Сөйлем мүшесі деп сөйлем құрамында тұрып, белгілі бір сұрауға жауап беретін толық мағыналы сөзді, сөз тіркесін не күрделі сөзді атаймыз. Сөйлем мүшелері сөйлемдегі маңызына, қызметіне қарай тұрлаулы мүшелер және тұрлаусыз мүшелер болып екі топқа бөлінеді.

Сөйлемде сөздер бір-бірімен грамматикалық байланысқа түсіп, белгілі мағынаны, ұғымды білдіріп, ой білдіруге себебін тигізіп тұрады. Сөйлем ішінде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түсіп, белгілі бір сұраққа жауап бере алатын мағыналы сөзді я сөз тізбегін сөйлем мүшесі дейміз. Сөйлем мүшелері атқаратын қызметі жағынан бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш болып беске бөлінеді. Олар сөйлем құрай алу қасиетіне байланысты тұрлаулы мүше және тұрлаусыз мүше болады. Бастауыш пен баяндауышты тұрлаулы мүшелер, ал анықтауышты, толықтауышты, пысықтауышты тұрлаусыз мүшелер дейміз. Бастауыш - сөйлемде атау септігінде тұрып, ойдың кім, не жайында екенін білдіріп, баяндауышпен қиыса байланысатын тұрлаулы мүше. Бастауыш кім? не? кімдер? нелер? кімім? нем? кімі? несі? және басқа сөз топтарының заттанып, атау септігіндегі сұрақтарына жауап береді. Бастауыш атау септігінде зат есім мен есімдіктен болады: Бәйге бригадаға берілді. Сіз өз басыңызды ғана ойламаңыз. (Ғ. Мұст) Атау септігінде тұрып заттанған басқа сөз топтары да (сын есім, зат есім, етістіктің есімше, тұйық етістік түрлері т.б.) бастауыш қызметін атқарады.

Баяндауыш - сөйлемде жіктеліп келіп бастауыштың қимылын іс-әрекетін, кім екенін білдіріп, онымен жақ жағынан, кейде жекеше, көпше (1-2 жақта) түрде қиыса байланысын қолданылатын тұрлаулы мүше. Баяндауыш не істеді? қайтті? неғылды? деген сұрақтарға жауап береді. Кейде сөйлемде бастауыш тасаланып жасырын да тұрады, ал оның қай сөз екенін баяндауыштан анықтауға болады.

Толықтауыш - сөйлемде атау мен іліктен басқа септіктердің бірінде тұрып, бір мүшені заттық мағына жағынан толықтырып тұратын тұрлаусыз мүше. Толықтауыштың сұрақтары: кімді? нені? кімге? неге? кімде? неде? кімнен? неден? кіммен? немен? кім (не) туралы жөнінде? кім (не) жайында?

Анықтауыш - сөйлемде зат есімнен болған не заттық мағынада қолданылған мүшені сын-сапалық, сан-мөлшерлік, меншіліктік–қатыстың жағынан анықтап тұратын тұрлаусыз мүше. Анықтауыш қандай? қай? кімнің? ненің? қайдағы? қашанғы? қанша? неше? нешінші? қайткенде? не еткенде? деген сұрақтардың біріне жауап береді. Құрамына қарай дара (қара), күрделі (қара көк) болып екіге бөлінеді.

Пысықтауыш - сөйлемде іс-әрекет, қимылдың жай-күйін, амалын, мөлшерін, мезгіл-мекенін, себеп-мақсатын білдіретін тұрлаусыз мүше. Пысықтауыш қалай? қайтіп? қашан? қайда? қайдан? неліктен? не себепті? кім үшін? не үшін? не істеуге? не мақсатпен? не арқылы? кім арқылы? неше рет? Деген сұрақтарға жауап береді. Пысықтауыш болатын сөз табы – үстеу. Сонымен бірге барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі зат есімдер,

кейде сын есім мен сан есім, етістіктің көсемше түрі барыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі сөз бен қарай, таман, шейін, дейін, бола, соң, кейін, ары, бері, бұрын бірге, қабат,қатар және септік тұлғасыз сөз бен арқылы, арқасында, үшін, сайын септеулік шылаулардың тіркесінен құралған тізбектер де пысықтауыш қызметін атқарады. Құрамына қарай дара (үшін), күрделі (ермек үшін) болып екіге бөлінеді. а) Қимыл-сын пысықтауыш қалай? қалайша? қайтіп? неше рет? не арқылы? ә) Мезгіл пысықтауыш қашан? қашаннан бері? қай кезде? қашанға шейін? б) Себеп пысықтауыш неліктен? не себепті? не үшін? в) Мақсат пысықтауыш не мақсатпен? неге бола? неге? не үшін?

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Тапсырма 1. Мамандық таңдау мен мамандық алу ара қашықтығы туралы ой толғау. Топ ішіндегі проблемалық сұрақтарға топпен жауап беру.

Тапсырма 2. Мәтін мазмұнын еске түсіріп, мына сөздердің аудармасын қайталаңыз. Сөйлем құраңыз.

Әйгілі адам- известный человек
данышпан философ- гениальный философ
денесінің құрылымы - строение тела
дәлелдеген – доказавший
мәңгілік еңбектері – вечные труды
ұлы дәрігер - великий врач
баға жетпес шығармалары- бесценные труды
аса құнды- очень ценные
тапқырлық – находчивость
құдіретті адам- могущественный человек

Тапсырма 3. Төменде Мұқағали Мақатаевтың «Болашақ дәрігерге» өлеңі көзқарасыңызды білдіріңіз.

Тоқта-тоқта, ей, жігіт, аялдағын,
Қане, қалай жағдайын, баяндағын.
... Тәжирибе мектебін өтіп жүрсең,
Дәрігерлік кәсіпке таянғаның.
Енді алдыңда тұрады тірі жандар
Бірі сүйіп, кім білсін, бірі қарғар ...
Қимылдамай кірпігі жатса-дағы,
Байқағайсың, шықпаған тірі жан бар.
Кәсібіңнен кетпегей жеріп мүлде,
(Ақыл айтып кеттім-ау, желіктім бе)
Өлгендерді тірілтем деп ойлағай
Денесінен жан ізде өліктің де.
Жолың болсын, бара ғой, айналайын,
Айналайын, қорғаушым, қарағадайым!
Кәсібіңе мен сенің басымды ием,
Басымды ием, несіне арланайын...

Тапсырма 4. Мағынасына қарай екі бағанды сәйкестендіріңіз.

Аурулар режімін, зиян келтіру мен қиянаттан бойымды аулақ ұстай отырып,	есіткенімді құпия есептеп, жан баласына айтпаймын.
Емдеу езінде, сондай-ақ емдемеген кезде де, адам өмірінің ішіндегі мүлдем жариялауға болмайтын жайларды көргенімді немесе	әдейі қиянат пен қастандық жасаудан, әсіресе әйелдер мен еркектер азат адамдар мен құлдар арасындағы махаббаттан аулақпын.

Қайсы үйге кірсем де аурудың қамын ойлаймын,	ең алдымен аурудың қамын ойлаймын.
Кез-келген адамға дәрігерлік көмегім қажет болғанда бас тартпай орындаймын,	адамгершілік атты ардан өзімді жоғары ұстаймын деп ант етемін.
Медицина жетістіктерімен үнемі танысып, дәрігерлік шеберлігімді үздіксіз дамытып,	шама-шарқымның барынша оларға пайдасы тиетіндей етіп жасаймын.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.
Жаңа тақырыпты бекіту: 15 мин
Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.
Сабақты қорытындылау: 10 мин.
Үйге тапсырма беру: 5 мин.
5.7. Бақылау: ауызша сұрақ жауап.
1. 1. 1.Алғашқы қазақ дәрігерлерінен кімдерді білесіз?
2. Алғашқы қазақ фельдшерлері қайда даярланып шықты?
3. С.Асфендияров кім? Қайда оқып білім алған?
4. Х.Досмұхамедұлы туралы не білесіз?
5. Ақын С.Торайғыровқа күрделі ота жасаған дәрігер кім?
6. Дәрігер М.Қарабаев медицинаның қай саласында еңбек етті?
7.«Мамандықты таңдауда ата-ананың пікірі маңызды» тақырыбында қарсы пікірлер келтіру.

№ 5 сабақ

5.1. Лексикалық тақырып: Кәсіби тақырыптық диалогтар. Емханада.Дәрігердің қабылдауында.
Грамматикалық тақырып: Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Бастауыш пен баяндауыштың қиысуы **.**
Сағат саны: 2 сағат 90 мин.
5.2. Мақсаты: дәрігерлер туралы мәліметтер жинақтап, байланыстыра отырып, ондағы жаңа сөздерді игерту, сөздермен сөйлем құрастырып, оларды тілдік қатынаста пайдалануға үйрету.
5.3. Оқу мақсаттары: білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.
Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.
Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.
5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:
1. Кәсіби тақырыптық диалогтар.
2. Емхана туралы мәлімет.
3. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері.
4. Бастауыш пен баяндауыштың қиысуы **.**

5. 5.Білім берудің және оқытудың әдістері: Шағын топпен жұмыс.
Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ

қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Кәсіби тақырыптық диалогтар.

Диалог - ғылымда танымдық процестің іздеген нәтижеге әр түрлі, бірақ бір-бірімен жарыспайтын көзқарастар, қатынастар, бағыттардың өзара байланысы жолымен жүзеге асырылатын прогрессивтік дамуының түрі ретінде көрінеді. Диалогиялық байланыс процесс диалогтің бір жағы ғана басқаның көзқарасын игеріп қоймайды, сонымен бірге өзінін идеяларымен дамытады және байытады, оны анықтайды, түзейді, жақсартады. Диалог – екі адам арасындағы сөйлеу әрекеті (егер сөйлеушілер екеуден көп болса онда полилог деп аталады). Монологтан айырмашылығы диалогта сөйлеумен қатар тыңдау механизмдері қатар жүреді.

Емхана

Емхана, (гр. *polis* – қала және клиника) – науқас адам келіп-кетіп емделетін және үйінде сырқаттанып қалған адамдарға медициналық көмек көрсететін, сондай-ақ, аурудың алдын алу шараларын жүргізетін мекеме. Емханада рентген, физиотерапия кабинеттері және басқа да арнайы кабинеттер мен лабораториялар болады.

Үлгісі:

Дәрігер мен науқас

Науқас:- Кіруге бола ма?
Дәрігер :- Кіріңіз.Мазаңызды алып жүрген не?
Науқас:- Әлсіздік пайда болды.Көп жүрсем аяқтарым , буындарым аурады, отырып – тұруым қиын.
Дәрігер:- Мен сізді қаруым керек. Тақтай төсекке шалқаныңыздан жатыңыз. Қолыңызды аяғыңызды созыңыз, мойныңызды бұрыңыз.Еңкейіңіз.Буындарыңыз ауыра ма?
Науқас:-Иә,буындарым сырқырап ауырады.
Дәрігер:-Толық шешініңіз,өкпеңізді тыңдайын.Денеңізді бос ұстаңыз.Терең демалыңыз.
Науқас:-Өкпем таза ма екен?
Дәрігер:-Өкпеңіз таза.Дегенмен сырқатыңыз бар.
Науқас:-Ем жазып бересіз бе?
Дәрігер:-Алдымен қаныңызды,нәжісіңізді ,зәрінді зерттанаға жіберемін,нәтижесін анықтаймын.
Науқас:-Жағдайым өте нашар ма?
Дәрігер:-Уайымдамаңыз,қауіпті ештене жоқ.
Науқас:-Мен жұмыс істейтін едім.
Дәрігер:-Мен сізге еңбекке жарамсыздық қағазын жазып беремін.
Науқас:-Қашан келейін.
Дәрігер:Сәрсенбі күні тексерілуге келесіз.
Науқас:-Рахмет, сау болыңыз!
Дәрігер:-Сау болыңыз! Кешіпкей келіңіз.

Тұрлаулы мүшелер

Тұрлаулы мүшелер - сөйлемге негіз болатын мүшелер. Тұрлаулы мүшелерге бастауыш пен баяндауыш жатады. Логикалық тұжырым бойынша, сөйлем – пікірге, бастауыш – субъектіге, баяндауыш – предикатқа негізделеді. Тұрлаулы мүшелер тек зат есім мен етістіктен ғана жасалмайды, олардың құрамында басқа сөз таптары да кездеседі. Бастауыш негізінен зат есімнен және зат есім мәніндегі сөз таптарынан жасалса, баяндауыш көбіне, етістіктен жасалуға бейім десек те, өзге есім сөз таптарынан да жасалады

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 20 мин.
Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау
Тапсырма 1. *Мәтінді оқып, орыс тіліне аударыңыз.*

Емдеу - сақтандыру мекемелерінің түрлері

Қоғамның басты байлығы – адам. Адамның басты байлығы - оның денсаулығы. Адам денсаулығы – бұл психикалық, физикалық және әлеуметтік әл-ауқаттың жиынтығы. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық сақтау құқығы Конституциямен бекітілген. Емдеу-сақтандыру мекемелерінде амбулаторлық көмек көрсетіледі. Оларға **амбулатория** немесе **фельдшер-акушерлік** пункт (ауылдық жерде), **дәрігерлік пункт (здравпункт), емхана, диспансерлер,** медициналық көмек көрсететін мамандандырылған **кеңестік-диагностикалық орталық, әйелдерге кеңес беру (консультациясы), жедел жәрдем станциясы** жатады.

Стационарлық медициналық көмек жүйелі бақылауды, емдеу мен тексерудің күрделі түрлерін қажет ететін науқастарға көрсетіледі.

Стационардың түрлері:

1.Аурухана медицина ғылымы мен техниканың соңғы жетістіктерінің негізінде тұрғындарға жоғары медициналық көмек көрсетеді. Аурухана көп салалы (әртүрлі ауруларды емдеу үшін) және мамандандырылған (инфекциялық, психиатриялық және т.б.) болуы мүмкін; облыстық және республикалық ауруханалар ауыл тұрғындарын жоғары сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз етеді.

2. *Госпиталь* – әскери немесе мүгедек адамдарды емдейтін аурухана.

3. *Клиника* – науқастарды емдеумен қатар студенттерді, дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлерді оқыту ісі және ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілетін ауруханалық мекеме.

4. *Шипажай* – науқастардың емін жалғастыратын стационарлық мекеме. Оларды минералдық сулары, емдік балшықтары бар жайлы климатты жерлерге салады.Ауруханалық мекемелер науқастарды стационар жағдайында емдеуге арналған. Белгілі бір аурумен (мысалы, туберкулезбен) сырқаттанатын науқастарды емдеуге арналған *бір салалы* (мамандандырылған) және құрамына әр түрлі (мысалы, терапевтік, хирургиялық, неврологиялық, эндокринологиялық және т.б.) бөлімшелер кіретін *көп салалы* ауруханалар болады. Ауруханаңың құрамына қабылдау, емдеу-диагностикалық, емдеу бөлімшелері, дәріхана және т.б. кіреді. *Мейірбикенің қызметтік міндеттер*і ең алдымен бөлімшенің түріне және оның бөлімшедегі жұмысының ерекшелігіне байланысты. *Қабылдау бөлімі, әкімшілік-шаруашылық бөлімі* және *емдеу бөлімшелері* ауруханаңың негізгі құрамдас бөліктері болып табылады. Емдеу бөлімшелеріне диагностикалық (нақтама) және емдеу бөлмелері, ота жасайтын (операциялық), емшаралық, таңу бөлмелері және мамандандырылған бөлімшелер, науқастар жататын бөлмелер кіреді.

Сөздікпен жұмыс

Мазаңызды алып жүрген – беспокоит
әлсіздік - слабость
буындар- суставы
шалқаңыздан – на спину
созыңыз – вытяните
еңкейіңіз – наклонитесь
терең демалыс
жағдай – состояние
уайымдамаңыз- не волнуйтесь
қауіпті- серьезный
еңбекке жарамсыздық қағазы – больничный листь
тексерілу –проверяться

Тапсырма 2. Көршіңізбен медбике мен науқас рөлінде сұхбат құрыңыз.

Тапсырма 3. Мақал- мәтелдерді оқып, түсініңіз. Есте сақтаңыз.

1. Денсаулық - зор байлық.
2. Тәні саудың жаны сау.
3. Емнің алды- еңбек.
4. Тазалық – саулық негізі, саулық –байлық негізі.
5. Ас тұрған жерде ауру тұрмайды.
6. Ауру желмен келіп, термен шығады.

Тапсырма 4. Мәтінмен жұмыс. Зейін қойып оқыңыз, түсініңіз, аударыңыз.

Ауру- ағзаның тіршілік ету, өніп-өсу қабілетінің бұзылуы.Ертедегі Рим дәрігері Гиппократ ауру денедегі 4 түрлі сұйық заттың (ал қызыл және қара қан, өт және жалқаяқ) өзара алмасып, өзгеруінен пайда болады еп есептеген. Әбу Али Ибин Сина аурудың сыртқы орта жағдайына байланысты болатынын және әр науқастың өзіне тән ерекше ем қолдану керек екенін айтқан.Ауру үш кезеңге бөлінеді: аурудың жасырын кезеңі, нағыз ауру кезеңі, айығу кезеңі.Ауруды анықтау , қызуын өлшеу , шалдығу себептерін сұрау, терісі, кілегей қабықтарын, бездерді, тыныс алу , ас қорыту , зәр шығару мүшелерін қолмен сипау,басып көру және арнаулы аспаптармен тексеру арқылы шешіледі. Адамның қаны , нәжісі, зәрі, қақырығы зертханаға жіберіледі, нәтижесі анықталады. Дәріген толық тексеріп болған соң ауруды анықтайды да , тиісті диагноз қояды.Қазақша ауру аттары ертеден белгілі.Кейбір ауру атаулары: баспа, соқырішек,демікпе, сарып, саз, сары ауру, көкжөтел, теміреткі, сал, бас сақинасы,шешек, қызылша, сіріспе, құрт ауру, сүзек, оба, шиқан, тырысқақ, бауыр ауруы, жүрек ауруы, бүйрек ауруы, асқазан ауруы т.б.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау : ауызша сұрақ жауап.

1.Дәрігер мен науқас арасында белгілі бір ауру бойынша сұхбат ұйымдастыру
2.Белгілі бір жүйе аурулары бойынша рөлдік ойындар өткізу
3.Белгілі бір жүйе бойынша іскерлік ойын құрастыру.
4.Белгілі бір жүйе аурулары жайлы мәліметтер келтіріп, жазбаша есеп (ақпарат) жазу.

№6 сабақ

5.1. Лексикалық тақырып: Мамандықтың кәсіби қазақ тілінде сөйлеу мәдениеті мен этикеті.

Грамматикалық тақырып: Бастауыш жасайтын сөз таптары.

Сағат саны: 2сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты:

-студенттерді мемлекеттік тілде салауатты өмір салты жайында әңгімелеуге үйрету;
- студенттерді тамақтану мәдениеті мәселелер жөнінде еркін тілдесуге үйрету;

5.3. Оқу мақсаттары:Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Сөйлеу мәдениеті туралы

2.Мамандықтың кәсіби қазақ тілінде сөйлеу мәдениеті мен этикеті**.**
3. Бастауыш жасайтын сөз таптары.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Студенттер екі топқа бөлінеді.

«Шыныққсаң-шымыр боласың» бағытымен дене тәрбиесі мен салауатты өмір қағидаттары туралы, студенттер тіл мәдениетін пайдалана отырып, ауызша жұмыстар атқарады.

Мамандықтың кәсіби қазақ тілінде сөйлеу мәдениеті мен этикеті.

Сөйлеу мәдениеті - қоғаммен қалыптасқан амандасу, өтініш жасау, ризалық білдіру сияқты этикет жағдайларын ұйымдастыруға мүмкіндік беретін тіл нормаларын, дайын тіл формулаларын қолдану. Мысалы, «қайырлы күн», «кешіруіңізді сұраймын», «Сізбен танысуға қуаныштымын» және т.б. Бұл тұрақты тіркестер әлеуметтік, жастық, психологиялық сипаттамаларға қатысты таңдалады. Өзара әсер ету тұрғысындағы қарым-қатынас негізіне адамдардың бір- бірімен байланыс орнатуы, белгілі бір ақпарат алмасуы арқылы өзара бірлескен іс-әрекетті жүзеге асыруы, ынтымақтастықты қалыптастыруы жатады. Өзара әсер ету қалпындағы қарым-қатынас еш кедергісіз жүруі үшін келесі кезеңдерден тұруы тиіс: 1) байланыс орнату (танысу). Бұл ретте өзге адамдарды түсіну ұғымы, өзін өзгеге таныстыру ескеріледі; 2) қарым-қатынас жағдаятына ыңғайлану, жағдаятты ой елегінен өткізу, кідірісті іріктей білу; 3) қажетті мәселені талқылау; 4) мәселені шешу; 5) байланысты сәтімен аяқтау. Қызмет бабындағы қарым-қатынас серіктестік бастамалар негізінде құрылып, өзара мұқтаждар мен қажеттіліктерден, істің мүдделерінен туындауы тиіс. Мұндай ынтымақтастық тұрғыдағы байланыс кәсіби 27 маманның белсенділігін арттырады, өндірістің, бизнестің технологиялық үдерісінің маңызды факторы болып табылады.

Этика моральдің қоғамдағы орнын, оның шығу тарихы мен мәнін т.б. мәселелерін зерттейді. Этика, мораль сөздерінің мағынасы қазақ тіліндегі адамгершілік ұғымына келіп саяды. Этиканың міндеті адам өмірінде кездесетін іс-әрекеттерді адамгершілік тұрғыда шешу мәселелерімен айналысу. Ал этикет этика ғылымы зерттейтін мораль ережелерінің бір бөлігі болып табылады. Этикет ұғымына адамдар өздерінің түрлі көзқарастарын білдіріп жатады. Этикетті қолдамайтындар мынандай пікір айтады: - Өздерін әдепті, сыпайы көрсететін адамдарды ұнатпаймын. Әдепті көріну үшін ғана өздерін сыпайы ұстайды. Ішкі жан дүниесі таза болса болды, ал сыртқы дүние ол – алдамшы. Солай жасау керек болғандықтан ғана сыпайы боласың, ол сенің өз еркің емес, сондықтан да ол жалған, екіжүзділік. Байқайсыз ба, барлық өтірік айтатындар, екіжүзділер сыпайы көрінеді. Ал этикетті жақтаушылар былай дейді: - Сіз дұрыс айтасыз, барлық өтірікшілер, екіжүзділер сыпайы көрінеді. Бірақ, бұл нені дәлелдейді? Бес саусақ бірдей емес дегендей, сыпайы адамдардың барлығы өтірікшілер емес қой. Ал өтірік айтушылар, екіжүзділер сыпайыгершілік өте керемет қасиет болғандықтан соның ығына тығылады. Этикет сөзінің шығу тарихы төмендегідей: Франция королі XIV Людовиктің қабылдауына келушілерге король сарайының арнайы қызметкерлері этикетка деп аталатын бір жапырақ қағаз беретін болған. Ол қағазда корольді қалай атау керек, оның алдында қалай сөйлеу керек, корольдің алдына барған кезде қандай қимыл жасауға болады, қандай қимыл жасауға болмайды, т.б. қысқаша әдеп ережесі жазылатын болған. Бұл этикеткаларды адамдар арасындағы қарым-қатынас пен норма ережелерінің алғашқы құжаты ретінде бағалауға болады.

Бастауыш жасайтын сөз таптары.

Сөйлемде есім (зат есім, сын есім, сан есім), есімдік, я, есімге айналған сөздер (есімше, тұйық етістік) әрі объектеніп субстантқа айналған (үстеу, одағай, шылау) сөздер дара тұрып та, күрделі тұрып та бастауыш болады.

1. Зат есімдердің бастауыш болуы Атау түріндегі , аяғы тәуелді жалғаулы я көптік жалғаулы зат есімдердің бастауыш болуы ең қалыпты нәрсе. Мысалы: Абай бұл сөздерді жақтырмай амалсыз тыңдап отыр. Оян жерлер тіпті төмендеп, қыраң жерлер тіпті биіктеп кеткендей. Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез. Көптік жалғаулы сөздің бастауыш болуына мысал: Жүргіншілер бұлақтың дәл қасына ең жақын қонған ауылға келе жатыр. Білім алушылардың ғылыми қоғамының бір үйірмесіне жазушылар шақырылды. Бұл сөзді естісімен Ырғызбайлар тағы шапқылап түні бойы қол жинады. Шоқыға шыққан жігіттер ентіге күлісіп, қалжың айтысты.

2. Сын есімдердің бастауыш бастауыш болуы Затқа айналған субстантталған сын есімнің бастауыш болуында да екі түрлі бар. Біріншіден, сын есім тура затты анықтамайтын болып, заттың орнына айтылуы керек. Екіншіден, сөйлем ішінде субъект болған сын есімнен басқа тағы бір сын есім я сын есімнен шыққан сөз болу керек. Бұл сонда ғана объектердің қайшылықтарының бірлігін көрсететін құбылыс болып табылады. Зат есім мен сын есім өздігінен қарсы тұра алмайды. Мысалы: «Жақсы кісі жалған айтпайды» десек, жақсы бастауыш болмайды, бастауыш кісі ғана болады. Егер, «жақсы жалған айтпайды» десек, жақсы бастауыш болады. Сын есім көптік жалғау арқылы да затқа айналып, бастауыш болады. Мысалы: Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек. (Абай). «Үйірімен үш тоғыз» деп жымыңдап, Жасы үлкендер жанына байлағанда. (Абай). Кейде сын есім тәуелді жалғауын жалғау арқылы затқа айналмай-ақ, бастауыш болады. Мұндайда сын есім затты анықтамайды, өйткені оның анықтамайтын сөзі бұрын келеді, орын ауысады. Мысалы: Қазақстандағы өзеннің үлкені – Ертіс. Түйенің үлкені көпірден таяқ жейді. (Мақал).

3. Сан есімдердің бастауыш болуы Сан есімдердің бастауыш болуы да сын есімдердікіндей, бірақ, өзгешелігі де жоқ емес. Атау қалпындағы сан есімдер артынан айтылған зат есім жоқ болса, зат есім орнында айтылып бастауыш болады. Мысалы: Сегіз – екіге бөлінеді. Екі жердегі екі – төрт. Кейде екі екі – төрт деп те айтылады. Мұндайда «екілердің» соңында зат есім барлығы да, негізінде болатындығы да сезілмейді. а) Сан есімнің жинақты түрлері де, оның тәуелдісі де бастауыш болады. Мұның бастауыш болуы өте қолайлы, себебі: бұл аяққы -ау, -еу жұрнағы арқылы затқа айналып, зат есімнің орнына жүреді. Мысалы: Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса, төбедегі келеді. (мақал). Екеуі қарауыл қарайды, біреуі шөпшек тереді. (жұмбақ). ә) Есепті сан есімнің тәуелді түрі де бастауыш болады. Мысалы: Аттың отызы ана бригадада. Мына жиырман бөлініп шық! б) Сан есімнің ретті түрі де бастауыш бола алады. Мысалы: Бірі тым ауыр, екіншісі тым шапшаң, ұрыншақ... в) Бөлшек сандардың бөлшегі мен көрсеткіші де тәуелді жалғауда тұрып, күрделі бастауыштың қызметін атқара алады. Мысалы: Колхоздың жүздеген тоқсан тоғызы бақша еге біледі. г) Сан есімнің шақты, шамалы шылауы бар түрі де, көптік түрі де тәуелді жалғау жалғанса, бастауыш қызметін атқарады. Мысалы: Сауын сиырдан мұнда жүз шамаласы қалар дейміз. Жігіттердің он шақтысы жаудың соңынан қуып кетті. Оқушылардың он шақтысы музыка үйренді. Сан есімдік мәні бар ондаған, бестеген сияқтылар да тәуелді жалғау арқылы бастауыш болады. Мысалы: Пионерлердің ондағаны ойын көрсетті.

4. Есімдіктердің бастауыш болуы Есімдіктер зат есімнен соңғы өздігінен өнімді бастауыш болатын сөз. Олар бастауыш болумен қатар, баяндауышқа тура сәулесін түсіреді. а) Жіктеу есімдіктерінің бастауыш болуы: Мен – балаң жарық күннен сәуле қуған. Біз оқытушы болуды арман еттік. Сен жаралы жолбарыс ең. Ол бір қызарып, бір ақшылданып, сұрлана түсіп, сөйлеп отыр. Олар да бұның жүзіне тегіс қарап қапты. ә) Сұрау есімдіктерінің бастауыш болуы: Кімі тантық, кімі паң. Кімдер сапар шекпеді, Туған елдің қамы үшін. Нелер

кетіп, не кетпес ер жігіттің басына. б) Сілтеу есімдіктерінің бастауыш болуы: Бұл – Тыржық деген бай екен. Бұл бір ащы мысқыл еді. Қонақтардың қасында бүгін де солар ғана болған. в) Өзіндік есімдіктің бастауыш болуы: Өзің қара артыңа – өткен өмір бейне түс. Менің өзім нашармын, Түрікпен аузым ашармын. г) Белгісіздік есімдіктің бастауыш болуы: Сәлде киген біреу отыр, ол молда болып шықты. Біреулер жата қалып, көз іліндіріп, біреулер құрғақ тағамдарын жеп, әркім өз шаруасына кірісіп жатыр. д) Болымсыздық есімдіктің бастауыш болуы: Оған осы отырған ешқайсымыз, әй, ештеңе қоса алмаймыз. Бірақ, ақшаға ешкім зат сатпайды. е) Жалпылық есімдігінің бастауыш болуы: - Кім еді мұның! – деп әркімдер таңдананйын деп еді. Осы үш жігітке ауыр хал-жағдайымызды айтып едім, әрқайсысы әртүрлі ақыл берді. Бәрі Есжанның қарамағындағы аттар. ж) Мөлшер есімдігінің бастауыш болуы: Жүктің бірсыпырасы тасылып болды. Әлі бұл аттардың бірнешесі (бірнешеуі) жолда қалады. Кейде есімдіктердің қатар келуінен, оның қайсысы бастауыш екенін айыру қиынға соғатын жайы бар. Мысалы: Мынау сіз жазған хат па? Бұл сөйлемдегі бастауыш – сілтеу есімдік мынау, ал сіз бастауыш емес, себебі, ол сіздің деген сөз, мұның тек қана жалғауы түсіп қалып тұр. Сол сияқты «Ол сен айтқан кітапты берген жоқ». Мұнда сен сенің-нің орнына тұр.

5. Етістіктен туған есімдердің бастауыш болуы Бұлар да орнына, мағынасына қарай бастауыш болады. Мысалы: Жаудан күту жақсылық – зарлыққанның салдары, Байдан күту жақсылық – тарыққанның салдары. Жазықтыны жазалау – заңның ісі. Жар сүю, жұрт мақтанарлық атақ табу – аз аз күннің аз ермегі уанатын. Көптен үйрене отырып, үйретуіміз де керек. Етістіктен зат есімге айналған сөз өзінен соң зат есім келген жағдайда анықтауыш болады да, зат есім тіркессіз жалаң өзі келген орында бастауыш болады. Мысалы: Жығылған адам күреске күреске тоймас. – Жығылған күресек тоймас. Бірақ әлі де білмегенім көп. Баққандары өзінің ғана құлқыны мен бақ-дәрежесі.

6. Етістіктердің бастауыш болуы Нақтылы етістіктер объектке айналып барып, бастауыш болады. Етістіктер де етістігі арқылы объектке айналады, бірақ ол үнемі сақтала бермейді. Мысалы: Көрдім – көп сөз. Бастауыш – көрдім. Мұның толық түрі: Көрдім деген көп сөз. Сендердің сүймейміндерің - сүйемін дегендерің. Тойдың болғанынан боладысы қызық.

7. Одағай, шылау, үстеу сөздердің бастауыш болуы Одағай, шылау, үстеулердің бастауыш болуы үшін де, олардың жұрнақ жалғап, басқа сөз табына айналуы я объектке айналуы шарт: а) «Түу» - одағай сөз. Бастауыш – «түу», ол объектеліп тұр. Аллаңнан ойбайым жақсы. «Әйт-шу» деген түйеге демеу. Жұманның «ohы-үhici»-ақ мезі қып бітті. ә) Бұл тастың қасындағы қайда? Бұл жерде «қасында» шылауы сынға айналып, объектеніп барып, бастауыш болып тұр. «Де» - жалғаулық шылау. Осы кісінің «яғниы»-ақ таусылмайды екен. б) Еріншектің ертеңі бітпес. «Ертеңі» объектенген үстеу. Қапанның «тіптісі» бітпейді. Күн бұрының жоқ демесең ортаңа түспей кететін нем болушы еді менің... Мезгіл үстеуі объектіге айналмай-ақ, бастауыш бола алады. Ол үшін бастауыш үстеуден соң я оның алдында салыстырмалы түрде тағы бір үстеу болу керек. Мысалы: Ертең бүгіннен ашық болады. Бастауыш – ертең. Бұл «ертең» субстанттанған затқа айналған сөз, зат есімнің орнында айтылып тұр.

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.
Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау
Өткен тақырыптарына шолу жасау.
Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин
Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.
Сабақты қорытындылау: 10 мин.
Үйге тапсырма беру: 5 мин.
5.7. Бақылау: ауызша сұрақ жауап
1. Тілдің ең басты қызметі не?

2. Сыпайылық дегенді қалай түсінесіз?
3. Мәдениетті адамның сөйлеу мәнері қандай болу керек?
4. Әдеп ережелерінің жиынтығы қалай аталады?
5. Айтуға ұят, мазмұны нашар, дөрекі сөздермен сөйлейтін адамдар кімдер ?
6. Үлкен кісілердің Мәке,Сәке, Жәке деген қысқартуларды қолдануы неліктен деп ойлайсыз?
7. Мәдениетті адамның сөйлеу мәнері тақырыбына мәтін құрастыру.
8. Бастауыш жасайтын сөз таптарын атаңыз.

№ 7 сабақ

5.1. Лексикалық тақырып: Адам ағзасы біртұтас құрылым.
Грамматикалық тақырып: Баяндауыш жасайтын сөз таптары.
Сағат саны: 2сағ. 90 мин.

5.2. Мақсаты: Адам ағзасындағы мүшелердің қызметі туралы оқушылардың білімін тексеру.
5.3. Оқу мақсаттары:Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.
Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.
Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4.Тақырыптың негізгі мәселелері:
1. . Адам ағзасындағы мүшелер туралы.
2. Адам ағзасындағы жүйелер туралы.
3. Адам ағзасындағы мүшелер туралы әңгімелеудегі тілдік оралымдар.
4. Адам ағзасындағы мүшелердің қызметі туралы.
5.5. Білім берудің және окытудың әдістері: шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Тақырып бойынша тапсырмалар:
1- тапсырма. Екі топқа бөлініп, төмендегі тақырыптарға шолу жасау.
I топтың тапсырмасы: Тірек-қимыл жүйесінің негізгі бөлімдері
II топтың тапсырмасы: Адамның қан айналым жүйесінің орталығы

Адам ағзасы біртұтас құрылым.

Адам деген – ардақты ат, қазақ халқы оны ежелден қастерлеп, табиғаттың ерекше сыйы деп бағалайды және кім деген сұрақ тек адамға ғана қойылады. Адамның ағзасындағы әрбір мүше белгілі бір қызмет атқарады. Дене мүшелері атқаратын қызметіне қарай бірнеше мүшелерден бірігіп, жүйе құрайды. *Қан айналу жүйесі* денедегі барлық мүшелерге оттегі мен қоректік заттарды жеткізіп тұрады.
Тыныс алу жүйесі мүшелеріне мұрын, көмей, кеңірдек, өкпе, бронхылар жатады. Ағзаның оттегін сіңіріп, көмірқышқыл газын бөліп отыруы осы тыныс алу жүйесінде өтеді. *Ас қорыту жүйесі* ауыз қуысынан басталады. Ас жұтқыншақ арқылы өңешке, одан асқазанға түсіп, ас қорыту бездерінің әсерінен ішек-қарын жолында қорытылады. *Зәр шығаружүйесі* мүшелеріне қос бүйрек, несепағар, қуық жатады. Бүйректе қан тазартылады, несеп түзіледі.

Жүйке жүйесі ми мен жұлыннан тұрады. Жүйке жүйесі мүшелердің жұмысын реттеп отырады және ағзаның біртұтастығын қамтамасыз етеді. *Тірек-қимыл жүйесі* қаңқа мен бұлшық еттен тұрады. Қаңқа – денедегі әр түрлі сүйектерден құралған мықты тірек. Сүйектерге бұлшық ет бекиді. Адам бұлшық еттің көмегімен жүреді, жүгіреді, әр түрлі қимылдар жасайды.Адам ағзасындағы *сезім мүшелерінің* де қызметі ерекше. Сезім мүшелеріне көру, есту, иіс сезу, дәм сезу, сипап сезу, тепе-теңдікті сезу жатады. Ағзадағы барлық жүйелер арасында әр түрлі жолдар мен өзектер арқылы үздіксіз кең көлемде мәлімет алмасу жүріп жатады. Бұл мәліметтер *қан, лимфа* және *гормон* арқылы жүреді. Адамның тіршілік әрекеттері жас кезеңдеріне сәйкес өзгеріп отырады. Өйткені дамудың әрбір сатысында өзіндік физиологиялық көрсеткіштер қалыптасады. Адам өмірі *құрсақта даму, балалық шақ* және *ересек жас* болып үш сатыға бөлінеді.

1.*Құрсақтағы* 2 айға жуық ***ұрықтық даму*** (эмбриогенез) және 2 айдан 9 айға дейін ***нәрестелік даму*** (фетогенез) кезеңдерінен тұрады.

II. *Балалық шақ* (құрсақтан тыс даму) бірнеше кезеңнен өтеді:

Жаңа туған (неонаталдық) кезең – туған күннен 4 аптаға дейін, бала қырқынан шыққанша созылады. Бұл кезеңде ағза сыртқы ортаның жаңа жағдайларына икемделеді.

Бөбектік шақ – бөбек өмірінің 1-жылы;

Сәбилік шақ – 1-3 жас аралығы;

Бүлдіршін шақ: 4-7 жас аралығы;

Естияр шақ: ұлдарда – 8-12 жас аралығы, қыздарда – 8-11-ге дейінгі жас аралығы;

Жеткіншектік – балиғаттық шақ: ұлдарда 13-16 жас аралығы, қыздарда 12-15 жас аралығы;

Жас өспірімдік шақ: *(бозбала)* жігіттерде 17-21 жас аралығы, *(бойжеткен)* қыздарда – 16-20 жасқа дейін.

Баяндауыш болатын сөз таптары

Етістіктер мына тұлғаларда айтылып, баяндауыш болады:

ашық райдағы етістіктер

Мысалы: Мен бір аса маңызды жұмыспен келіп отырмын.

бұйрық және қалау райларындағы етістіктер

Мысалы: Ғылым таппай мақтанба. Кел балалар оқылық. Ол сағат жетіге шейін қайтса игі еді.

тұйық етістіктің атау түрі мен жатыс жалғаулы түрі

Мысалы: Дұрыс жазуға үйренудің бір жолы — кітапты көп оқу.

есімшелер

Мысалы: Аяңшыл ат арымас

Есім сөздер (зат есім, сын есім, сан есім) және есімдіктер ешқандай жалғаусыз да, көптік, тәуелдік, жіктік жалғаулары және жатыс септік жалғауы қосылып та баяндауыш болып келе береді

Мысалы: Ердің сыншысы — елі

Мезгіл және мекен үстеулері (ілгері, кейін, жоғары, төмен, ертең, кеш, былтыр, күндіз т. б.) атау тұлғада, кейбіреулері жатыс септікте тұрып та баяндауыш болып келе береді

Мысалы: Киноға баруға уақыт тым кеш

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау

Тапсырма 1. Мәтінде кездескен төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріңіз.

Ардақты ат, қастерлеу, табиғаттың ерекше сыйы, атқаратын қызметіне қарай, бірнеше мүшелерден бірігу, жүйе,оттегін сіңіру, әр түрлі сүйектерден құралған, ас қорыту бездерінің әсері, мүшелердің жұмысын реттеу, тепе-теңдікті сезу, ағзаның біртұтастығы, тіршілік

әрекеттері, дамудың әрбір сатысы,қырқынан шыққанша, сыртқы орта, қалыптасу, тозу, қартаю, физиологиялық көрсеткіштер, ұзақ өмір сүрушілер, күрт төмендеу.

Тапсырма 2. Мәтінде кездескен төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінің аудармасын еске сақтаңыз.

Ағза – организм
құрсақ қуысы – брюшная полость
оттегі – кислород
бұлшық ет – мышцы
жұтқыншақ – глотка
өңеш – пищевод
кеңірдек – трахея
зәр, несеп – моча
несепағар – мочеточник
қуық – мочевой пузырь
без – желез
өзек – проток, серцевина икемделу – приспособиться
кәмелеттік – совершеннолетний; зрелый
естияр – повзрослевший
күрт – внезапно; резко

Тапсырма 3. *Мәтіннен төменде берілген қысқа ақпараттарды кеңейтіп толықтыратын үзінділерді табыңыз.*

Дене мүшелері атқаратын қызметіне қарай бірнеше мүшелерден бірігіп, жүйе құрайды.
Қаңқа – денедегі әр түрлі сүйектерден құралған мықты тірек.
Адам өмірі құрсақта даму, балалық шақ және ересек жас болып үш сатыға бөлінеді.
Балалық шақ бірнеше кезеңнен өтеді.
Ересек жасбірнеше кезеңнен құралады.
Адам ағзасындағы сезім мүшелерінің қызметі ерекше.
Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин
Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.
Сабақты қорытындылау: 10 мин.
Үйге тапсырма беру: 5 мин.
5.7. Бақылау: тест әзірлеу.
1. Әзірлеген тест тапсырмаларын топ болып орындау. Тесттің тиімділігіне қарай бағалау.
2. Баяндауыш жасайтын сөз таптарын атап беріңіз.

№ 8 сабақ

5.1. Лексикалық тақырып: Адам қаңқасы және оның зақымдануы.
Грамматикалық тақырып: Тұрлаусыз мүшелер.
Сағат саны: 2 сағат 90 мин.
5.2. Мақсаты:
- тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен қамтамасыз ету;
- студенттің тілдік қорын дамыту, тақырып бойынша мәтін құрауға үйрету.
- бұйыру, талап ету, қалау, өтініш мәнді сөйлем қызметі туралы түсінік беру.

5.3. Оқу мақсаттары:Білім алушылардың тілдік корын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.
Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.
Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:


1. Адам ағзасындағы мүшелер туралы.
2. Адам ағзасындағы мүшелер туралы әңгімелеудегі тілдік оралымдар.
3. Адам ағзасындағы мүшелердің қызметі туралы.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: презентация


Презентация студенттерге слайдтар, қағазда үлестірілетін материалдар, компьютер экранда анимациялық көріністерді бейнелеуге, дайындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар тақырыптарды еркін меңгеруге көмектеседі.

1- тапсырма. №1 суретке шолу жасау.




(1-сурет)


2-тапсырма: Төмендегі дене бөлшектерінің қазақша атауларын жазыңыздар.




(1-сурет)




(2-сурет)



(3-сурет)



(4-сурет)



(5-сурет)

Тұрлаусыз мүшелер

Тұрлаусыз мүшелер - сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінің айналасына топтасып, семантикалық жағынан кеңейтіп, толықтыратын мүшелер. Тұрлаусыз мүшелерді тіл білімінде үш топқа бөліп қарау қалыптасқан:

анықтауыш;
толықтауыш;
пысықтауыш.

Осылайша жіктеуде олардың тұрлаулы мүшелерге мағыналық қатынасы негізге алынады. Дегенмен, олардың қай сөз табынан болған мүшемен қатысы да ескеріледі. Мысалы, Ол шебер сөйледі. Ермек шебер ойыншы. Мұндағы шебер сөзі бірінші сөйлемде пысықтауыш, екінші сөйлемде анықтауыш қызметінде жұмсалып тұр. Толықтауыш пен пысықтауыш көбіне баяндауышпен, ал анықтауыш көбіне бастауышпен және субстантивтенген басқа мүшелермен байланысты болады десек те, тұрлаусыз мүшелер туралы мәселелер сөздердің тіркесуімен байланыста қаралғанда ғана шешімін табады.



Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.
Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау
1 тапсырма. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

... жұмысын реттеп отырады және ағзаның біртұтастығын қамтамасыз етеді.
... жас кезеңдеріне сәйкес өзгеріп отырады.
... атқаратын қызметіне қарай бірнеше мүшелерден бірігіп, жүйе құрайды.
... туған күннен 4 аптаға дейін, бала қырқынан шыққанша созылады.
... ағзаның құрылымы мен қызметі толық қалыптасады, іс-әрекеті белсенді және тиянақты болады.

Тапсырма 2. ***Берілген тұжырымдардың дұрыс не қате екенін анықтаңыз.***

Қан айналу жүйесі мүшелерге оттегі мен көмірқышқыл газын жеткізіп тұрады.
Тыныс алу жүйесі мүшелеріне мұрын, көмей, кеңірдек, өкпе, бронхылар жатады.
Бүйректе ас қорытылады.
Тірек-қимыл жүйесі қаңқа мен бұлшық еттен тұрады.
Қаңқа – денедегі бұлшық еттен құралған мықты тірек.
Адам бұлшық еттің көмегімен жүреді, жүгіреді, әр түрлі қимылдар жасайды.
Ас қорыту жүйесі мұрын қуысынан басталады.
Асты қорыту бездерінің әсерінен ас ішек-қарын жолында қорытылады.
Адам өмірі құрсақта даму, балалық шақ және ересектік шақ болып үш сатыға бөлінеді.
Ағзадағы барлық жүйелер арасында үздіксіз мәлімет алмасу жүріп жатады.
Адам өмірі тек қуаныш пен бақыттан тұрады.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.
Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин
Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.
Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.
5.7. Бақылау: талдау жұмысы
Сұрақтарға ауызша жауап беріңіз:
1. Адам қаңқаларына нелер жатады?
2 Адам қаңқасының зақымдануы дегеніміз не?
3.Адам қаңқаларының зақымдануы қалай жасалады?
4. Адам қаңқасы жайлы айтыңыз.
5. Тұрлаусыз мүшелерді атап беріңіз.

№ 9 сабақ

5.1. Лексикалық тақырып: Тірек қимыл жүйесі.
Грамматикалық тақырып: Толықтауыш. Тура және жанама толықтауыш. Толықтауыш жасайтын сөз таптары.

Сағат саны: 2 сағат 90 мин.
5.2. Мақсаты: Тірек – қимыл жүйесінің құрылысы мен қызметтері туралы жаңа анатомиялық-физиологиялық түсініктерді қалыптастыру, қаңқаның құрылыс мен қызметтері туралы білімдерін арттыру. Адамның тік жүруіне және еңбек етуіне байланысты қаңқасында пайда болған ерекшеліктерді анықтауға үйрету.
5.3. Оқу мақсаттары:Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.
Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.
Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыттау.

Сабақта оқытушы студентке мәселені көтеріп, қай бағытта жұмыс істеу керектігін сілтейді, әрі қарай студент жеке жұмыс жасайды.

Толықтауыш. Тура және жанама толықтауыш. Толықтауыш жасайтын сөз таптары.

Толықтауыш деп сөйлемде негізінде атау мен іліктен басқа септіктің бірінде тұрып, бір мүшені заттық мағына жағынан толықтыратын тұрлаусыз мүшені атаймыз. Толықтауыш *кімді? нені? кімге? неге? кімнен? неден? кімде? неде? кіммен? немен? кім (не) туралы? кім (не) жөнінде? не тақырыпты?* деген сұрауларға жауап береді. Толықтауыш болатын сөз таптары:

1.Зат есімнен болады.

2.Зат есім орнына қолданылған немесе заттық мағынаға ие болған есімдік, сан есім, сын есім, есімше, тұйық етістік, үстеу сөздерден болады.

3.Туралы, жөнінде, жайында деген шылаулардың бірімен тіркесіп келген сөздер етістіктен болған мүшенің алдында келсе, толықтауыш болады.

Толықтауыш та дара, күрделі және үйірлі болып келеді.

Жаңа сөздермен, сөз тіркестерімен жұмыс істеу, оқылым, грамматикалық тапсырмалар, сұхбат құрғызу, салыстыру, аударма жұмысын жасату, жағдаяттық тапсырма тесттік бақылау.

Толықтауыш мағынасына қарай:

Толықтауыш тұратын септіктер және толықтауыштың түрлері	Толықтауыштың сұрақтары	Мысалдар
Тура толықтауыш Табыс септігінде тұрып	Кімді? Нені?	Дикан нанын жейді, Жалқау арын жейді.
Жанама толықтауыштар Барыс септігінде Жатыс септігінде Шығыс септігінде Көмектес септігінде	 Кімге? Неге? Кімде? Неде? Кімнен? Неден? Кіммен? Немен?	 Жалқауға күнде той. Әзілде кек жоқ, Өсекте шек жоқ Құр сөзден мән шықпайды Наданмен дос болғанша, Кітаппен дос бол.

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау

1- тапсырма. *Жазылған мәтінді негізге ала отырып, студенттер алғашқы дәрігерлік көмек көрсетудің тәсілдері бойынша жұмыстар атқарады:*

Алғашқы дәрігерлік көмектің міндеті – жарақаттанған адамның өмірін сақтап қалудың қарапайым шараларын жасау; көп қиналудан, асқынып кетуден сақтау; жарақат және ауру зардаптарын жеңілдетуге мүмкіндік жасау.

2- тапсырма. ***Сөйлемдерді толықтырыңыз.***

1) ... ағзаның тірегі, ал бұлшық ет қимыл-қозғалысты қамтамасыз етеді.
2) ... мен жауырын бірігіп иық белдеуін құрайды.
3) ... тұлғаны алға, артқа, бүйіріне қарай иіп-қозғалту арқылы түрлі қимылға келтіреді.
4) ... жілік деп аталады, жілік денеге таяныш болады.
5) ... басқа бөлімнің омыртқаларымен салыстырғанда жалпақ, әрі үлкен.

6) ... қаңқасы омыртқа жотасы мен қабырғалар және төссүйектен тұрады.
7) ... ұзындығы мен ені әр түрлі, бұларға жауырын, бассүйек, қабырға, төс, жамбас сүйектері жатады.

3- тапсырма. ***Тірек-қимыл жүйесінің мүшелеріне қатысты фразалық тіркестердің беретін мағыналарын сәйкестендіріп, олармен сөйлем құрыңыз.***

а	*Иыққа шығу*	*1*	*жақын жер*
ә	*Аяғы ауыр*	*2*	*жалқаулығы ұстау, еріну*
б	*Қол созым жер*	*3*	*бір нәрсенің көптігінен аяқ басуға болмайды*
в	*Мойны жар бермеу*	*4*	*екіқабат, жүкті болу*
г	*Аяқ алып жүргісіз*	*5*	*соңынан қалмау*
ғ	*Басын айналдыру*	*6*	*басыну, менсінбеу*

Өткен тақырыптарына шолу жасау.
Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин
Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.
Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.
5.7. Бақылау: ауызша сұрақ жауап.
Бас сүйегі қандай сүйектерден тұрады?
Ми сауытына қандай сүйектер жатады?
Бет сүйектері қандай сүйектерден тұрады?
Тұлға қаңқасы нелерден тұрады?
Омыртқа жотасы қалай бөлінеді?
Омыртқа жотасы неше омыртқадан тұрады?
Иық белдеуі нелерден тұрады?
Жамбас белдеуі неден тұрады?
Толықтауыш дегеніміз не?
Тура және жанама толықтауыштың жасалу жолдары.
Толықтауыш жасайтын сөз таптары.

№ 10 сабақ

5.1. Лексикалық тақырып: Тірек қимылға қатысатын мүшелердің аурулары.
Грамматикалық тақырып: Анықтауыш. Анықтауыш жасайтын сөз таптары.
Сағат саны: 2 сағат 90 мин.
5.2. Мақсаты: Тірек – қимыл жүйесінің құрылысы мен қызметтері туралы жаңа анатомиялық-физиологиялық түсініктерді қалыптастыру, қаңқаның құрылыс мен қызметтері туралы білімдерін арттыру. Адамның тік жүруіне және еңбек етуіне байланысты қаңқасында пайда болған ерекшеліктерді анықтауға үйрету.
5.3. Оқу мақсаттары:Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.
Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.
Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:
1. Тірек қимыл жүйесі туралы мәлімет.
2. Артрит ауруы.
3. Бруцеллез ауруы.
4. Анықтауыш.
5. Анықтауыш жасайтын сөз таптары.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері : шағын топпен жұмыс жасау.

Шағын топпен жұмыс – білім алушылар өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Тірек қимылға қатысатын мүшелердің аурулары.

Артрит – (грек тілінен аударғанда буын деген мағынаны береді) буын ауруы. Артрит болған адамның буыны сырқырап ауырады. Кейде ол қызарып, ісінуі де мүмкін. Артрит бір ғана буында немесе бірнеше буында болуы мүкін. Артриттің қауырт түрінде науқас адамның кенеттен дене қызуы көтеріліп, буыны өте қатты сырқырап ауырады. Кейде ауру баяу басталып созылмалы түрге айналады. Артрит асқынған жағдайда да қызу көтерілуімен қатар буын арасына сұйық зат жиналады. Буынның сырт пішіні өзгеріп, қозғалысы нашарлайды. Артрит негізінен құяң, туберкулез, соз, бруцеллез, дизентерия, мерез, тұмау т.б. жұқпалы аурулардың салдарынан пайда болады. Сонымен қатар жасы қырықтан асқан адамдар да, артрит ағзадағы зат алмасуының бұзылуынан, кәсіптік аурулардың саладарынан да болады. Артриттің бұл түрі Артроз деп аталады. **Емі:** Артритке себеп болған жұқпалы ауруды дәрі – дәрмекпен, хирургиялық, физиотерапиялық тәсілдермен және курортта жату арқылы емдеулер жүргізу.

Бруцеллез антропозооноздар қатарына жататын жұқпалы аурулардың бір түрі. Ол негізінен жануарлар арасында кездесіп, олардан адамға жұғады.Бұл аурудың қоздырушысын Брюс 1886 жылы Мальта қазбасы деп аталатын аурудан өлген солдаттың көк бауырынан бөліп алған. Кейін осы қоздырушылар руцеллалар деп аталған. Олардың үш түрін ажыратады. 1. Қой – ешкі бруцеллезін қозырушы. 2. Сиыр бруцеллезін қоздырушы. 3. Шошқаларды зақымдайтын түрі. Адамдар да негізінен бруцеллалардың бірінші түрі кездеседі (93,3 %). Инфекция көбінесе ауру малдың сүтін немесе сүт өнімдерін, етін пайдаланғанда жұғады. Мал шаруашылығымен айналысатын кісілерге, мал мамандарына бруцеллез жарақаттанған тері және шырышты қабаттар арқылы да өтуі ықтимал. Осы мамандар үшін бруцеллез кәсіптік ауру қатарына жатып шопандардың 25 – 100%, ветеринария қызметкерлерінің 20 – 65% бруцеллез инфекциясы болып табылады.

Ағзаға түскен бруцеллалар аймақтық лимфа түйіндерінде жиналып 5 – 10 күн бойы көбейеді. Кейін қанға өтіп (бактерия кезеңі) бауырда, көкбауырда, сүйек майында кідіріп бекіншілік ошақтарды түзіп, сол жерден әрі қарай таралады. Қанға түскен бруцеллаларды нитофилді лейкоциттер, моноциттер және макрофактар жұтып алады. Бірақ фагоцитоз процесі толық толық болмайды – бруцеллалар айтылған фагоциттер ішінде көпке дейін тірі сақталады. Тіпті өніп өсе алады. Лейкоциттер өлгенде бруцеллалар айналасында пайда болған фагосомалар қанға өтіп инфекцияның таралып кетуіне мүмкіндік жасайды. Бруцеллезде дамитын көптеген патологиялық құбылыстар ағзаның бруцеллез антигендерінде қарсы сезімталдығының артуымен және осыған байланысты аллергиялық реакциялардың пайда болуымен сипатталады. Аурудың ағымы да ағзаның реактивтңгңне тәуелді. Кллиникикада бруцеллездің жітілеу және созылмалы түрлерін ажыратады.

Анықтауыш. Анықтауыш жасайтын сөз таптары.

Анықтауыш деп сөйлемде негізінде зат есімнен болған мүшені сын, сапа, сан, мөлшер және меншіктік жағынан сипаттайтын тұрлаусыз мүшені айтады. Анықтауыштар *қандай?*

қай? қайдағы? (недегі?) қашанғы? ненің? қанша? неше? қайткен? не еткен? деген сұраулардың біріне жауап береді. Ол ирекпен белгіленеді.

Анықтауыш болатын сөз таптары:

Негізгі, туынды сын есімдер анықтауыш болады:
Мысалы: *Ақ сары ат доп болып ішін тартқан*
Зат есімнен болады:
Мысалы: *Қой қораның алдында электр моторының дүбірін естіді.*
Сан есімнен болады:
Мысалы: *Жаңадан екі үй құрылып жатыр*
Есімдіктен болады:
Мысалы: *Оспан мына қимылға тіпті сүйсініп кетті*
Етістіктің есімше түрінен болады:
Мысалы: *Оқыған кітаптарым мені іске бастады*
Ілік септік жалғауы жалғанған сөздер анықтауыштың қызметін атқарады
Мысалы: *Көптің ісінде береке бар. Талаптанғанның еңбегі жанады.*
Өткен тақырыптарына шолу жасау.
Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин
Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.
Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5мин.
5.7.Бақылау: сөздік жұмысы, ауызша сұрақ жауап.
1. Тірек қимылға қатысатын мүшелердің ауруларын атаңыз?
2.Бруцеллез қандай ауру?
3.Бруцеллездің болдырмау жолдары қандай?
4.Артрит дегеніміз не?
5. Анықтауыштың анықтамасы.
6.Анықтауыш жасайтын сөз таптары.

№ 11 сабақ

5.1.Лексикалық тақырып: Алғашқы медициналық көмек.
Грамматикалық тақырып: Пысықтауыш және оның мағыналық түрлері.
Сағат саны: 2 сағат 90 мин.
5.2. Мақсаты: Тілдесу арқылы адамның ой-санасы өсетінін түсіндіру арқылы ой - өрістерін жетілдіру.
5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.
Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.
Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.
5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:
1. Алғашқы медициналық көмек.
2. Жарақаттану және қан кету кезінде көрсетілетін алғашқы медициналық жәрдем
3. Суға бату кезінде көрсетілетін көмек
4. Дәрігер келгенше жасалатын алғашқы көмек
5. Улы жыландар шаққанда көрсетілетін көмек

6. Үсіген кезде көрсетілетін алғашқы жәрдем.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері: семинар сабағы.

Алғашқы медициналық көмек.

Алғашқы медициналық көмектің негізгі мақсаты – адам өмірін құтқару. Ең бастысы – алғашқы секундтарда дұрыс әрекет етуге үйрену, дәрігерлер келгенше апатқа ұшыраған адамның өмірін сақтап қалу. Келесі кеңестер өзіңізге, жолдасыңызға басқа да көмекті қажет ететін кез келген адамға алғашқы көмекті дұрыс көрсете алуға септігін тигізеді.

Ең алдымен адамды қайғылы жағдай болған жерден алып шығыңыз, оның өміріне қауіпті жағдайды (талып қалу, бастырылып немесе қысылып қалу, қан тоқтамау) жойыңыз; жарақатының қандай дәрежеде екенін, көлікпен немесе жаяу тасымалдауға келетін-келмейтінін көріңіз; қауіпсіз, медициналық көмек көрсетуге қолайлы жерге апарыңыз; алғашқы медициналық көмек көрсетіңіз.

Жарақаттану және қан кету кезінде көрсетілетін алғашқы медициналық жәрдем

Жарақаттану кезіндегі алғашкы медициналык жәрдем (АМЖ) көрсетудің мақсаты — уакытша болса да қан тоқтату , жараны ластанудан және оған микробтардың түсуінен сақтау, зардап шегушінің ауруын бәсеңдету. Алдымен жарақаты бар дене бөлігі жалаңаштандырылады. Киім не аяк киімді ақырын шешеді, кейде оны тігісі бойынша сөгеді. Жараны саусақпен немесе аспаппен қарауға тыйым салынады. Асептика ережелерін қатаң сактау керек.Қан кетуді тоқтату мен жараға микробтардың түсуін болдырмау көбіне жараға стерильді (асептикалық) таңғыш кою арқылы жүзеге асады. Мұның алдына жара шетіне 2 рет йодтың спиртті ерітіндісін жағады, ал ол жоқ болса, шетін этиль спиртімен, арақпен немесе одеколонмен сүртеді. Жара бетіндегі киім жыртындыларын немесе басқа денелерді (бос жаткан) еппен жара бетіне тигізбей алады. Теренде жатқан баска заттарды алмау керек, өйткені ол қан кетуді күшейтіп, жұқпа түсіруі мүмкін. Жараны жууға тыйым салынады. Жараға таңғыш коюға жеке танғыш пакеттер (ЖТП) немесе алдын- ала дайындалған стерильді таңғыштар қолайлы.

Суға бату кезінде көрсетілетін көмек

Алғашқы көмек көрсету: 1.Зардап шеккенге алғашқы көмекті судан көтеріп, жағаға немесе катерге жеткізу, жағдайын толық білу қажет.

2.Есі болса, үстін құрғатып сүртіп, жылы жерге әкеліп, ыстық шай, кофе немесе шарап беру керек.

3.Ал егер, зардап шеккен адам көп уақыт бойы су астында қалып, ессіз жатса, егер ол тұншығып (асфиксия) немесе клиникалық өлім жағдайында болса, дереу дәрігер шақыру керек.

Дәрігер келгенше жасалатын алғашқы көмек

1.Зардап шеккен адамды шешіндіріп, оның ауыз-мұрнын лай-құмнан тазартыңыз.

2.Таза орамалдан істелген білекше немесе кесек ағаш салу керек;

3.Тез арада өкпеге жасанды дем беруге кірісу керек.

4. Зардап шеккенді етбетінен жатқызып, аяқтарын иіп, кеудені қырынан қысып (10-15 секунд ішінде) осыдан кейін зардап шеккенді арқасына аударады.

5.Егер тістерін аша алмаса, ауызын қолмен ашып, арнаулы «Ауыздан мұрынға» әдісімен жасанды дем береді.

Ауыздан ауызға жасанды дем беру техникасы.

1. Зардап шеккеннің қаптал жағынан тұру керек;
2.Бір қолды зардап шеккеннің маңдайына, екінші қолды иегіне қойып, басын шалқайтып, төменгі жақты жоғарғы жаққа көтеріп, қысу керек.
3. Саусақтармен иегін ұстап, төменгі ерінді қысып зардап шеккеннің ауызын жабу керек;

4. Ауаны терең алып зардап шеккеннің мұрнын ауызбен жауып «ауа шықпайтын күмбез» жасау қажет;
5.Зардап шеккеннің мұрнына қатты дем жіберу керек.Адамның аузын саусаққа мата орап алып тазалайды. Ашу қиындаса, төмендегі жақты басу керек. Тыныс жолдарын судан тазалау үшін арнаулы сорғыш қолданылады..

Улы жыландар шаққанда көрсетілетін көмек

Жергілікті және жалпы жыландардың шаққандағы анықтауы-шаққан жердің қатты ауырып, соның маңайындағы терінің еті қызарып, тері астындағы қаны ұйып қалады.Бас айналып, жүрегі айнып, тез әлсірейді.Қан қысымынын төмендеуінен талып қалуы мүмкін. Жылан шаққанан кейін алғашқы секундтарда саусақтармен басып жараны ашыңыз,содан кейін уды ауызбенен соруды бастаңыз.Жәбірленуші адамның шаққан жерін қозғамай дәрілеп,ісіктін даму дәрежесіне байланысты кезеңді түрде босатуға мүмкіндік болатын стерильді танғыш салу керек және ол жұмсақ тіндерге баптау қажет.Жәбірленуші адамды жақында орналасқан медициналық мекемеге жедел түрде зембілдерді қолданып апаруға тырысыңыз.

Үсіген кезде көрсетілетін алғашқы жәрдем.

Тері үсіген кезде теріде ақ дақтар пайда болады, тері еш нәрсені сезбейді. Мұрын, құлақ, бетүсігенде жұмсақ матамен ептеп ысқылайды. Үсіген жерді қармен ысқылауға болмайды, өйткені қар түйіршіктері үсіген теріні жарақаттап жіберуі мүмкін. Үсіген жердің сезімталдығы қалпына келмесе, тез арада қаралу қажет. Қолы немесе аяғы қатты үсіген адамды жылы бөлмеге жатқызып, үсіген жерді жылы затпен орап тастау керек. Үсіген жердің жайлап жылығаны пайдалы. Терісі үсіген адамға жылытатын сусындар ішкізу керек.

Пысықтауыш және оның мағыналық түрлері.

Пысықтауыш деп сөйлемде іс-әрекеттің жай-күйін, сын-сипатын, мөлшерін, мезгіл-мекенін, себеп-мақсатын білдіретін тұрлаусыз мүшені атаймыз. Пысықтауыштардың сұраулары: *қашан? қайда? (қалай қарай?) қайдан? қалай? қайтіп? не себептен? неліктен? кім үшін? не үшін? не істеуге? не қылуға? не мақсатпен? не арқылы? кім арқылы? ненің арқасында? кімнің арқасында? не сайын? кім сайын? қанша? қанша уақыт? неше рет?*

Пысықтауыш болатын сөз таптары:

1. Үстеуден болады.
2. Сын есімнен болады.
3. Сан есімнен болады.
4. Көсемшелер сөйлемде *қайтіп? қалай? не мақсатпен?* деген сұрақтарға жауап берсе, пысықтауыш болады.
5. Барыс, жатыс, шығыс және көмектес септіктерінде тұрған сөздер мекен, бет алыс-бағыт, сын-қимыл мағыналарын білдіріп, *қайда? қайдан? қашан? қалай?* деген сұрауларға жауап берсе, пысықтауыш болады.
6. Мезгілге байланысты зат есімдер тәуелдік жалғау я шылау тіркесу арқылы, кейде оларсыз да, басқа сөздермен бірігіп те пысықтауыш болады.
   Барыс септіктегі кейбір сөздерден кейін *шейін (дейін), бола, қарай, таман* сияқты шылаулардың бірі тіркесіп пысықтауыш болады.
   Кейбір шығыс септіктегі сөздердің соңынан *соң, кейін, ары, бері, қарай, бұрын* сияқты шылаулардың бірі тіркесіп, пысықтауыш болады.
   Кейбір көмектес септіктегі сөздердің соңынан *бірге, қабат, қатар* сияқты шылаулардың бірі тіркесіп, пысықтауыш болады. кейбір сөздерге *арқылы, арқасында, үшін, сайын* шылаулары тіркесіп келіп, пысықтауыш жасайды.

Пысықтауыштың мағыналық түрлері.

1. Мезгіл пысықтауыш. Қашан? Қай кезде? Қай уақытта? Ол бүгін келеді. Таңертеңгі шайдан соң Абай әкесіне келді.
2. Мекен пысықтауыш. Қайда? Қай жерде? Қай жақта? Қайдан? Әжесі үйде қалды. Қайсар биыл мектепке барады. Біз қала маңынан келдік.
3. Мақсат пысықтауыш. Кім үшін? Не үшін? Неге? Қандай мақсатпен? Сәуле зат алғалы келді. Ол әдейі кірді. Мен осыны айту үшін сөйлестім.
4. Амал пысықтауыш. Қалай? Қайтіп? Қалайша? Жиналыста шапшаң сөйледі. Бала жүгіре - жүгіре шаршады. Бұл сөзді естігенде, ол сылқ - сылқ күлді.
5. Себеп пысықтауыш. Неліктен? Не себептен? Сен түсінбегендіктен айта алмадық. Ол қуанғаннан қозғалмай қалды.
6. Мөлшер пысықтауыш. Қанша? Қалай? Сабақта ұзақ сөйледі. Емтиханға жаппай кірді. Тақтайды ұзын кес.

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау

1 тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз

1. Алғашқы медициналық көмектің негізгі мақсаты не?
2. Алғашқы медициналық көмекті қалай көрсетеді?
3. Адамды жыландардың шаққандығын қалай анықтаймыз?
4. Жылан шаққан адамға қандай дәрігерлік көмек көрсетесің?

Сөздікпен жұмыс

1.Өмірін құтқару-оберегать жизнь
әрекет етуге үйрену- научиться навыкам
Кеңестер- советы қайғылы жағдай- несчастный случай
Қауіпті жағдай- опасный случай талып қалу-обморок
Қысылып қалу- отдышка қан тоқтамау-кровоизлияния

Тапсырма 2. Қазақ тіліндегі «Сыныктан өзгенің бәрі жұғады», «Бас жарылса, бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде» деген мақалалардың мәнін түсіндіру

Тапсырма 3. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріңіз және синонимдік қатарын көрсету.

Оқыс қимылдағанда, буын ойысынан шығу, буын пішіні өзгеру, қолды қозғалту, аяқты қозғалту, қозғалту қиындайды, таңу, орамалмен таңу, мұз салған құты, зардап шеккен адам, емханаға жеткізу, ашық сынық, жабық сынық, жарақаттанған жер, етпетінен жату, шалқасынан жату, басын көтеру, басын аздап көтеру, жедел дәрігер шақыру, емханаға жеткізу.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: жаттығумен жұмыс

1 - топ. Жұмбақтан үстеуді табу, сұрақ қою.
Түнде бармын, кешке жоқпын.
2 - топ. Өлең жолдарынан үстеуді табу, сұрақ қою.
Жоғары, төмен үйрек - қаз,
Ұшып тұрса сымпылдап.
Қыз - келіншек үй тігер,
Бұрыла басып былқылдап.
3 - топ. Мақалдан үстеуді табу, сұрақ қою.

Ағаш кессең, ұзын кес – қысқартуың оңай,
Темір кессең, қысқа кес – ұзартуың оңай.

№ 12 сабақ

5.1.Лексикалық тақырып: Тыныс алу жолдары.
Грамматикалық тақырып: Құрмалас сөйлем және оның түрлері. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің айырмашылығы.
Сағат саны: 2 сағат 90 мин.
5.2. Мақсаты: тыныс алу жүйесі туралы мәтінді пайдалана отырып, әңгіме-сұхбат құрғызу, тыныс алу жүйесі туралы мәтінінің мазмұнын жүйелі баяндауға үйрету.
5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.
Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.
Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.
5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:
1. Тыныс алу жүйесінің ағзалары туралы;
2. «Дәрігер алдында» тақырыбында диалог құрастыру;
3. Тыныс алу жүйесінің аурулары қандай?
4. Баспа ауруының асқынуы;
5. Тұмау ауруының таралуы жайында.
6. Құрмалас сөйлем және оның түрлері.
7. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің айырмашылығы.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Тыныс алу жолдары

Тыныс алу дегеніміз – ағза және сыртқы орта аралығындағы газ алмасу үрдісі. Ағза оттегіні сіңіріп, көмір қышқыл газын бөліп отырады. Адам оттегісіз өмір сүре алмайды. Оттегі жасушалар мен ұлпалардың тыныс алуы мен өз қызметтерін атқаруы үшін қажет. Тыныс алу жүйесі оттегін қан айналу жүйесіне өткізеді. Ал оттегі қанның құрамындағы гемоглобинмен бүкіл денеге таралады.Тыныс алу мүшелеріне мұрын қуысы, аңқа, көмей немесе көмекей, кеңірдек, өкпе және бронхылар жатады. Тыныс алу мүшелері тыныс алу, газ алмасу, дыбыс шығару қызметтерін атқарады. Тыныс алу жолы *мұрын қуысынан* басталады. Мұрын қуысының жоғарғы, төменгі және екі бүйір қабырғалары болады. Жоғарғы қабырғасы мұрын сүйектері мен шеміршектерден түзіледі. Мұрынның ортаңғы пердесі мұрын қуысын тең екі бөлікке бөледі. Мұрын қуысының ішкі қабырғасын шырышты қабықша астарлайды. Онда көптеген қан тамырлары, бездер және түкті эпителий орналасқан. Мұрын қуысы тыныс алу және иіс сезу бөлімдеріне бөлінеді. Мұрында ауа залалсызданады, ылғалданады және жылынады. Мұрын қуысынан ауа аңқаға, одан кейін көмейге (көмекейге) барады, көмейден кеңірдекке өтеді. *Көмей* (көмекей) – мойынның алдыңғы жағында орналасқан іші қуыс шеміршекті мүше. Оның ішкі бетін кілегейлі қабықша астарлап жатады. Қабырғасы шеміршектерден түзілген. Шеміршектер бір-бірімен жартылай қозғалмалы байланысқан. Шеміршектердің арасында – 2 дыбыс сіңірлері болады, олар да шеміршекке бекиді. Ер адам

көмекейінің орташа ұзындығы 44 мм. Әйелдердің көмекейі кішілеу, дыбыс сіңірлері қысқа болғандықтан, дауысы жіңішке болады, оның орташа ұзындығы 36 мм. *Кеңірдек* – көмейдің жалғасы, іші қуыс түтік пішінді шеміршекті мүше. Оның ұзындығы шамамен 9-12 см, диаметрі 15-18 мм. Кеңірдек доға тәрізді, 16-20 шеміршекті сақиналардан тұрады Кеңірдек бесінші арқа омыртқасының тұсынан оң және сол жақ өкпеге баратын 2 бронхыға тармақталады.

Бронхы (грекше «bronchus» – тыныс алқымы) кеңірдектің жалғасы. Ішкі беті шырышты қабықшамен қапталған. Бронхылар оң және сол өкпеге кіреді. Өкпеде олар өте көп тармақтарға бөлінген. Ең жіңішке тармақтары *бронхиолдар* (грекше «bronchioli» – кішірею) деп аталады. Бронхиолдардың ұштары шоғырланып, іші ауаға толы өкпе көпіршіктерімен (альвеолалармен) аяқталады. *Альвеоланың* (латынша «alveolus» – ұяшық, көпіршік, қуыс) диаметрі 0,2–0,3 мм, қабырғалары бір қабат эпителий жасушаларынан тұрады. Көпіршіктердің саны 300-350 миллиондай.

Өкпелер кеуде қуысында орналасады. Әр өкпе өкпеқаппен қапталған. Ерлердің өкпесінің биіктігі 27-30 см, әйелдердікі 21-23 см. Оң жақ өкпе сол жақ өкпеден үлкендеу болады. Оң өкпе 3 бөлікке, сол өкпе 2 бөлікке бөлінген. Ересек адам өкпесінің тіршілік сыйымдылығы 3500 $см^3$. Адам минутына орта есеппен 16-18 рет тыныс алады. Осы мезгілде өкпе 8 л. ауа өткізіп, адам өміріне аса қажет газ алмасуды қамтамасыз етеді.

Құрмалас сөйлем

Құрмалас сөйлем — екі немесе бірнеше жай сөйлемнен құралып, күрделі ойды білдіретін, мағыналық жағынан өзара байланысты біртұтас сөйлем. Қызметі жағынан оның жай сөйлемнен өзгешелігі жоқ, екеуі де ойды екінші бір адамға білдірудің құралы. Құрмалас сөйлем жасалу жолына қарай үш түрге бөлінеді: а) Салалас құрмалас сөйлем; ә) Сабақтас құрмалас сөйлем; б) Аралас құрмалас сөйлем. Құрмалас сөйлемнің белгілері: кем дегенде екі жай сөйлемнен (синтаксистік компоненттен) құралып, әр сөйлемінде предикаттық қатынас болады. Кей жағдайда бастауыш айтылмағанымен, баяндауыш арқылы білініп тұрады. Ал құрмалас құрамындағы жай сөйлемнің әрбірінде баяндауыштың болуы міндетті; жай сөйлемдер белгілі бір тәсілдер — баяндауыш формалары және шылаулар арқылы байланысқа түседі; негізгі компоненттер — жай сөйлемдер мағынасы жағынан логикалық байланыста болып, біртұтас күрделі ойды білдіреді. Құрмалас сөйлем компоненттерін өзара байланыстыруда интонацияның да айрықша қызметі бар. Алғашқы компонент аяқталмаған, ұласпалы интонацияға ие болады да, соңғысы аяқталған тиянақты интонацияда келеді


Интонация арқылы іргелесе байланысады.	Кездесу аяқталды, қатысқандар тамаша әсермен тарады.
Жалғаулық шылаулар арқылы байланысады.	Арнайы баруды жоспарлаймын, бірақ еш реті келмей - ақ қойды.
Құрмаластың құрамындағы жай сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз тұлғада келіп, келесі жай сөйлеммен ұласпалы түрде, құрмаласа байланысады	

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау

1-тапсырма. *Мәтіннен төменде берілген қысқа ақпараттарды кеңейтіп толықтыратын үзінділерді табыңыз.*

- Тыныс алу дегеніміз – ағза және сыртқы орта аралығындағы газ алмасу үрдісі.
- Тыныс алу жолы мұрын қуысынан басталады.
- Көмей (көмекей) – мойынның алдыңғы жағында орналасқан іші қуыс шеміршекті мүше.



- Кеңірдек – көмейдің жалғасы, іші қуыс түтік пішінді шеміршекті мүше.
- Бронхы– кеңірдектің жалғасы.
- Өкпелер кеуде қуысында орналасады.

2-тапсырма. *Төменде берілген сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.*

- Обмен газов между кровью и воздухом происходит в органах дыхания.
- При спокойном вдохе в легкие взрослого человека поступает около 3500 $см^3$ воздуха.
- У разных людей жизненная емкость легких неодинакова.
- Углекислый газ из венозной крови поступают в легочные пузырьки.
- Кислород из легочных пузырьков проникает в кровь. Как происходит газообмен в легких?
- Почему надо дышать через нос?

Тапсырма 1. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріңіз.
Ағза мен сыртқы орта, бүкіл денеге таралу, тыныс алу жолы, дыбыс шығару қызметі, бүйір қабырғалары, мұрын қуысының ішкі қабырғасы, ауаның залалсыздануы, ауаның ылғалдануы, ауаның жылынуы, доға тәрізді, шеміршекті сақиналар, біртіндеп кішірею, ауа жүретін түтікшелер, адам өміріне қажетті, газ алмасуды қамтамасыз ету.

Тапсырма 1 .Суретке қарап отырып аударыңыз.
1-гортань.2-трахея.3-верхушка легкого.4-реберная поверхность.5-раздвоение трахеи.6-верхняя доля легкого.7-горизонтальная щель правого легкого.8-косая щель.9-сердечная вырезка левого легкого.10-средняя доля легкого.11-нижняя доля легкого.12-диафрагмальная поверхность.13-основание легкого.

Тапсырма 2. Сұрақтарға жауап беріңіз.
1.Ағзадағы барлық мүшелер өз жұмысын дұрыс атқару үшін не істеу керек?
2.Егер адамға оттек келуін жауып тастаса не болады?
3.Тыныс алу процесі дегеніміз не?
4.Тыныс алу жүйесі неден тұрады?
5.Атмосферадағы ауа тыныс тесігі арқылы қайда өтеді?

Тапсырма 3. Мәтінді пайдалана отырып, сөйлемді аяқтаңыз.
Ағзаға оттектің түсіп, көмір қышқыл ... .
Құрамында оттек бар, атмосферадағы ... .
Кеңірдектің түтікшелері екі ... .
Оттек өкпеге дем алу кезінде ... .
Дем алғанда қабырғалар ... .
Егер адамға оттек ... .

Тапсырма 4. Берілген сөз тіркестерін мәтіндегі берілу тәртібімен орналастырыңыз.
Тыныс алу мүшелері: өкпе, ағза, танау тесігі, қабырға, мұрын қуысы, кеңірдек, көмірқышқыл газы, жұтқыншақ, процесі, көмекей, оттек.

5.	9 .
6	10
7.	11.

8.	12.

Тапсырма 5. Сұхбатты оқыңыз, сөздікті қодана отырып аударыңыз.
-Сәлеметсіздер ме Он бесінші бөлмеге кім соңы екен?
Менен кейін бір қарт адам бар.
Онда мен сол кісіден соң болайын.
(Кезегі келіп, науқас адам дәрігердің қабылдауына кіреді.)
Сәлеметсіз бе?
Сәлеметсіз. Отырыңыз, аты- жөніңіз кім?
Байғұтов Сәкен.
Қандай шағыммен келдіңіз? Қай жеріңіз аурады?
Тыныс алуым қиындап жүр.Біртүрлі дем жетпейтіндей.
Қанша уақыттан бері ауырып жүрсіз?
Бес күндей болып қалды.
Киіміңізді шешіңіз, өкпеңізді тыңдаймын, қан қысымын өлшейін.
Қан қысымыңыз жоғары, тыныс алу мүшелеріңіздің барлығын да тексеру керек.Маман дәрігерлерге жолдама жазып берейін. Сонда барыңыз.Ауырмаңыз. Сау болыңыз.
Рахмет. Сау болыңыз.

Тапсырма 6. Жолдасыңызбен тыныс алу мүшелері ауырады. Сол туралы жолдасыңызбен сұхбат құрыңыз.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.
Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин
Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.
Сабақты қорытындылау: 10 мин.
Үйге тапсырма беру: 5 мин.
5.7.Бақылау: ауызша сұрақ жауап.

1. Тыныс алу жүйесі туралы.
2. Тыныс алу жүйесі туралы әңгімелеудегі тілдік оралымдар.
3. Тыныс алу жүйесінің қызметі туралы.
4. Құрмалас сөйлем және оның түрлері.
5. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің айырмашылығы.

№ 13 сабақ

5.1.Лексикалық тақырып: Тыныс алу жолдарының аурулары. Жоғары тыныс алу жолдарының аурулары. Баспа ауруы.
Грамматикалық тақырып: Салалас құрмалас сөйлем және оның түрлері.
Сағат саны: 2 сағат 90 мин.
5. 2. Мақсаты: : тыныс алу жүйесі туралы мәтінді пайдалана отырып, әңгіме-сұхбат құрғызу, тыныс алу жүйесі туралы мәтінінің мазмұнын жүйелі баяндауға үйрету.
5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.
Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.
Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.
5.4.Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Тыныс алу жолдарының аурулары.
2. Жоғары тыныс алу жолдарының аурулары.
3.Баспа ауруы.
4. Салалас құрмалас сөйлем және оның түрлері.

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Тыныс алу жолдарының аурулары.

Баспа мен тұмау да тыныс алу жүйесінің аурулары қатарына жатады. Баспа салқын мезгілдерде жиі кездеседі. Аурудың негізгі қасиеті тамақ бездерінің қабынуында. Науқас адамның дене қызуы жоғарылап басы ауырады. Ауру күшейсе, безде ірің пайда болады. Баспа асқынса, буынға, жүрекке шабады.

Сондықтан ауруды жылы төсекке жатқызып, жылы күйіндегі сұйық тағам ішкізіп, компресс жасау керек. Ауру күшейсе дәрі ішкен дұрыс.

Тұмау-адамзатқа өте көне заманнан белгілі ауру. Тұмау- агрипер (ұстау)- деген француз сөзі.

XVIII ғасырдың алғашқы жартысында тұмау Еуропаны шарпып, 1665 ж бір аптаның ішінде тек Лондонның бір өзінде өлген адамның саны кәрін төккен оба кезіндегі шығыннан да асып түскен.

Тұмау пандемиясының ауыр түрі XX ғасырдың алғашқы ширегінде байқалды. Тарихта аурудың «Испанка» деп аталынып кеткен түрі 1918 ж қытайдың солтүстігінен басталып, сол жерден Америкаға ауысты. Содан Еуропаға тарады. Бірі жарым жылдан аса уақытқа созылған біріншідүниежүзілік соғыста өлгендерден шамалап айтқанда, екі еседей артық.

Тұмау ауруының эпидемиясының түрлері әсіресе ірі-ірі қалаларда жиі кездеседі. Тұмаумен қатты ауырып өлгендер әсіресе жас балалар мен әр түрлі созылмалы сырқаттардан жүдеп жүрген қартаң адамдар арасында көп болады. Тұмау ауруы адамдардың денсаулығына қазір де үлкен нұсқан алып отыр. Орта есеппен алғанда алғанда әр жылда байқалатын барлық жұқпалы аурулардың тең жартысы және тұмау тәріздес аурулардан болатынын анықтады. Бірқатар елдерде еңбекке қабілеттілігін жоғалытқан адамдардың жалпы саны 15-20 пайызда нақ осы аурулардан болып отыр. А 2-азият тұмауының пандемиясы, кезінде бұл сандар күрт көтерілді. Бұған дәлел ретінде 1957-1958 ж 2000000 ға жуық адамның тұмаумен ауырып, жазылғанын, 1 млн жуық адамнын қаза айтсақ та жеткілікті.

Тұмау эпидемиясы көбінесе 1,5 немесе 2 айдан артыққа созылмайды, бірақ осы уақыт ішінде қала тұрғындарының 20-30 % тұмаумен ауырып тұрады. Осындай эпидемия кезінде халықтың 20-50 % аяқ астынан ауырып, кейбіреулері тіпті ауырғандарын білмейді, яғни түрегеп жүріп ауырады.

Тонзиллит жұтқыншақ безінің ісінуі. Қайталанған баспаның әсерінен болып, жіті және созылмалы түрлерге бөлінеді. Тонзиллиттің созылмалы түріне мұрын арқылы дем алудың дұрыс жүрмеуі, ауру тістер де әсер етеді. Созылмалы тонзиллит кезінде жұтқыншақ безі ісініп, науқас адам жұтқыншағында өзге бір нәрсенің тұрғанындай сезімде болады. Кейде шаншып ауырып құлаққа әсер етеді. Созылмалы тонзиллит кезінде ұзақ уақыт дене қызуы көтеріледі, ол кезде әлсіздік, бас ауруы жұмысқа деген ынтанын қашуы қатар жүруі мумкін.Тонзиллитті емдеу барлық уақыта дәрігер шешеді. Негізінен оны жұтқыншақ безіндегі ірінді қалтаны жуып шаю арқылы емдейді. Егер тонзиллит асқынып кетсе, жүрек пен бүйрек жұмыстарының бұзылуына алып келеді. Оның әсерінен буын аурулары пайда болады. Ондай асқынуларды болдыртпау үшін бадамша безге ота жасалады да зақымданған жерден тазартады.

Баспа ауруы.

Егер адамның тамағы ауырса, жұтынуы қиындап, дене қызуы көтеріледі, науқас әлсізденіп, төсек тартыпжатып қалады. Бқл жағдайда дәрігер ауру адамның тамағын көріп, бадамша бездердің қабынғанын анықтайды. Бұл ауруды ежелгі Рим дәрігері де білген.Олар мұны баспа деп атаған, себебі ауырған адамның тамағын бір нәрсе басып тұрғандай сезінеді (латын тілінде « ангерс» - басу дене ұғымды білдіреді. Бадамша бездері ауру таратын микробтарға өте сезімтал болады, әсіресе оларға салқын бір нәрсе тисе , мысалы: суық су ішсе немесе балмұздақ жеген кезде тамақ қатты ауырады. Бадамша бездері қабынғанда, олардың мөлшері ұлғайып, адам өұтына алмайды.Баспаның өте ауыр түрінде бадамша бездерде ақшыл сары ірің пайда болады, мұны « іріңді баспа» деп атайды. Баспа кезінде бадамша бездерде өте зиянды заттар жиналып, олар қан арқылы бүкіл ағзаға тарайды.Бұлар , әсіресе жүрек қақпашалары мен буындар үшін өте қауіпті болады,себебі ол мүшелерде де қабыну басталып,олардың жұмыс істеу қабілеті бұзылады.Баспаны асқындырмай ,ауру басталысымен дәрігерге қаралу керек.Себебі , ол асқынып кетсе, сары ауруы дамуы мүмкін.

(Денсаулық энциклопедиясы).

Бадамша

Бұл мөлшері аса үлкен емес, жұп бездер. Оның бар екенін біз ауырғанда ғана еске түсіреміз. Бадамшаға суық тигенде , көлемі тісініп, дем алу және жұтыну қиындайды. Олар ауыз қуысы мен өңештің аралығында орналасқан, оның үстіңгі жағында күмбез тәрізді таңдай жатады. Бадамша кішкентай бадам жаңғағына ұқсайды. Оның сырты кілегей қабықпен қапталған, қан тамырларына еніп жататын лимфа тіндерінен құралады. Лимфа тіндері ауру тудыратын микробтарға өте сезімтал келеді. Сондықтан олар ағзада тыныс алу жолдары мен ас қорыту түтікшелеріне (тракт) инфекция өткізбейтін қамал қызметін атқарады.

Салалас құрмалас сөйлем

Салалас құрмалас сөйлем — құрамындағы жай сөйлемдері салаласа байланысқан құрмаластың түрі. Салалас құрмалас сөйлем баяндауыштары тиянақты тұлғада келіп, бір-бірімен тең дәрежеде байланысады. Салалас құрмалас сөйлемнің жай сөйлемдері өзара мағыналық тұтастықта болып, интонация (жалғаулықсыз) және жалғаулық шылаулар арқылы байланысады. Жалғаулықсыз (іргелес байланысқан) салалас мезгілдес, себептес, қарсылықты, түсіндірмелі, шартты, салыстырмалы түрлерге жіктеледі. Салалас құрамындағы жай сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыратын жалғаулық шылауларға қатысты салалас құрмалас сөйлемдер бірнеше топқа бөлінеді: мезгілдес (Мысалы, Құнанбай Ұлжанның қасына барды да, Мәкіш бен Абайдың жүзіне қарады (М.Әуезов)) себептес (Оның бұл сөзді не үшін егіле айтқанын Тайман сезген жоқ, өйткені ол Сәуленің өзінің болашақ келіні екенін білмейтін-ді (Ә.Әбішев)), қарсылықты (Алыстан әлдекімдердің күбірлеген дауысы естіледі, бірақ қай жақтан естілетінін шамалай алмаймын (С.Мұқанов)), талғаулықты (Бұл істің шындығын не көзімен көрген айтар немесе құлағымен есіткен айтар (Ә.Әбішев)), кезектес (Нұрғали біресе Тәкеге қарап кіжінеді, біресе Аманға қарап мүләйімсиді (Ғ.Мұстафин)).

Салалас құрмалас сөйлемнің түрлері .

Салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір – бірімен өзара белгілі мағыналық қарым – қатынаста айтылады. Мағыналық қарым-қатынаста жұмсалуына қарай салалас құрмалас сөйлем мынадай алты түрге бөлінеді :

1. Ыңғайлас салалас.
2. Қарсылықты салалс.
3. Себеп – салдар салалас.

4. Ілектес салалас.
5. Талғаулы салалас.
6. Кезектес салалас.

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 20 мин.

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау

Тапсырма 1. Төменде берілген мәтінді қазақ тіліне аударыңыз.

Здоровый сон

Мы считаем, смотрим до поздна телепередачи, а потом никак не можем уснуть. Часы бегуть, скоро рассвет, за ним новый трудовой день. Помните, что самый здоровый сондо наступления полуночи.Старайтесь поэтому ложиться не позднее 22 часов 30 минут. Чтобы сон был полноценным, специалисты рекомендуют: -спать при открытом окне или в хорошо проветренной комнате;

- не есть на ночь жирную и труднопереваривaемую пищу;
- не читать перед сном, не смотреть телепередачи;
- погулять перед сном на свежем воздухе в течение получаса;
- прогулка в спокойном темпе способствует легкому засыпанию и крепкому сну.

Тапсырма 2. Қалып қойған сөздерді жазып, өзіңізді тексеріңіз.

- Тыныс алу дегеніміз – ағза және _____ аралығында газ алмасу үрдісі.
- Мұрын қуысының ішкі қабырғасын шырышты____ астарлайды.
- Тыныс алу жүйесі _____ қан айналу жүйесіне өткізеді.
- Адам минутына орта есеппен_____ тыныс алады.
- Әйелдердің көмекейі кішілеу, дыбыс_____ қысқа болғандықтан, дауысы_____ болады.

Тапсырма 3. Нақыл сөздерді есте сақтаңыз!

Бере береді екен деп ала берме,
Құя береді екен деп іше берме.

Сөздікпен жұмыс

Ағза – организм
мүше- орган
оттегі- кислород
көмірқышқыл газы- улгекислый газ
тыныс алу мүшелері- органы дыхания
өкпе- лёгкие
жұтқыншақ- глотка
мұрын қуысы- носоглотка
көмекей- гортань
кеңірдек- дыхательное горло, трахея

Тапсырма 4 . Мәтінді оқып, мазмұнын түсінуге тырысыңыз.

Тапсырма 5. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1.Егер адамның тамағы ауырса,ол қандай жағдайда болады?
2.Бұл жағдайда дәрігер нені анықтайды?
3. Баспа ауруымен ауырған адам нені сезінеді?
4.Бадамша бездер неге сезімтал болады?
5. Іріңді баспа деп аурудың қандай түрін атаймыз?
6. Бадамша бездердегі өте зиянды заттар не арқылы тарайды?
7. Олар қандай ағзаларға өте зиянды?
8. Асқынып кетсе, қандай ауру дамуы мүмкін?

Тапсырма 6. Мәтінді қазақ тіліне аударыңыз.

Вирус гриппа может влиять на развитие плода и тчение беременности.Но прозойдет это или нет- зависит от многих беременности. Достоверно оценить от многих причин.

Достоверно оценить влияние на плод именнно гриппозной инфекции невозможно.Не только возбудитель гриппа, но и людой другой вирус можеть инфицировать плод, при этом не вызывая тяжелых последствий для будущего ребенка. Скорее всего , ничего не прозойдет. Но чтобы быть спокойной и уверенной в этом, после болезни андо обязательно посетить гинеколога, провести УЗИ плода.Данные обследований не выявили патологии и анатомии развития у крохи? Забудьте о перенесенном гриппе и наслаждайтесь своим интересным положениям.

Тапсырма 7 . Қандай сұрақ қойылғанын айтыңыз?

а) - ... ?

- Өте қауіпті жұқпалы ауру.

ә) - ... ?

- Адамның денесі қалтырайды, басы аурады, қызуы көтіреледі, мұрнынан су ағады.

б) - ... ?

Суықтан болатын ауру.

в) - ...?

Күзде, қыста адамдар тұмаумен көбірек ауырады.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: мәтінмен жұмыс, сөздік жұмыстары, жаттығу жұмыстары.

№ 14 сабақ

5.1. Лексикалық тақырып: Өкпе ауруы. Туберкулез ауруы.

Грамматикалық тақырып: Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем.

Сағат саны: 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: оқушылардың білім деңгейін көтеру, ұжымдық түрде білім алуға баулу, сөздерді өзара байланыстырып, ойды жүйелеп айту дағдысын қалыптастыру, грамматикалық тақырыптармен байланыстыра білу**.**

5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Өкпе ауруының жұғу жолдары, емі мен сипаты.

2.Туберкулез ауруының емі мен сипаты, жұғужолдары.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

Өкпе ауруы. Туберкулез ауруы.

Туберкулез – жұқпалы ауру, бұл адам ағзасына «Кох таяқшасы» деп аталатын қоздырғыш – микобактериясы енгенде пайда болады.Туберкулез латын тілінде tuberculum – төмпешік дегенді білдіреді, қазақтар «құрт ауруы» немесе «көксау» деп атаған созылмалы жұқпалы ауру. Туберкулездің қоздырғышы – микобактерияны (“Кох таяқшасын”) неміс микробиологы Р.Кох ашты (1882 ж.). Туберкулез микобактериялары жіңішке, түзу не сәл

иіліп келген таяқшалар, ұзындығы 1 – 10, ені 0,2 – 0,6 мкм.Жұғудың негізгі көзі – науқас адамдар. Ауру ауа-тамшы жолымен науқастар түшкіргенде, жөтелгенде беріледі. Инфекция жұқтырған адамдардың бәрі бірдей ауырмайды, 5-10 пайызы ғана ауруы мүмкін. Көптеген адамдардың иммундық қорғаныс жүйелері туберкулез ауруына қарсы тұра алады. Ал денесі шынықпаған, аурушаң, үнемі аш жүретін, дұрыс тамақтанбайтын адамдар туберкулезді тез жұқтырып алады. Адамның ішкі құрылысына енген туберкулез таяқшасы көбінесе өкпені мекендейді. Туберкулездің белгілеріне мыналар жатады:

- ұзаққа созылған жөтел;
- салмақ жоғалту;
- кеуде қуысының ауыруы;
- тұрақты дене қызуы;
- түнгі уақыттағы терлеу;
- әлсіздік пайда болу;
- қан аралас қақырық түсу.
- қатты шаршау;
- тәбеттің төмендеуі.

Егер уақытылы емделмесе, мұндай аурудың 50 пайызына жуығы 5 жыл ішінде өліп кетуі, ал қалғандары өмір бойы мүгедек болып қалуы мүмкін. Туберкулез адам ағзасының кез келген мүшесін зақымдай алады. Бұның нәтижесінде өкпе, бронх, сүйек-буын, бүйрек және жыныс мүшелерінің туберкулезі пайда болады. Әр түрлі лимфа жолдарына, көз, ми қабығына да зиян келтіруі мүмкін. Туберкулезге шалдыққан адам диагнозы анықталғаннан кейін тез арада емделуі керек. Қазіргі уақытта бұл ауруды емдеп жазуға болады.

Туберкулездің ашық және жабық түрлері болады. Ашық түрінде қақырықта туберкулез таяқшалары болады, сондықтан туберкулездің мұндай түрімен ауыратын адамдар өте қауіпті деп есептелінеді. Ал, жабық түрінде қақырықта туберкулез таяқшалары болмайды, бірақ дерт асқынатын болса, туберкулездің мұндай түрімен ауыратын науқастар да ауру жұқтырады.
Ауруды анықтау түрі:

- манту реакциясы,
- тері астына дәрі жіберіп, жаппай тексеру;
- қақырықты зерттеу;
- флюорография немесе рентгенография

Қазіргі кезде туберкулездіңкең таралуы бүкіл елімізді қатты алаңдатып отыр. Туберкулез ауруы анықталған адам ең басты екі мәселені – санитарлық және емдік шараларды мұқият орындап отыруы керек. Санитарлық шараларға тазалық, жеке бастың гигиенасын сақтау жатады. Науқас жататын бөлменің еденін хлорамин ерітіндісі қосылған сумен жуып, шаңын дымқыл шүберекпен сүртіп тұру керек. Терезенің желдеткішін жиі-жиі ашып, ауасын тазартып, бөлмеде шаң-тозаң болмауына көңіл аударған жөн. Ауру жататын бөлмеге артық зат, бұйымдар, кілем ілудің қажеті жоқ. Науқастың ыдысын отбасындағылардың ыдысымен араластырмай, бөлек ұстап, қайнатып тұрған дұрыс.

Емдік шаралары аурудың сауығуын қамтамасыз етеді. Науқас міндетті түрде ауруханаға жатқызылып, оған туберкулезге қарсы қолданылатын арнайы дәрі-дәрмектермен ем жүргізіледі.Тамақтану мәселесіне үлкен мән беру қажет: уақытында құнарлы, витаминдерге бай азық- түліктерді пайдалану керек, ұйқы мен серуендеу арқылы ағзаның сырқатқа қарсыласу күшін нығайтуға болады. Зиянды әдеттер – ішімдік пен темекі, есірткіден аулақ болған жөн.

Профилактикасы**:** санаторийлерде емделу өте пайдалы. Жеке бас гигиенасын сақтау және уақытында туберкулезге қарсы егулерді қабылдау керек.

Ынғайлас салалас сөйлем

Құрамындағы жай сөйлемдерінің бірінде айтылған ойға екіншісінде айтылған ойдың мезгілдес, бағыттас, ыңғайлас мәнде қарым-қатынаста болуын ыңғайлас салалас дейміз. Ыңғайлас салаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен жалғаулық шылаулар арқылы да, жалғаулық шылаусыз, іргелес тұрып та байланыса береді. Жалғаулық шылаулардың қатысу-қатыспауына қарап, ыңғайлас салаластарды жалғаулықсыз ыңғайлас салалас және жалғаулықты ыңғайлас салалас деп екіге бөлеміз. Жалғаулықсыз ыңғайлас салаластағы кейбір жай сөйлемдер бір мезгілде қатар болған я болатын істерді білдіреді. Мұндайда олардың баяндауыштары көбінесе бір шақта тұрады. Жалғаулықты ыңғайлас салалас және,да,де,әрі деген ыңғайлас мәнді жалғаулықтардың қатысуы арқылы жасалады.

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау

Тапсырма 1. Орысша- қазақша сөздікті пайдалана отырып, мәтінді қазақ тіліне жазбаша аударыңыз.

Капли в нос. Сосудосуживающие препараты (галазолин, нафтизин, санорин) при длительном прменении истощают слизистую носоглотки, вызывают атрофию обонятельных нервных окончаний.Эти капли, как впрочем, и всеостальные врача и не больше 3 дней. Полоскания горло эффективны и даже обязательны, чтобы грипп не осложнился ангиной, от которой рукой подать до воспалительных процессов в почках и ревматизма. Хорошие полоскания и с морской солью , с настоем шалфея, коры дуба, ромашки, календулы;с мокрой солью; с содой- солью- йодом (по1/3 чайной ложки соли и соды плюс несколько капель йода).

Пайдалы кеңес!

Тұмаумен ауырғанда тамақты емен қабығының , түймедақтың тұнбасымен шайған дұрыс.

Тапсырма 2. Үлгі бойынша сөйлем құрыңыз

Үлгі: Тұмау көбіне суыққа шалдыққаннан болады.

1 ... болады.
2.... білінеді.
3 .... нашарлай ма?
4 ... душар етеді.
5 ... қалтырайды.
6 ... ауырады.
7 ... айнуы мүмкін бе?
8 ... құсады.

Тапсырма 3. Төменде берілген сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

- Обмен газов между кровью и воздухом происходит в органах дыхания.
- При спокойном вдохе в легкие взрослого человека поступает около 3500 $см^3$ воздуха.
- У разных людей жизненная емкость легких неодинакова.
- Углекислый газ из венозной крови поступают в легочные пузырьки.
- Кислород из легочных пузырьков проникает в кровь. Как происходит газообмен в легких?
- Почему надо дышать через нос?

Мәтін бойынша кездесетін төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінің аудармасымен танысыңыз.

көмей (көмекей) – гортань
кеңірдек – трахея

кілегейлі қабықша – слизистая оболочка
шырышты қабықша – слизистая оболочка
залалсыздану – обезвредить
шеміршек – хрящ
түкті – волосистый
сіңір – сухожилие
тармақталу – разветвление
аңқа – носоглотка

Өткен тақырыптарына шолу жасау.
Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин
Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.
Сабақты қорытындылау: 10 мин.
Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: сөздік жұмысы.
1.Төмендегі мәтіннен сөздерді теріп, сөздік құраңыз.
2.Тыныс алу жүйесі туралы.
3. Тыныс алу жүйесі туралы әңгімелеудегі тілдік оралымдар.
4. Тыныс алу жүйесінің қызметі туралы.
5. Ынғайлас салалас құрмалас сөйлем.

№ 15 сабақ

5.1. Лексикалық тақырып: Жүрек қан –тамырлар жүйесі.
Грамматикалық тақырып: Талғаулықты салалас құрмалас сөйлем.

Сағат саны: 2 сағат 90 мин.
5.2. Мақсаты: оқушылардың білім деңгейін көтеру, ұжымдық түрде білім алуға баулу, сөздерді өзара байланыстырып, ойды жүйелеп айту дағдысын қалыптастыру, тақырыптармен байланыстыра білу**.**
5.3. Оқу мақсаттары:Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.
Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.
Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.
5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:
1.Жүрек қан тамыр жүйесінің құрылымы.
2. Емі мен алдын алу шаралары.
5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жұмыс жасау, сөздік жұмысы.

Жүрек - қан тамырлар жүйесі

Жүрек - адам ағзасындағы қан айналу жүйесінің басты мүшесі. Жүрек кеуде қуысының сол жағына қарай жақын орналасқан. Ересек адамның жүрегіңің салмағы 250 - 300 гр. Жүрек қабырғасы үш қабаттан тұрады. Ішкі қабат - эндокард, ортаңғысы - миокард және сыртқы - эпикард.

Жүрек жиырылғанда өзіндегі қанды қан тамырларына айдайды. Қан тамырларына қолқа, көк тамыр, күре тамыр, қыл тамырлар жатады. Ең үлкен салатамыр қолқа деп аталады.

Жүрек қуысы пердемен екіге бөлінеді. Олар оң жақ және сол жақ бөліктен құралады. Жүректіңәр бөлігі жүрекше және қарыншадан тұрады. Жүрекше мен қарыншалар қақпақшалар арқылы байланысады. Сонымен адамның жүрегі төрт бөліктен тұрады: екі жүрекше, екі қарынша.

Қан айналу жүйесі бір - бірімен байланысып жатқан үлкен жәе кіші қан айналым шеңберінен тұрады.

Үлкен қан айналым шеңбері жүректің сол қарыншасынан қолқа тамыры арқылы басталып, бүкіл денеге таралады. Одан көк тамырлары арқылы келіп оң жүрекшемен аяқталады.

Кіші қан айналым шеңбері оң қарыншадан басталады. Ол өкпе күре тамыры мен қыл тамырлары арқылы өтіп, сол жүрекшемен аяқталады.

Жүрек еттерінің жиырылуын систола десе, босауын диастола, ал аз уақыт тыныштық күйін - пауза деп атайды.

Талғаулықты салалас құрмалас сөйлем

Талғаулы салаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-біріне тәуелсіз,дербес әрекеттерді баяндайды да,солардың тек біреуі ғана жүзеге асатынын білдіреді.Жай сөйлемдер салаласа және тек жалғаулықты шылаулар арқылы байланысады,араларына үтір қойылады. Сөйлемге талғаулық мағына беретін және жай сөйлемдерді бір-бірімен құрмаластыратын жалғаулықтар:не,немесе,я,яки,болмаса,әйтпесе,әлде. Екі жай сөйлемнің арасында немесе шылауы бір рет келсе,онда сөйлемдер арасына үтір қойылмайды.


Мысалы:


Мен не бұл адамдардың ортасынан кетуім керек,не болмаса барша жанға тынышсыз болатын зұлымдықты қоюым керек екен ғой.(Шәкәрім).Өзі кетіп құтылды,әйтпесе өзіміз-ақ тастатқалы жүр едік.Сөз бен қылық суық көңілді жылытады немесе жылы көңілді суытады.(Ғ.Мұст.)

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау

Тапсырма 1. Төмендегі суреттерді пайдалана отырып, жүректің құрылысы туралы әңгімелеңіз.





Тапсырма 2. Берілген тұжырымдардың дұрыс не қате екенін анықтаңыз.

Жүрек кеуде қуысының оң жағына жақын орналасады.

Қан мен қан айналымының адам өмірін сақтауда, оның әрекетінде де маңызы зор.

Эндокардтың астында қолқа орналасады.

Адам қансыз өмір сүре алады.

Жүректің жұмысы өте күрделі.
Қан денені жұқпалы аурулардан қорғайды.
Ересек адамдарда 10 литрдей қан болады.
Қан 23 секунд ішінде денені бір рет айналып шығады.
Кіші қан айналым шеңбері сол қарыншадан басталады.

Тапсырма 3. Қалып қойған сөздерді жазып, өзіңізді тексеріңіз.

Қақпақшалар тек _____ жаққа ғана ашылады, қанның құлақшадан _____ еркін өтуіне жасайды, соңдықтан ол _____ қарай ақпайды, үнемі алға қарай ағады.
Босаңсу және үзіліс_____ жүрекке қан келіп, оның _____ қанға толады және жүрек тыныгады.
Күретамырлар бұлшық етке батыңқырап _____ да, тарамдалып _____ бөлінеді, қылтамырлар арқылы зат алмасу _____ қатысады.
Қан оттегін өкпеден _____ тасып, оның _____ көмірқышқыл газын тыныс алу мүшелеріне жеткізеді.
Қан мен қан айналымының адам _____ сақтауда, оның әрекетінде де маңызы зор.

Тапсырма 4. Жай сөйлемдерден құрмалас сөйлем жасаңыз

Қанның атқаратын маңызы орасан зор. Онсыз адам өмір сүре алмайды.
Күретамыр жүректің сол құлақшасынан басталады. Онда қан жоғары қысыммен ағады.
Жүрек жиырылғанда өзінен қанды айдайды. Босаңсу және үзіліс кезеңдерінде жүрекке қан келіп, оның құлақшалары қанға толады және жүрек тыныгады.

Өзін-өзі дамыту білім компетенциясы бойынша

Тапсырма 5. Жүрек, қан сөздеріне қатысты жасалған фразалық сөздердің мағынасын сәйкестіріңіз.

Қаны басына шабу	қатты қуану
Жүрегі ұшу	өз-өзіне келу
Жүрегі орнына түсу	Тамақтану
Жүрегі жарыла қуану	қатты қорқу
Жүрек жалғау	қатты қайғыру
Қан жұту	қатты ашулану

Л) Сөйлемдердегі фразалық тіркестерді қажетті формаға қойыңыз.

Біз таңертеңнен бері тамақ ішпей енді ғана жүрек жалға... .
Ілулі тұрған тізімнің ішінен інімнің аты-жөнін оқығанда жүрегі... жарыла қуанды... .
Бәсе, мен де адамның баласы едім ғой деп, жүрегі орнына түс... боп, Айша баласын кеудесіне басты.
Шешесі соғыстағы баласынан хат ала алмай, қан жұт... отырғанда күтпеген жерден хабар келіп, жүрегі орнына түс...

1-тапсырма. Мәтіннің мазмұнын айтып беріңіз.

Мәтінде кездескен төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріңіз.

Көлденең, ауыр дене еңбегі, спортпен шұғылданатын, еркін өтуіне мүмкіндік жасау, кері қарай ақпау, алға қарай, жүрек жұмысы немесе жүректің соғуы, тыныгу, айналадағы жағдайлар, баяу, үлкен қысыммен, айдау, көмір қышқыл газын сіңіру, қанның түсі өзгеру, қоректендіру қызметі, шақырым, қан айналым шеңбері, өкпеден жасушаларға тасу, бір қалыпты болу, барлық қызметтерін атқарып үлгеру, жұқпалы аурулар.

Г) Мәтінде кездескен төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінің аудармасын еске сақтаңыз

талшық – волокно
құлақша – предсердие
қарынша – желудочек
жиырылу – сокращение; сжиматься
босаңсу – расслабление

күретамыр – артерия
көктамыр – вена
қылтамыр – капилляры
қаныққан – насыщенный
алқызыл – алый; румяный
ұлпа – ткань
жасуша – клетка
серпімді – упругий
тарамдалу – разветвление
қолқа – аорта
күкірт – сера
қалқу – всплытие, всплывание
Өткен тақырыптарына шолу жасау.
Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин
Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.
Сабақты қорытындылау: 10 мин.
Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: ауызша сұрақ жауап.
1. Жүрек қан айналу жүйесінің қандай мүшесі?
2. Жүректің қызметі тоқтаса, ағзада не тоқтайды?
3. Егер жүректің қызметін қалпына келтірмесе не болады?
4. Жүректің мөлшері қандай?
5. Оң жағы негізгі, сол жақтағы сүйір бөлігі қалай аталады?
6. Жүректің сыртқы қабын қалай атайды?
7. Жүректің жұмысы немен тығыз байланысты?
8. Жүрек 1 минутта қанша қан айдайды?
9. Оның қалыпты жұмыс жасауына не кедергі жасайды?

№ 16 сабақ

5.1.Лексикалық тақырып: Жүрек қан тамырлар жүйесінің аурулары.
Грамматикалық тақырып: Жалғаулықты салалас құрмалас сөйлем.
Сағат саны: 2 сағат 90 мин.
5.2. Мақсаты: оқушылардың білім деңгейін көтеру, ұжымдық түрде білім алуға баулу, сөздерді өзара байланыстырып, ойды жүйелеп айту дағдысын қалыптастыру, тақырыптармен байланыстыра білу**.**
5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.
Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.
Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.
5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:
1. Жүрек-қан тамырлар жүйесі туралы презентация әзірлеу.
2.Тақырып бойынша диалог құрастыру.
3.Жүрек-қан тамыр аурулары

4. Жүректің жиырылып, босаңсуы.
5. Жалғаулықты салалас құрмалас сөйлем.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Презентация

Презентация студенттерге слайдтар, қағазда үлестірілетін материалдар, компьютер экранда анимациялық көріністерді бейнелеуге, дайындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар тақырыптарды еркін меңгеруге көмектеседі.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 20 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау

Жүрек - қан тамыр аурулары


Жүрек - адамның өмір бойы тынымсыз жұмыс істейтін ағзасы. Жүректің жұмысы өте күрделі. Жүрек - қан тамырлар қызметінің бұзылуы әр түрлі жүрек ауруларына шалықтыруы мүмкін. Жүректің соғуы адамның денсаулығына, оның еңбек етуіне, айналадағы жағдайларға және тағы басқа әсерлерге байланысты.Жүрек - қан тамырлар аурулары әр түрлі. Олар туа біткен, жүре пайда болған жүрек ақаулары және ишемиялық жүрек ақаулары болып бөлінеді.


Ересек адамның жүрегі бірқалыпты ырғақпен минутына 60 -80 рет жиырылып, босаңсиды. Әр жиырылғанда ол 50 - 70 мл. қан айдайды. Жүректің қалыпты ырғағының бұзылуы аритмия деп аталады. Олар тахикардия және брадикардия. Тахикардия кезінде жүректің жиырылуы 90 және одан да жиі болады. Брадикардия кезінде жүрек ырғағы баяулайды, оның жиырылуы 60 - тан төмен болады. Бұл жұқпалы аурулармен ауырғанда, жаңа босанған әйелдерде, қорғасынмен уланғанда болуы мүмкін.

Жүрек ревматизмімен науқастанған адамның дене қызуы көтеріледі, тізе буындары ісіп, қатты ауырады, әлсіздік байқалып, терлегіш келеді. Үйқысы бұзылып және асқа тәбеті болмайды.

Жүректің ишемиялық ауруларына стенокардия, жүрек тамыры склерозы, миокард инфаркты, сол жақ жүрек тамыры артериясының негізгі жүйкесінің тарылуы жатады. Жүрек ауруларында жүректің соғу ырғағы бұзылады, дене еңбегімен шұғылданғанда мазасызданuы немесе тыныстың тарылуы, демікпеге ұқсас жүректің ұстап қалуы болады. Науқастың жүрегі шаншып, қысып ауырады. Кейде есінен танып құлауы да мүмкін. Жүректің шаншуы куденің сол жағынан, сол жақ жауырынға, сол қолмен дененің сол жағына таралады. Сондай -ақ жүрек - қан тамыр ауруларына инфаркт, қақпақшалардың ақауы (стеноз), миокардит т.б. жатады.

2- тапсырма.*Төмендегі суреттерді пайдалана отырып, жүректің құрылысы туралы әңгімелеңіз.*





Жүрек демікпесі.

Жүрек демікпесін бұдан 200 жыл бұрын ағылшын дәрігері Гербердан анықтап жазған. Бұл кеселдің негізгі клиникалық синдромы жүрек манының ауруы. Аурк төстің артынан басталып, сол жақ қолға , иыққа, жауырынға , бұғанаға, мойынның және төменгі жақтың сол жақ бөліктеріне және сол жақ құлаққа ауысады. Кейде оң жақ бөліктерге , эпигастральды аймаққа ауысуы мүмкін. Қымып, күйдіріп ауыртады немесе жансыздану белгісін білдіруі мүмкін. Ауру психо- эмоциональды немесе денеге түскен салмақтан

туындайды. Кейде ол жай тыныштық кезінде де пайда болуы мүмкін. Оның ұзақтығы бірнеше секундтан 10- 15 минутқа дейін созылуы мүмкін.Ауру көбіне тұрақты емес, көбіне ұстама тәрізді болады. Қарқындылығына қарай науқас өзіне түскен салмақты тоқтатуы мүмкін, бірақ ұстама өткеннен кейін бұрынғы әдетімен өмір сүре береді. Ауруды денеге салмақ түсуді тоқтату арқылы , я болмаса тілдің астына нитроглицирин қойып қабылдау арқылы басуға болады. Дәрі 2-5 минуттан кейін әсер етеді.

Жүректің ишемиялық аурулары.

«Анемия»сөзі «қансыз» деп аударылады. Қан аздықтың шаршау және бас айналудан басқа белгілері пульстің жиі соғуы, қан қысымының төмен болуы және қатты әлсіздік байқалады. Бұл неден болады? Ағза өзіне қажетті мөлшердегі темірді алмағандықтан, оның энергетикалық мүмкіндіктері төмендейді. Темір эритроциттерде гемоглобин жасайды.Гемоглобин оттекті тасымалдайды.Егер ағзаға темір жетіспесе, гемоглобин деңгейі түсіп кетеді, соның салдарынан ағзаға оттек жетіспейді.Бұл әйелдерде жиі кездеседі. Әйедер етеккір кезінде көп темір жоғалтады.Оның үстіне әйелдер өздерінің салмақтарына алаңдап, тамақты аздап ішуге тырысады, бұл да темір жетіспеушілігіне әкеледі. Қан аздық жүкті әйелдерде жиі кездеседі. Оларға темір екі есе көп қажет,өйткені өсіп келе жатқан баламен бөліседі.Темір жетпейтін қан аздық ағзада белгілі бір бұзылулардың белгісі болып табылады.

Жалғаулықты салалас құрмалас сөйлем.

Ыңғайлас салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер да, де, та, те, және, әрі деген ыңғайлас мәнді жалғаулық шылаулар арқылы байланысса, жалғаулықты ыңғайлас салалас деп аталады. Мысалы: *Жанай балуан қайратты* әрі *үнемі қол бастайтын болат жүректі адам еді*. *Өзі ешкімге соқтықпайды* және *ит баласына жібімейді. Бір мезгілде қу шөмшектер дыбысы келді* де, *бірдеме қасына тасырлатып жетіп келді.*

Ыңғайлас салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір мезгілде қатар болатын не болған істі білдіріп, баяндауыштары бір шақта айтылса, жалғаулықсыз ыңғайлас салалас деп аталады. Мысалы: *Ертеңіне жат шістер шықты, алыстан әлдеқандай дабырлаған дауыстар естілді.Бір күні ауданнан қос ат жеккен шана келді, Мыңбұлақтың сақшысындай болып тұрған Байшынарға қарай беттеді.*

Әрі шылауы ыңғайлас салаластың әрқайсысымен қайталанып келгенде, жай сөйлемдердің арасына үтір қойылады. Мысалы: *Әншінің* әрі *дауысы да жағымды,* әрі *әні де сазды екен.* Ал қайталанбай бір-ақ рет келсе, жай сөйлемдердің арасына үтір қойылмайды. Мысалы: *Құрылыс жұмысы басталды әрі құрылысшыларды орналастыру керек.*Және жалғаулық шылауымен байланысқан ыңғайлас салаластардың арасына үтір қойылмайды. *Мен өзімді-өзім ұмыттым* және *көңілім шалықтап әлдеқайда алып-ұшып кеткен сияқты.*

Мәтінде кездескен төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінің аудармасын еске сақтаңыз.

Сөздік жұмысы.

бұлшық ет – мышцы
талшық – волокно
құлақша – предсердие
қарынша – желудочек
жиырылу – сокращение; сжиматься
босаңсу – расслабление
күретамыр – артерия
көктамыр – вена
қылтамыр – капилляры
қаныққан – насыщенный
алқызыл – алый; румяный
ұлпа – ткань

жасуша – клетка
серпімді – упругий
тарамдалу – разветвление
қолқа – аорта
күкірт – сера
қалқу – всплытие, всплывание

Пайдалы кеңестер

Жүрек – қантамыр жүйесіне пайдалы тағамдардың құрамында алма, апельсин, лимон сынды жемістер бар. Мысалы алма қандағы гемоглобиннің құрамындағы темірдің көбеюіне қажет болса. Апельсин шырынын ішу қан тамырлардың жұмысын жақсартса цитрусты өсімдіктердің барлығы қан тамырлардың қабырғасын қатайтып, серпімділігін арттырады. Жемістерден қуат алып, жүзіміз жадырай берсін!

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау

Тапсырма 1 .Мәтінді пайдалана отырып,сөйлемді толықтырыңыз.

1).....тасымалдайды.
2)...жиі соғады.
3)...шаршайды.
4)....мүмкін.
5)...басы айналады.
6)...бөлісді.

Тапсырма 2. Сұрақтарыңызды берілген жауаптарға қарай қазақша дайындаңыз.

.....?
Ешьте постное мясо.Мясо-основной источник железа.Фактически гем-железо,усваиваемое лучше всего,найдено только в продуктах животного происождения.
....?
Ешьте овощи и блюда из круп вместе с постным мясом.Многие зерновые и овлщи являются хорошими источниками железа,но не гем-железа.
...?
Хотя организм усваивает только небольшой процент этой формы железа,употребление таких продуктов одновременно с мясом может способствовать лучшему его усвоению.
....?
Ешьте богатые железом бобовые.Сухие фасоль и горох-хорошие источники железа,включайте их в рацион.
....?
Если есть их с нежирным мясом,это также способствует лучшему усвоению сожержащегося в них железа.
....?
Не пейте чай или кофе сразу после еды.И не вымывайте препараты железа юольшим количеством кофе .Танин в этих напитках связывает железо,не давая ему поглощаться.

Тапсырма 3.Төменде берілген мәтінді қазақ тіліне жазбаша аударыңыз.

Анемия — состояние, характеризующееся уменьшением (по сравнению с нормой) количества эритроцитов или гемоглобина, или того и другого в единице объема крови. Анемия развивается вследствие разнообразных причин,сопуствует множеству заболеваний и зачастую является лишь их симптомом. Количественно он выражается степенью снижения концентрации гемоглобина –железосодержащего пигмента эритроцитов,придающего крови красный цвет.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин


Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.
Сабақты қорытындылау: 10 мин.
Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: ауызша сұрақ жауап
1.«Анемия» сөзі қалай аударылады?
2.Қан аздықтың белгілері қандай?
3.Қан аздық неден болады?
4. Ағзаның энергетикалық мүмкіндіктері неге төмендейді?
5. Темір эритроциттерде не жасайды?
6. Оттекті не тасымалдайды?
7. Ағзаға темір жетіспесе не болады?
8. Қан аздық кімдерде жиі кездеседі?
9. Әйелдерде қан аздықтың жиі кездесуінің себебі не?
10. Жүкті әйелдер неге темірді екі есе көп қабылдау қажет?

№ 17 сабақ

5. 1. Лексикалық тақырып: Қанның құрамы және ағзадағы қызметі.
Грамматикалық тақырып: Себеп салдар салалас құрмалас сөйлем.
Сағат саны: 2 сағат 90 мин.
5.2. Мақсаты: тақырып бойынша алған теориялық білімдерін практикамен ұштастыру, ұқыптылыққа, жауапкершілікке, тиянақтылыққа баулу, ойлау, сөйлеу, қабылдау қасиеттерін жетілдіру, дамыту.
5.3. Оқу мақсаттары:Мәтінмен жұмыс істеу барысында мәтіннің мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге дағдыландыру, грамматикалық сауаттылыққа баулу.
Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.
Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
Білім алушылардың **өтілген тақырып бойынша білімін тексеру:** 15 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.
5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:
1. Қанның құрамы.
2. Ағзадағы қызметі.
3. Себеп салдар салалас құрмалас сөйлем.
5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Семинар

Семинар – «semen» - латын тілінде «ұрық» деген мағына береді. Семинар сабағында әр студент өз бетінше жеке пікірлерін дәлелдеп, ортақ шешімге келеді. Жоғарыдағы сұрақтар негізінде мәлімдеме әзірлейді. Семинардың қорытындысын жасайды.
1-тапсырма: *Суретке қарап, мәтін құраңыз. Халықаралық терминдердің ұлт тіліндегі баламасын тауып көріңіз.*



Қанның құрамы және ағзадағы қызметі.

Қан (гр. *haemo* ;лат. *sanguis* — қан) — ағзадағы ішкі сұйық ортаның бірі. Ол қантамырларының тұйық жүйесін бойлай ағып, тасымалдау қызметін атқарады. Қан барлық мүшелердің жасушаларына қоректік заттар мен оттегін жеткізеді және тіршілік әрекетінің өнімдерін зәр шығару мүшелеріне тасымалдайды. Организмдегі биологиялық әрекетшіл заттардың гуморальдық реттелу қызметі қанның қатысуымен іске асады. Қан ағзаның инфекциядан қорғаныш реякциясын қамтамасыз етеді.

Қан — ересек адам ағзасында шамамен бес литр қан болады. Қан — ағзадағы дәнекер ұлпасының бір түрі. Оның негізгі бөлігі жасуша аралық сұйық зат — плазмадан құралады. Плазмадан қан жасушалары эритроциттер мен лейкоциттер және қан пластинкалары — тромбоциттер болады. Тромбоциттер сүйектің кемік майындағы жасушалардан түзіледі. Олардың жетілуі, қорға жиналып, бұзылуы басқа мүшелерде өтеді. Плазма негізінде еріген органикалық және бейорганикалық заттары бар судан тұрады. Плазма құрамының өзгеруі ағза үшін өте қауіпті. Қанға үздіксіз көптеген заттардың қосылуына қарамастан, плазманың құрамы өзгермейді. Плазмадаға артық заттар зәр шығару мүшелері арқылы шығарылады: қан өкпеде көмір қышқыл газынан, ал бүйректе — судың артық мөлшері мен онда еріген минералды тұздардан арылады.

Қанның қызметі:

1. адам ағзасында қан әрбір мүшені, дененің әрбір жасушасын бірімен-бірін өзара байланыстырады;
2. Оттегін өкпеден ұлпаларға жеткізіп, көмірқышқыл газынан тазарта-ды;
3. Қорек заттарды асқорыту мүшелерінен ұлпаларға жеткізеді;
4. Ағзаның соңғы қажетсіз өнімдерін бүйрекке және т. б. мүшелерге тасымалдайды;
5. Дене температурасының тұрақтылығын сақтайды;
6. Ағзаны зиянды микробтардан қорғайды;
7. Ішкі секреция бездерінен бөлінетін гормондарды тасымалдайды;
8. Жасушаларда қышқылдың, судың деңгейін реттейді;
9. қорғаныштық қызмет атқарады (қанды ұйыта алады).

Себеп салдар салалас құрмалас сөйлем.

Себеп-салдар салаластың құрамындағы жай сөйлемдердің алдыңғысы соңғысының, соңғысы алдыңғысының себебін білдіріп тұрады. Мысалы: *Көмекші жігіт қойларды ерте айдап әкеліпті, себебі күннің арты бұзылып келе жатқанын байқайды.*

Себеп-салдар салалас құрмаластар жалғаулықты және жалғаулықсыз болып бөлінеді. Себеп-салдар салаласты байланыстыратын жалғаулық шылаулар: себебі, өйткені, сондықтан, сол себепті, неге десеңіз.

Салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдердің байланысуы:

1.Себеп мәнді *сондықтан* 2. Салдар мәнді
жай сөйлем *сол себепті* жай сөйлем

1. Салдар мәнді *өйткені, себебі*
2. Себеп мәнді жай сөйлем *неге десеңіз* жай сөйлем

Себеп-салдар салаластың құрамындағы жай сөйлемдердің орындарын ауыстырып айта беруге болады. Мысалы: *Мен сұлап жатқан орнымнан тұра алмадым, себебі Тортай мінер ақ боз ат менің тақымымда кеткендей еді. Тортай мінер ақ боз ат менің тақымымда кеткендей еді, сондықтан мен сұлап жатқан орнымнан тұра алмадым.*

Жалғаулықсыз себеп мәнді сөйлем салдар мәндіден бұрын тұрса, арасына үтір қойылады. Мысалы: *Үлкендер көрші ауылға кеткен еді, сондықтан жастар кешкілік сауық-сайран құрмақ болады.*

Жалғаулықсыз салдар мәнді сөйлем себеп мәндіден бұрын тұрса, арасына қос нүкте қойылады. Мысалы: *Жастар кешкілік сауық-сайран құрмақ болады: өйткені үлкендер көрші ауылға кеткен еді.*

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Тапсырма 1. Берілген сол жақтағы етістіктермен (сұрақ арқылы) керекті сөздерден сөз тіркесін құраңыз.

қолдану (қалай?) ауа – райдың
өзгеруі (ненің?) мазасыз
қарауыту (не?) аяқ-қолы
болу (қандай?) естуқабілетінің
дірілдеу (қай жері?) мөлшерден көп
бұзылуы (ненің?) көз
қою (қайда?) тыныштық
сақтау (не? тілдің астына

Тапсырма 2. Төмендегі сөздерді, сөз тіркестерін мағынасы жақын сөздермен алмастырыңыз.

қауіпті емес –
қажу –
тұрмыстың жағдайсыздығы –
майлы тағам пайдалану –
сезілмейді –
қалпына келтіру –

Тапсырма 3 .«Дұрыс жауапты таңдаңыз».

Плазма – қанның мөлдір, түссіз сұйықтығы.
Плазма құрамында 58-70% су бар.
Плазма құрамында 90-92% су бар.
Плазма құрамында 0,2-1,8% су бар.
Фибриногені жоқ қан плазмасы сарысу деп аталады.
Плазма құрамында 7-8% нәруызбар.
Плазма барлық қанның 55%-ын құрайды.
Плазма барлық қанның 65%-ын құрайды.

Тапсырма 4 . Эритроциттерге тән қасиеттерді таңдап, олардың нөмірін төмендегі кестеге жазыңыз.

Қызыл қан жасушалары;
1 мм^2 қанда олардың 6-8 мыңы бар;
1 мм^2 қанда олар 4,5-5 млн болады;
Сүйек кемігінде түзіледі;
Қызметі – қанды ұйыту;
Тіршілік ұзақтығы – 120 тәулік;

Ядролық жасушалар.

Тапсырма 5. ***Жүрек сөзіне қатысты фразалық тіркестерді оқып, мағынасын сәйкестендіріңіз. Осы сөз тіркестерін қатыстырып сөйлем құрыңыз.***

Жүрегі айну	Толқу
Жүрегі алып ұшу	жайлану, жай табу
Жүрегі тас төбесіне шығу	құсқысы келу
Жүрегі орнығу	қатты қорқу

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7.Бақылау. Ауызша сұрақтар.

1. Адам ағзасында неше литр қан бар?
2. Адам өмірінде қанның қандай маңызы бар?
3. Қолды кесіп алғанда, неліктен қан ағады?
4. Плазма деген не?
5. Гемоглабин деген не?
6. Қан айналым мен қан жүйесін зерттейтін ғылым саласы қалай деп аталады?
7. Ағзаның ішкі ортасына не жатады?
8. Қанның 1 $мм^3$ –де қанша эритроцит болады?

5. 7. Бақылау: тестілеу

1. Қанның құрамы:
   A. сұйық плазмадан
   B. микробтардан
   C. бактериялардан
   D. вирустардан
   E.талшықтардан
2. Қанның қызметі:
   A. қоректендіру
   B. өзгерістер
   C. сәйессіздік
   D. тұрақтылық
   E.қан кету
3. Қанның құрамы қалыпты жағдайда:
   A. тұрақты
   B. қою
   C. өзгерісте
   D. ақ сарғыш
   E.тұрақсыз
4. Созылмалы ауруларды дер кезінде емдемесе ... айналуы мүмкін.
   A. қатерлі ісікке
   B. ауруға
   C. жарамсыздыққа
   D. созылғыштыққа
   E.қанның сұйықтығына
5. Өзіне құйылатын вена сабауларынан қанды қабылдап және оны артерия жүйесі арқылы айдайтын қуыс – бұлшықетті ағза:

A. Жүрек
B. Өкпе
C. Қантамыр
D. Ағза
E.Сүйек

№ 18 сабақ

5.1.Лексикалық тақырып: Қан қысымының көтерілуі (гипертензия).Қан қысымының төмендеуі.

Грамматикалық тақырып: Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем. №1Аралық бақылау**.**

Сағат саны: 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Мәтіндегі медициналық сөздер мен сөз тіркестерінің аудармасын беріп, қазақша өз ойын еркін жеткізуге үйрету, практикалық жолымен меңгерту; мәтінде кездесетін медициналық, терминдердің мағынасын түсіндіріп, мазмұнын өз бетінше баяндауға үйрету. Медициналық термин сөздердің аудармасын беріп, жазылуын үйрету, мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, өз бетінше мазмұнын айтуға баулу.

5.3. Оқу мақсаттары: Мәтінмен жұмыс істеу барысында мәтіннің мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге дағдыландыру, грамматикалық сауаттылыққа баулу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Қан қысымының көтерілуі (гипертензия).
2. Қан қысымының төмендеуі
3. Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Семинар

Семинар – «semen» - латын тілінде «ұрық» деген мағына береді. Семинар сабағында әр студент өз бетінше жеке пікірлерін дәлелдеп, ортақ шешімге келеді. Жоғарыдағы сұрақтар негізінде мәлімдеме әзірлейді. Семинардың қорытындысын жасайды.

Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем.

Қарсылықты салаластың құрамындағы жай сөйлемдердің біріндегі іс-оқиға екіншісіндегі іс-оқиғаға қарама-қарсы болады. Қарсылықты салаластың құрамындағы жай сөйлемдер бірақ, алайда, дегенмен, сонда да, әйтсе де деген шылаулар арқылы байланысса, жалғаулықты қарсылықты салалас деп аталады. Мысалы: *Ауырғанда жаным көзіме көрініп барады,* бірақ *анамды қинағым келмейді.* Жалғаулықты салалас құрмаластардың арасына үтір қойылады.

Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем жалғаулық шылаусыз іргелес тұрып байланысса, жалғаулықсыз қарсылықты салалас деп аталады. Мысалы: *Балықшылар ауды бірнеше рет салды, – балдырдан басқа ештеме ілінбеді.* Жалғаулықсыз қарсылықты салалас сөйлемнің баяндауыштары көбіне антоним сөздерден және болымды-болымсыз формадағы сөздерден жасалады. Мысалы: *Атаның баласы болма, – адамның баласы бол.* Жалғаулықсыз қарсылықты салаластың аражігі үтір мен сызықша арқылы ажыратылады. Мысалы: *Көктем шықты, – ауада суық ызғар бар.*

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Тапсырма 1. Графикалық диктант. Дұрыс жауапқа «+», қате жауапқа «-» таңбасы қойылады.

1.Қан ағзаның ішкі ортасы
2.Ағзада қалыпты жағдайда 5 л. қан болады.
3. Қан эпителий ұлпасына жатады.
4. Гемоглабиннің негізгі қызметі оттекті және көмірқішқіл газын тасымалдау.
5. Эритроциттер қанның түссіз жасушасы.
6. Эритроциттердің тіршілік ұзақтығы 120 күн.
7. Лейкоциттер ядросы бр жасуша.
8. Гемофилия тұқым қуаламайтын ауру.
9. Лимфа айналымы тамырлар арқылы жүзеге асады.
10. Гемоглабин қанның түссіз пигменті.
11. Эритроциттер қанды ұйытатын жасуша.
12. Лимфа түйіндерінде ұлпа сұйықтығы залаласызданады.
13. Қан 23 секунд ішінде бір рет қантамырды айналып шығады.

Тапсырма 2. Төменде ұлы Абайдың он төртінші қарасөзінен үзінді берілген, қалай түсінетініңізді әңгімелеңіз. Қарамен белгіленген сөздер мен фразаларды түсіндіріңіз.

«Тірі адамның **жүректен аяулы жері бола ма?... Рақымдылық, мейірбандылық,** я әрбір адам баласын **өз бауырым** деп, өзіне ойлағандай ойды оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе жалған шықпайды.»

Тапсырма 3. Мағынасына қарай екі бағанды сәйкестендір

Аурудың алғашқы кезеңінде күре тамырда және	құлақта шудың естілуі, аяқ-қолдың жансызданuы сияқты белгілер пайда болады.
Дені сау адамның да кейде ауыр ой еңбегінен кейін уақытша қан қысымы көтерілуі мүмкін,	өте жоғары деңгейге көтерілуі салдарынан пайда болады.
Церебралды түрінде бастың желке тұсы ауырады, әлсіздік, ұйқышылдық, есеңгіреу,	гипертонияның пайда болуына әсер етеді.
Гипертониялық криз қан қысымының кенеттен өзінің қалыпты деңгейінен	басқа мүшелерде ешқандай өзгеріс сезілмейді.
Оның үстіне тұқымында осы аурумен ауырған адам болса,	бірақ ол қауіпті емес.
Қажу, тұрмыстың жағдайсыздығы, қайғы-қасірет шегу, жүйке жүйелерін зақымдап алу –	мұндай жанұяда гипертониямен ауыратындар жиі кездеседі.

Тапсырма 4. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріңіз.

Дені сау адамның, ауыр ой еңбегінен кейін, бүйрек қабынуынан, ішкі секреция бездерінің сырқатынан, тарылу, осының салдарынан, жүрек көлемі ұлғаю, бұлшық еті қалыңдау, қайғы-қасірет шегу, жүйке жүйелерін зақымдап алу, қан қысымы өршіген кезде, күшпен тарту, башпай, көзі қарауыту,елес пайда болу, ұйқысы нашарлау, тез шаршау, сал болу, көңіл-күй күйзелістері, есеңгіреу, тері жамылғылары қызару, қалтырау.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Қорытынды бақылау жұмысы:

1. «Ота » деген термин .... саласында қолданылады.
a) технологияда
b) математика

c) тіл білімінде
d) медицина
e) аталған салалардың барлығында
2. «Дәрумендер» - сөзінің дұрыс аудармасы.
a) лекарства
b) витамины
c) добавки
d) белки
e) трава
3. «Жалобы» - сөзінің дұрыс аудармасын табыңыз.
a) тән
b) тұрмыс
c) кәсіби
d) шағым
e) сұраныс
4. «Ожог» - сөзінің дұрыс аудармасын табыңыз.
a) травма
b) рана
c) волдырь
D) күйік
e) сұйықтық
5. «Медицина атасы», темперамент пен дене құрылысының төрт типі туралы ілімді тұжырымдаған ежелгі грек философы:
a) Әбу Насыр әл-Фараби
b) Клавдий Гален
c) Андреас Везалий
d) Леонардо да Винчи
e) Гиппократ
6.Денсаулық дегеніміз:
a) ағзаның ауруға қарсы тұру қабілеті
b) өте сирек жағдайда қайталанатын , арғы тегімізге тән белгілер
c) дұрыс тамақтану
d) адамның дене, психологиялық, әлеуметтік саулығы
e) санасыз рефлекстер жиынтығы
7. Денсаулықтың бұзылуына әкелетін әрекеттер :
a) зиянды әрекеттерден аулақ болу
b) спортпен шұғылданбау, дұрыс тамақтану
c) салауатты өмір салтын ұстан
d) дене қимылымен уақтылы айналысу
e) дұрыс тамақтанбау, аз қимылдау, зиянды әдеттер
8. Астан уланған адамның ауру белгілері -
a) Тісі сарғайып, кіреукесі бұзылады
b) Жүрегі айниды, құсады, іші ауырып, өтеді, әлсізденеді

c) Қарынның сілекейі тітіркеніп, қабынады
d) Бүкіл денесі қалшылдап, тынысы тарылады
e) Басы айналып, көзі қарауытады, есінен танады
9. Аяз әсерінен теріде болады:
a) сүйел
b) суық
c) мең
d) күйік
e) үсік
10. Тыныс алу мүшелерінің ауруын белгілеңіз:
a) кретинизм
b) ревматизм
c) туберкулез
d) артроз
e) цитиноз
11.Тірек-қимыл ауруларын емдеуші:
a) хирург-ортопед
b) жедел жәрдем
c) терапевт
d) емші
e) психолог
12. Тірек-қимылға қатысатын мүшелердің аурулары:
a) артртит, бруцеллез
b) сіңірдің созлуы
c) ақуыз және минералды заттар
d) энтерит, холецистит
e) тонзилит, гепатит
13. «Суставы кисти» сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы:
a) қол ұшының буындары
b) аяқ ұшының буындары
c) иық буыны
d) сегізкөз-мықын буыны
e) тізе буыны
14. «Межберцовый сустав» сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы:
a) жіліншік аралық буын
b) тоқпан-кәрі жілік буыны
c) сирақ-асық буыны
d) бунақтар аралық буыны
e) алақан сүйектерінің аралығы
15. «Агрипер» – француз тіліндегі мағынасы:
a) тұмау
b) тонзиллит
c) қызылша

d) соқыр ішек
e) сары ауру
16.«Пяточно-ладьевидная связка» сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы:
a) өкше-қайықтәрізді байлам
b) асық-қайықтәрізді байлам
c)өкше-текше байламы
d) сына-қайықтәрізді сыртқы байламдар
e) текше-қайықтәрізді сыртқы байлам

Сабақты қорытындылау: 10 мин.
Үйге тапсырма беру: 5 мин.
5.6. Әдебиет.
5.7. Бақылау : ауызша сұрақ жауап.
1. Қан қысымының төмендеуі дегеніміз не?
2. Қан қысымының төмендеуіне тағы да нелер әсер етеді?
3.Қан қысымы төмен адамдарда қандай белгілер болады?
4.Қан қысымы төмен болу әйел адамдарда жиі кездесе ме?
5. Қан қысымы төмен адамды неден байқауға болады?
6. Қан қысымы төмен адамға ауа райы ісер ете ме?
7. Қан қысымы қалыпты жағдайда қандай болу керек?
8. Қан қысымының қатты көтерілуі қай ағзаға күш түсіреді?
9. Гипертония көп жағдайда неден болады?
10. Гипертония болдырмау үшін не істеу керек?

№ 19 сабақ

5. 1.Лексикалық тақырып: Ас-қорыту жүйесі.
Грамматикалық тақырып: Сабақтас құрмалас сөйлем, оның түрлері.
Сағат саны: 2 сағат 90 мин.
5. 2. Мақсаты: Мәтіндегі медициналық сөздер мен сөз тіркестерінің аудармасын беріп, қазақша өз ойын еркін жеткізуге үйрету, практикалық жолымен меңгерту; мәтінде кездесетін медициналық, терминдердің мағынасын түсіндіріп, мазмұнын өз бетінше баяндауға үйрету. Медициналық термин сөздердің аудармасын беріп, жазылуын үйрету, мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, өз бетінше мазмұнын айтуға баулу.
5.3. Оқу мақсаттары:Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін терендете түсу.
Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.
Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 20 мин.
5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:
1.Ас қорыту жүйесінің құрылымы.
2. Ас қорыту жүйесінің емі мен алдын алу шаралары.
3. Сабақтас құрмалас сөйлем, оның түрлері.
5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: TBL

TBL – Білім алушылардың топта (командада) жұмыс дағдыларын дамытуға және көптұсты шешімдерді қабылдап, қарапайым жауапты алуға ықпалын беретін оқыту әдісі.

Шарты: топтарға тақырыпшаларды бөліп беру арқылы бірін-бірі оқыту.

1. Ас – адамның арқауы.
2. Асқорыту жүйесі.



Сабақтас құрмалас сөйлем, оның түрлері.

Құрамындағы жай сөйлемдерінің алғашқысының баяндауышы тиянақсыз болып, соңғысына бағына байланысқан құрмалас сөйлемнің түрі сабақтас құрмалас деп аталады. Мысалы: *Тапсырманы тиянақтап алғысы келгенмен, қайта сұрауға батылы бармады.* Бұл құрмалас сөйлемнің бірінші жай сөйлемін өз алдына бөлек айтуға келмейді, себебі ой тиянақты емес, ойды тиянақтап, аяқтап тұрған екінші жай сөйлем. Құрмаластың құрамындағы бірінші жай сөйлем екінші жай сөйлемге бағына байланысып тұр. Құрмалас сөйлемнің құрамындағы тиянақсыз жай сөйлем бағыныңқы сөйлем, ал өз алдына дербес айтыла беретін, ойды тиянақтап тұратын екінші жай сөйлем басыңқы сөйлем деп аталады.



Сабақтас құрмалас сөйлем мағынасына қарай төмендегіше бөлінеді:

Шартты бағыныңқылы іс-әрекеттің орындалу шартын білдіреді, -са, -се жұрнағы арқылы жасалады.
Қарсылықты сабақтас құрмалас сөйлемде бағыныңқы сөйлем басыңқыдағы ойға қарама-қарсы мағыналық қатынаста болады. Мысалы, Май құйған шам сөнсе де, Шамшырақ сөнбес дүниеде. (Жамбыл)
Себеп бағыныңқылы сабақтас;
Мысалы, Соны Ербол біліп қоймасын деп, Әзімбай әдейі үндемеді. (М.Әуезов)
Мезгіл бағыныңқы сөйлемде бағыныңқы сөйлем басыңқыда айтылған ойдың мезгілін,
мақсат сабақтас құрмалас сөйлем мақсатын,
қимыл-сын бағыныңқы іс-әрекеттің қалай жүзеге асқандығын білдіреді.
Салыстырма бағыныңқылы сөйлемде оқиға бір-біріне салыстырыла, теңдестіріле беріледі. Мысалы, Басқалар қандай қуанса, ол да сондай қуанған еді (Ә.Әбішев).
Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 20 мин.
Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау
1- тапсырма. ***Мағынасына қарай екі бағанды сәйкестендіріңіз.***

1) Қоймалжың ас бұдан кейін ас қорыту жүйесінің келесі бөлімі	аш ішек, тоқ ішек – бұлар ас қорыту жолы болып табылады.
2) Тоқ ішек –адам ағзасындағы ішек түтікшелерінің ең кеңейген бөлігі,	ал майдың ерітінділері негізінен, лимфаға сіңіріледі.
3) Ауыз қуысы, жұтқыншақ, өңеш, асқазан немесе қарын, он екі елі ішек,	аш ішектің бастапқы бөлігі, ол асқазанның кіреберісімен жалғасады.
4) Аш ішектегі қорытылған кенеулі заттардың ерітіндісі қыл тамырлар арқылы қанға өтеді,	– аш ішекке біртіндеп өтіп отырады да, ең соңғы қорытылуға түседі.
5) Он екі елі ішек немесе ұлтабар, латынша duodénum –	ол соқыр ішек пен тік ішектен тұрады, қорытылмаған қалдық заттар тік ішекке түседі.
6) Ұйқы безі асқазанның астыңғы жағында	екінші бел омыртқасының деңгейінде орналасқан.

Тапсырма 1. Мәтін бойынша кездесетін төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінің аудармасы:
ұйқы безі – поджелудочная железа
өзек – проток
он екі елі ішек – двенацатиперстная кишка
қоймалжың – полужидкий
ыдырау – расщепление; распад
тоқ ішек – толстая кишка
аш ішек – тонкая кишка
тік ішек – прямая кишка
кенеулі – питательный
қоймалжың – густой, не жидкий
өңез – слизистый налет
құсу – вырвать; срыгнуть
тырысу – судорога
күдік – подозрение
жүрек айну – тошнота
қыжылдау – изжога
іш қату – запор
іш кебу – вздутие живота

Тапсырма 2. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріңіз.
Түссіз, асқазан сөлі, жұтқыншақ арқылы өңешке өту, қорытылу, уақ, сіңірілу, біртіндеп, зарарсыздандыру, сарғыш-жасыл түсті, қоймалжың ас ботқасы, қыл тамырлар арқылы, ағзадағы улы заттар, кенеулі заттар, кенеулі заттардың ерітіндісі, қорытылмаған заттар, қалдық заттар, жүрек соғысы баяулау, науқастың әлсіреуі, терісінің қуқылдануы, ауруына мән бермеу, оқта-текте, тамақты шайнамай асығыс жұту, өте ащы тағамдарға әуескойлық, ішкілікке салыну, зиянды әдеттерден аулақ болу.

Тапсырма 3. Мәтінді оқыған адам қандай сұрақтарға жауап ала алады? Сұрақтарыңызды жазыңыз.

1. Жаныңыздағы студенттен осы сұрақтарға жауап беруін өтініңіз. Кімнің сұрақтары көп және дұрыс құрылғандығынына қорытынды жасаңыз.
2. Төмендегі сызбаға қарап ас қорыту жүйесі туралы әңгімелеңіз.



Тапсырма 4. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

Ас қорыту қандай үрдіс?
Ас қорыту жолына нелер жатады?
Он екі елі ішекте қандай үрдіс жүреді?
Бауыр қандай қызмет атқарады?
Аш ішекте қорытылмаған заттар қайда барады?
Асқазанда ас қанша сағаттай болады?
Он екі елі ішекте қандай үрдіс жүреді?
Бауыр қандай қызмет атқарады?
Ең соңғы қорытылу қай жерде болады?

3) Мәтіннен төменде берілген қысқа ақпараттарды кеңейтіп, толықтыратын үзінділерді табыңыз.

- Асқазан ауруларының ішінде ең жиі кездесетін ауру – жедел гастрит.
- 18-24 сағат бойы су-шай диетасы қолданылады.
- Созылмалы гастрит – асқазанның барлық ауруларының 85% құрайтын, кең тараған аурулардың бірі.
- Созылмалы гастриттің белгілерінің бірі – асқазан қышылдау.
- Созылмалы гастритті емдеуге болады.

И) Үлгі бойынша ары қарай жалғастырыңыз.

Төмендегі себептерден	***адам қандай зардап шегеді?***
Үлгі:*Іш қатудан*	*үлкен дәретке ұзақ уақыт бармаудан ағза уланады.*
Тамақты шайнамастан асығыс жұтудан	
Тәбеті нашарлаудан	
Зиянды әдеттердің әсерінен	

Ауыздан жағымсыз иіс шығуынан	

Операционалды – дағды компетенциясы бойынша

К) Мағынасына қарай екі бағанды сәйкестендіріңіз.

Қоймалжың ас бұдан кейін ас қорыту жүйесінің келесі бөлімі	аш ішек, тоқ ішек – бұлар ас қорыту жолы болып табылады.
Тоқ ішек – адам ағзасындағы ішек түтікшелерінің ең кеңейген бөлігі,	ал майдың ерітінділері негізінен, лимфаға сіңіріледі.
Ауыз қуысы, жұтқыншақ, өңеш, асқазан немесе қарын, он екі елі ішек,	аш ішектің бастапқы бөлігі, ол асқазанның кіреберісімен жалғасады.
Аш ішектегі қорытылған кенеулі заттардың ерітіндісі қыл тамырлар арқылы қанға өтеді,	– аш ішекке біртіндеп өтіп отырады да, ең соңғы қорытылуға түседі.
Он екі елі ішек немесе ұлтабар, латынша duodénum –	ол соқыр ішек пен тік ішектен тұрады, қорытылмаған қалдық заттар тік ішекке түседі.
Үйқы безі асқазанның астыңғы жағында	екінші бел омыртқасының деңгейінде орналасқан.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: ***Берілген тұжырымдардың дұрыс не қате екенін анықтаңыз.***

1. Ас қорыту – өте күрделі үрдіс.
2. Ол ас қорыту жолынан және бұлшық еттен құралады.
3. Ас ауыз қуысынан кеңірдек арқылы асқазанға өтеді, одан соң бауырға түседі.
4. Ересек адамның асқазанының сыйымдылығы 3 литрдей.
5. Асқазанның басты бөлімі – он екі елі ішек немесе ұлтабар.
6. Асқазанда бауыр мен ұйқы безінің сөл шығару өзектері ашылады.
7. Бауырдан бөлінетін өт қоңыр түсті.
8. Өттің әсерімен май уақ тамшыларға ыдырайды.
9. Бауыр – ас қорыту бездерінің ішіндегі ең кішкентай без.
10. Бауыр ағзадағы улы заттарды зарарсыздандырып отырады.
11. Он екі ішекте астың негізгі қорытылуы аяқталады.
12. Аш ішекте кенеулі заттар қан мен лимфа арқылы бүкіл ағзаға тарайды.

№ 20 сабақ

5.1. Лексикалық тақырып: Гепатит. Сары ауру.

Грамматикалық тақырып: Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.

Сағат саны: 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Вирусты гепатит ауруының пайда болуы, таралу жолдары мен аурудың алғашқы белгілері, сақтану жолдары туралы түсінік беру, жеке бас тазалығына сақтауға баулу, жұқпалы аурулар туралы білімдерін жетілдіре отырып, оның болдырмаудың жолдары бар екендігіне көздерін жеткізу.

Вирусты гепатит ауруының пайда болуы, таралу жолдары мен аурудың алғашқы белгілері, сақтану жолдары туралы түсінік беру.

5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.
5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:
1. Гепатит ауруының белгілері, емдеу жолдары, алдын алу жолдары.
2. Сары ауру (желтуха боткина).
3. Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.
5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жұптасып жұмыс жасау

Жұптық жұмысқа қатысушылардың мақсаты да, қабылдаған шешімі де бірге. Жұптасып жұмыс жасау – мәселе қойылған сөйлеу жағдаяттың тапсырма бойынша жұп болып шешім қабылдау әрекетіне құрылған.

Гепатит. Сары ауру (желтуха боткина).


Бауыр адам ағзасында қанды сүзгіден өткізіп,барлық улы заттарды және адам ағзасында жүретін биохимиялық процестердің әсерінен пайда болатын зиянды заттарды залалсыздандырып, қанның тазалығын қамтамассыз етіп отырады. Дені сау адамда бауыр өзін- өзі тазалауға күші жетеді , бірақ адам ағзасына түсетін токсиндердің мөлшері тым көп болғандықтан бауыр өз қызметін атқарып үлгірмейді. Осылай бауырдың зақымдануы басталады.

Бұны медицинада **токсикалық гепатоз** дейді. Адам ағзасына аса зиянды улы заттар қайдан кіретініе тоқтала кететін болсақ, ең бірінші орында арақ, темекі тұрады, бұдан кейін экологиялық факторлар,мысалы: машинаның түтіні,бензин,керосиннің буы, түрлі аыр металлдардың буы (сынап, кадьмий) сияқты улы,зиянды заттардың, тыныс ауа мен өкпе арқылы қанға өтуі, азық түлік арқылы түрлі консерванттар, (қораптарында Е деген әріппен белгіленген) тамақ бояулары,қойылтқыштар,жеміс- көкөністер арқылы нитраттар мен нитриттер пестицидтер т.с:с айта берсе осылардың бәрі бауырға орасан зиян келтіріп, бауыр қанды тазартып та, өзі тазарып үлгермейді. Осылай дұрыс тазармаған қан бүкіл организмді аралап, барлық органдарды улай бастайды.

Бауырда нерв талшықтары жоқ сондықтан адам бауырының ауырғанын білмейді. Әбден асқынып шегінге жеткенде ғана бауыр ауырады,және көп жағдайда емдеуге өте кеш болып жатады. Сондықтан бауырды ауыртпауды ерте бастан ойлап шаралавр қолданған жөн. Ол үшін арақ, темекіден аулақ болу,дұрыс ,консерванты жоқ тағамдармен тамақтану, қуырылған, тұздалып, ысталған тамақтарды мейілінше аз жеу,тоң майды мүлдем пайдаланбау.

Жалпы рационға қарақұмық, сұлы, ботқаларын кіргізу. Салаттарды зығыр, күнжіт, зәйтун майларымен шылап пайдаланған бауырдың ластануын болғызбайды. Бауырды тазалайтын белсенді қоспаларды , өсімдік шәйларын кез келген дәріханадан алуға болады, Бауырды тазартудың тағы бір оңай әдісі, дюбаж жасау. Бірақ бұны тек өт жолдарында тас жоқ болса ғана жасауға болады. Сұлы жар масын қара суға кайнатып, тұзсыз,сутсіз,қантсық аш қарынға жеген де бауырды тазартады. бірақ , күнделікті үш айдың көлемінде пайдалану керек. Егер, дәрігер қажет деп айтса, онда **карсил, эссенциале форте** деген емдік қасиеті бар дәрілерді де алып ішуге болады. Бауыр ластанудың алғашқы белгілері бет терісінің бұзылуы,денеге қышымалар шығу, терінің ешнәрсе шықпаса да қышуы, тәбеттің болмауы, жүрек айну ,өттің қоюлануы,ас қорыту процесстерінің бұзылуы сияқты белгілері болады.

Мәтінді оқыңыз. Тақырып қойып, ауызша мағынасын айтып беріңіз.



Сары ауру (желтуха боткина).

Сары ауру - билирубин деп аталатын өт пигментінің жинақталып,оның ағзаға сіңуі салдарынан терінің,көздің шырышты қабығының,ағының сарғаюы.Бұл бауыр және өт жолдары ауырғанда,қанға байланысты кейбір аурулар кезінде байқалады.Кең таралғыш және жұқпалы болғандықтан ,инфекциялы сары ауруға (вирусты гепатит,боткин ауруы) ерекше назар аударған жөн.Ең алдымен бауырды зақымдайды.Ауруды ластанған су,тамақ,сары аурумен ауырған науқастың қаны арқылы,зарарсыздандырылмаған медициналық аспаптардан жұтқырады.Ауру адам мен вирус тасығыштар арқылы тарайды.Білінбейтін кезеңі 14 күннен 45 күнге дейін. Ауру басталған кезде сырқаттың қызуы көтерледі,лоқсиды,құсады,іші ауырады,іші өтеді немесе қатады,басы ауырады,жөтеледі,тұмауратады.Зәрінің түсі қошқылданып, үлкен дәреті түссізденеді. Бірнеше күннен кейін сырқаттың көзінің ақ қабығы, таңдайы, кейін терісі сарғая бастайды. Дерттің денені сарғайтпайтын түрі де болады. Ауырған адам дәрігерге ертерек қаралып, дәрігер нұсқауларын қатаң сақталуы керек. Бұл кезеңде денеге күш түсіруге болмайды,майлы,ащы және тұзды тамақ ,шоколад,какао ішуге болмайды.Сүттен жасалған тамағамдар,суға пісірілген тамақты,жеміс-жидек ,көкеніс жеуге болады.Жеке басының тазалығын (гигена)қатаң сақтау керек. (Денсаулық энциклопедиясы).

Қашанға шейін ?

Мезгіл бағыныңқылы сөйлемнің баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады.

а) Жатыс септік тұлғаласындағы есімшіден болады. Екеуі ымырт үйіріле үйден шыққанда, қонақтардың соңы әлі тараған жоқты.

ә) Есімше тұқлғалы етістік пен кезде , күнле , шаңта, уақытта деген мезгіл мәнді сөздердің тіркесінен болады: Күн ұясына төліп келген кезде, Аманкелдіге тағы он шақты адам кездеседі.

б) Барыс және шығыс септік тұлғаысндағы есімше мен шейін, дейін , кейін , соң,бері, бұрын шылаулардың тіркесінен болады. Сейіттің әке-шешес, даланың бір айналсаң қырғыны одадан өлгеннен кейін, Игілік – қалған мал-мүлкін жинап алғысы кеп жетім баланы өз қасына алдырған.

в) –Ша,-ше тұлғалы есімшіден болады. Зейнептен апасын сұрағанша, отырған жерін өзім таптым.

г) Көсемшенің – ғалы,-гелі,-қалы,-келі тұлғасынан болады:Шынында да, Барластар келгелі,Құланбай бұл үйіне кеп қалған емес.

д) Етістіктің шартты райынан да болады: Мен кетсем де, ол үйге кіреді.

е) –ысымен (-ісімен) қосымшалы етістікпен болады. Бүгін қара жел басталысымен, қиыршықтап қар да түсе бастады.

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау

Сөздікпен жұмыс

Сары ауру-желтуха,(боткина,гепатит)
өт-желч
сіңу-впитывается
зақымдайды-повреждает
бауыр-печень
өт жолдары-желчный пузырь
ластанған-загрязненная
кең таралғыш-быстрораспространимая
зарарсыздандырылмаған-нестерилизованная
аспаптарын-от инструментов
білінбейтін кезеңі-незаметное время
лоқсу,құсу-рвота
ішу өту немесе қату-понос или запор
жөтеледі-кашлеет

Тапсырма 1. Сөйлемдердің ішінен болымсыз етістікті табыңыз.

Аурудан ластанған су,тамақ,сары аурумен ауырған науқастың қаны арқылы зарарсыздырылмаған медициналық аспаптардан жұқтырады.Ауру адам мен вирус тасығыштар арқылы тарайды.Білінбейтін кезеңі 14 күннен 45 күнге дейін.Бірнеше күннен кейін науқастың көзінің ақ қабығы,таңдайы,терісі сарғая бастайды.Денені сарғайтпайтын да түрі бар. Бұл кезеңде денеге күш түсіруге болмайды,майлы,ащы және тұзды тамақ ,шоколад,какао ішуге болмайды. Сүттен жасалған тамағамдар,суға пісірілген тамақты,жеміс-жидек ,көкеніс жеуге болады.

Тапсырма 2. Сөйлемдерден жіберілген қателерді табыңыз.

●Кең таралмайтын және жұқпалы болмағандықтан,сары ауруға ерекше назар ауддарған жөн.
●Ең алдымен асқазанды зақымдайды.
●Инфекция сау адам мен вирус тасығыштардан құрайды.
●Науқастың көзінің ақ қабығы қызарады.
●Қуырылған ет пен тұздалған тамақ жеу керек.
●Бұл кезеңде денеге күш түсіруге болады.
●Күн тәртібі мен диета қатаң сақталмайды.

Тапсырма 3 . Мәтінді орыс тіліне аударыңыздар.

С.П.Боткин первый указал,что некоторые острые гепатиты вызываются инфекцией;с тех пор эти болезни стали называть инфекционными желтухами.Симптомы и течение болезни.Основным симптомом острых инфекционных гепатитов является желтуха.Часто желтухе предшествуют нарушения желудочно-кишечной деятильности:плохой,отрыжка,запоры или поносы,иногда рвота.Затем повышается температура,и через несколько дней появляется желтушное окрашивание склер и кожи.Раныше всего отмечается желтушное окрашивание белочной оболочки глаз,затем кожи.В связи с желтухой наблюдаются все те изменения со стороны кала,молчи,пульса.

Гиппократтың сөздерін оқыңыз,мазмұнын түсініңіз.Есте сақтаңыз.

●Ем қону үшін тек дәрігердің бар істі қолға алуы жеткіліксіз,ауру адамның өзі де,қоршаған орта да көмекке келуі тиіс.
●Сырқат адамға диета сақтау пайдалы,бірақ диетаны тым қатал ұстау да қауіпті.
●Сырқат неғұрлым ауыр болса,оған қолданылатын дәрі де соғұрлым күшті болуы тиіс.

4. Гиппократтың сөздеріне антоним табыңыз.

Сөз	Антоним
Сырқат адам	
пайдалы	
жеткіліксіз	

ыссы	
қолданылатын	
дұрыс	
көмектесу	

Пайдалы кеңес!

Бақбақтың,жусанның,шаңқурайдың,мыңжапырақтың жапырақтарын кептіріп,ұсақтап турайсыз.1кесе жапырақтың үстінде қайнаған су құясыз.Тұндырып қоясыз,тамақтың алдында 20минут бұрын ішесіз.Осыны бір күнде ішіп бітіресіз. Тұздалған орамжапырақтың суын күнде 1кеседен 4-5рет ішесіз, 2апта бойы сауығып кеткенше ішесіз.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: ауызша сұрақ жауап.

1. Жұқпалы сары ауруды басқанша қалай атауға болады?
2. Ең алдымен қай ағзаны зақымдайды?
3. Ауру неден жұғады?
4. Аурудың қандай белгілері бар?
5. Адам ағзасында қандай өзгерістер болды?
6. Нені қатаң сақтау керек?
7. Аурудың қандай түріне айналуы мүмкін?

№ 21 сабақ

5.1. Лексикалық тақырып: Салауатты өмір салты.

Грамматикалық тақырып : Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.

Сағат саны: 2 сағат 90 мин.

5. 2. Мақсаты: Студенттерге денсаулық туралы мағлұмат беру, ссалаутты өмір салтын түрлерін практикалық жолмен меңгерту, аурулар туралы мәлімет беру, мәтінде кездесетін медициналық терминдердің аудармасын беріп, жазылуын үйрету, дұрыс сөйлеуге дағдыландыру

5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін терендете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» тақырыбына мәтін құрастыру.
2. «Ас- адамның арқауы» тақырыбына мәтін құрастыру.
3. «Жылы-жылысөйлесең жылан інінен шығар» мақалының мағынасын түсіндіріңіз.

5.5.Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

І топтың тапсырмасы: «Іздеп алған аурудың емі табылмас» тақырыбында әңгіме құрастыру.

ІІ топтың тапсырмасы: «Жан ауырса – тән азады, қайғы басса – жан азады» тақырыбында әңгіме құрастыру.

Салауатты өмір салты.

Әрбір адамның өзін-өзі күтіп, денсаулығын сақтай білуі керек. Денсаулық адамның жан-жақты дамып, еңбек етуіне, тұрмыс жағдайын жақсартып, көңіл -күйінің көтеріңкі болуына мүмкіндік береді. Медицина ауырғандарды емдеп сауықтыруға, аурудың асқынбауына, жұқпалы індеттердің таралмауына көмектеседі. Түрлі аурулардың қалай алдын алу керек, қалай тамақтанған жөн, зиянды әдеттерден аулақ болуды т.б. насихаттауда дәрігердің орны ерекше. Қазіргі уақытта адамдардың көпшілігі темекі тартады, арақ ішеді, ретсіз тамақтануынан денелерін май басады. Осылардың әсерінен адамның көңіл - күйі, мінез-құлқы өзгеріп, сана - сезімі төмендейді, зат алмасу үрдісі, бауыр мен бүйрек қызметі бұзылады. Соңғы жылдары елімізде аурулардың түрлері (гипертония, жүректің ишемиялық аурулары, қант диабеті) көбейіп, халықтың денсаулығы күннен-күнге нашарлап, өмір сүру ұзақтығы кеміп барады.

Денсаулықты сақтауда медицинаның бір саласы валеологияның қызметі зор. Валеология латынның «VALEO» – дені сау болу және гректің «LOGOS» ғылым деген сөздерінен құралған. Сонда валеология дені сау адамдардың денсаулығын сақтау жөніндегі ғылым дегенді білдіреді. Оны ғылымға XX ғасырдың 60 - жылдарында профессор М.И.Брехман енгізді. Валеология арқылы халық гигиенаны және салауатты өмір салтын қалыптастырудың негіздерін, денсаулықты сақтау мен насихаттаудың тәсілдерін үйренеді. Денсаулықты сақтаудың бірден бір жолы – дене шынықтырумен айналысып, тамақтану рационын сақтау, зиянды әдеттерден (есірткі, темекі тарту, арақ ішу т.б.) аулақ болу

Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.

Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем - бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі ойдың болу мақсатын білдіретін сабақтасытың түрі.
Сұрақтары: Не мақсатпен? Не етпек болып? Не үшін? Неге?
а) –мақ, -мек,-бақ,-бек,-пақ,-пек етістікке тіркеледі. Керек болған затты алып шықпақ болып, өзі жалғыз кірді.
ә) Тұйық етістік пен үшін шылауының тіркесуінен: Кесе-шәйнекті сындырмай ұстау үшін, жақсы сөре керек.
б) Шартты , бұйрық және қалау рай тұлғалы етісітк пен деп көмекші етістік тіркесінен болады. Сол шаң тына қалар ма екен деп, Көпей самауырда есік алдына қойды.

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Тапсырма 1."Салауатты өмір салты – денсаулық кепілі" мәтіні бойынша кездесетін жаңа сөздер мен сөз тіркестерін оқып, жаттап алыңыз.

Тапсырма 2. Мәтінді қазақ тіліне аударыңыз.

Фельдшер

Это слово происходит от немецкого «фельдшерер», что означает полевой, то есть военный цирюльник (парикмахер). В русский язык оно вошло во времена Петра Первого, приобрело смысл «помощник врача» и осталось до сих пор. В немецких армиях XVII-XVIII веков фельдшеры ставили банки, делали кровопускание и клизмы, лечили переломы костей, останавливали кровотечения.Цирюльники производили некоторые операции. В средние века их называли костоправами.

Тапсырма 3. Мәтінді қазақ тіліне аударыңыз.

Год здоровья

В соответствии с Указом Главы государства 2002 год объявлен Годом здоровья Республики Казахстан. Здоровье является одной из главных ценностей как отдельного человека, так и общества в целом. Учитывая разнообразие факторов, влияющих на формирование общественного здоровья и его значимость, как одного из важнейших ресурсов, здоровье является интегральным показателем и объективным критерием успешности проводимых политических, социальных и экономических реформ. Этим объясняется необходимость проведения Года здоровья в Республике Казахстан.Исходя из этих проблем и поставленных задач, разработан План основных мероприятий по реализации Программы проведения Года здоровья.Цели Программы Года здоровья:

- Улучшение состояния здоровья народа;
- Поддержка системы здравоохранения;

Пропаганда здорового образа жизни. **(**Медицина, 2002, №1)

Тапсырма 4. Деніміз сау болу үшін не қажет екенін білеміз бе? тақырыбында пікрталас жүргізіп, қорытындысын Ментальд картаға түсіріңіздер.

Тапсырма 5. Төменде берілген ауру аттарын қазақшаға аударып, қай мүшенің аурулары екенін айтыңыз.

Ангина, хронический бронхит, язвенная болезнь, бронхиальная астма, ишемическая болезнь сердца, желчекаменная болезнь, радикулит, цистит, эпилепсия, порок сердца, анемия, пневмония, желтуха, брюшной тиф, нефрит, гастрит, сифилис, рахит, бруцеллез, грыжа, корь.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: Ауызша сұрақ

1.Салауатты өмір салты дегенді қалай түсінесіз?
2.Валеология қандай ғылым?
3.Валеология ғылымын кім енгізді?
4.Денсаулықты сақтаудың жолдары қандай? Салауатты .. салты.
5.Дұрыс тамақтану ережелерін зерттейтін сала.
6.Адам ағзасына тамақтанудың рөлі.
7.Қандай тағамдар ағзаға зиян?
8.Қай тағамдар адам ағзасына пайдалы?
9.Спорттың пайдасы мен зияны.
10.Дене шынықтыру спорттан ерекшелігі.

№ 22 сабақ

5.1.Лексикалық тақырып: Жүйке жүйесінің аурулары. Жүйке жүйесінің бұзылу себептері, диагностикасы және емдеу жолдары.

Грамматикалық тақырып : Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.

Сағат саны: 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: : Мәтіндегі медициналық сөздер мен сөз тіркестерінің аудармасын беріп, қазақша өз ойын еркін жеткізуге үйрету, практикалық жолымен меңгерту; мәтінде кездесетін медициналық, терминдердің мағынасын түсіндіріп, мазмұнын өз бетінше баяндауға үйрету.

Медициналық термин сөздердің аудармасын беріп, жазылуын үйрету, мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, өз бетінше мазмұнын айтуға баулу.

5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін терендете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 20 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Жүйке жүйесі бойынша хабарлама әзірлеңіз
2. Тиісті лексикалық минимумдарды көрсетіңіз
3. Жүйке жүйесін зерттейтін морфологияның бөлімі
4. Жүйке жүйесі бұзылуының себептері
5.Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.

5. 5.Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

І топтың тапсырмасы: Жүйке жүйесінің ауруларын атап, оның емдік қасиеттерін дайындау.

ІІ топтың жұмысы: Сөздіктен жүйке жүйесінің ауруларын тауып, аудару.

Жүйке жүйесі.

Жүйке жүйесі мүшелердің жұмысын реттеп отырады және ағзаның біртұтастығын қамтамасыз етеді. Жүйке жүйесі орталық жүйке жүйесі және аймақтық жүйке жүйесі болып екіге бөлінеді. Орталық жүйке жүйесі *ми* және *жұлыннан* тұрады. Ми мен жұлын қабықпен қапталған. Ми сауытында тамырлар өте көп. Бұл қабықтың тамырлары жүйке тіндеріне өтеді де, сол арқылы миға оттегін және қоректік заттарды жеткізеді.

Аймақтық жүйке жүйесіне жүйкелер мен жүйке түйіндері, жүйке ұштары жатады. Ми жүйкелері мидан басталып, бас аймақтар мен мойынға таралады. Ми жүйке жүйесіне сезім жүйкелері, есту жүйкелері жатады. Ми бес бөліктен тұрады: *үлкен ми сыңарлары, аралық ми, ортаңғы ми, сопақша ми және мишық.* Жұлын жүйкелері жұлыннан шығып, дененің барлық аймақтарына тарайды. Жұлын омыртқа өзегінде орналасқан. Бүкіл жүйке жүйесі соматикалық және вегетативті болып екіге бөлінеді. Соматикалық жүйке жүйесі негізінен денені сыртқы ортамен байланыстырады.Соматикалық жүйке қоздырғыш әрекетттерді сезіп, қаңқа бұлшық еттерінің қызметін реттейді. Аймақтық жүйке жүйесі зат алмасу мен ағзаның ішкі мүшелерінің жұмысын бір қалыпты реттеп отырады.

Жүйке түйіндері - өзара біріккен, байланысқан жүйке жасушаларының жиынтығы. Жүйке жасушасын *нейрон* деп атайды. Нейронның құрылысы күрделі. Жүйке жүйесі қоршаған ортамен байланыстыру, ағзалардың қызметін реттеу, адамның қимыл, қозғалысын басқару т.б. қызметін атқарады. Жүйке жүйесінің құрылысын, қызметін, дамуын зерттейтін ғылымды неврология деп атайды.

Жүйке жүйесінің ауруларына эпилепсия, полиомелитті жатқызуымызға болады. Эпилепсия дегеніміз потологиялық ошақтың орналасуына байланысты қайталамалы тырыспамен , талмасыз және нейронды разрядтардың психопатологиялық пароксизмальды белгілерімен және психикалық бұзылыстардың дамуымен сипатталатын бас миының созылмалы сырқаты. Аурудың дамуында «талмалық реактивтік» тұқымқуашылдық

маңызды рөл атқарады. Эпилепсия ауру тұқым қуаламайды, бірақ мидың талмалық белсенділігін төмендететін белгілі бір фермантактивтік және метаболикалық жылжулар болады. Аурудың дамуына сыртқы ортаның факторлары, жарақаттар, инфекциялар, уланулар және т.б. факторлар үлкен әсерін тигізеді. Ұстамалы стериотип күшті экзогенді әсер кез- келген сау ағзада тұрақталуы мүмкін.Ұстамалы ауру кезінде болмашы әсер аурудың дамуына күшті ықпал жасайды. Ұстаманың патогенезінде – зақымдалған ошақтың аймағы нейрондардың функциональды күйінің өзгерісі болады. Олардың жиынтығын эпелепсиялық ошақ құрайды. Ол нейрондардың электрлік белсенділігі мембрандық потенциалдың пароксизмальды дополяризция сатысында дамиды. Эпелепсияның маңызды патофизиологиялық механизмі – нейрондардың гиперсинхронизациялық әрекеті болып табылады.Эпелепсиядан өлген науқастың миын ашып қарағанда , ганглиозды клеткалардың дистрофиялық өзгерісі, хориоцитолиз Синопстағы ақпаратта құрылымдық өзгерістер көрінеді. Полиомилит – (грекше, сұр, жұлын дегенді білдіреді). Негізінен жұлынның алдыңғы мүйізіндегі сұр заттың зақымдануымен сипатталатын вирусты сырқат. Бұл адам баласымен қатар дамып келе жатқан ескі ауру мысалы :Ежелгі эгипетте полиомилитке тән сүйек өзгерістері бар мумиялар табылған неміс ортапеді гейне (1840-1860) полиомилитті жеке сырқат есебінде қарап, оны әрбір кезеңіне сәйкес емдеу қажеттігін көрсеткен болатын. Швед дәрігері Медин (1890) бұл ауру екендігін анықтады. Сондықтан полиомилитті Гейне – Медин сырқаты деп атайды. Бұл сырқатпен негізінен төрт жасқа дейінгі балалар ауыратынын есепке алып, балалардың жұлындық салынуы деп те атайды.

Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем - бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемде айтылған ойдың себебін білдіретін сабақтастың түрі.

Сұрақтары: неліктен? Не себепті? Неге? Не деп? Себеп бағыныңқылы сөйлемнің баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады.

а) – дықтан,-діктен қосымшасы үстелген есімшеден жасалады: Үйдің іші қараңғы болғандықта, Зәмзегүл есікті айқара ашып қойды.

ә)Есімше тұлғалы етістікке соң шылауы тіркесінен жасалады: Балуан аяңға көшкен соң, қалғандары да тақыл суыта бастады.

б) Болымсыз етістік көсемше тұлғасынан болады: Ол өзін - өзі тоқтата алмай, мәуені тағы да жеуге кірісті.

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 20 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау

Тапсырма 1. *«Жүйке жүйесі» мәтіні бойынша кездесетін жаңа сөздер мен сөз тіркестерін оқып, есіңізге сақтаңыз.*

жұлын-спинной мозг **қоршаған орта-окружающая среда** сопақша ми-продолговатый мозг біріккен-объединенный қимыл-движение түйін-узел реттеу-регулировать басқару-управлять байланыстыру-связывать аймақтық жүйке жүйесі-периферическая нервная система	құрылысы-строение мишық-мозжечок үлкен ми сыңарлары-большие полушария тін-ткань аралық ми-промежуточный мозг ортаңғы ми-средний мозг орталық жүйке жүйесі-центральная нервная система өзара-между собой қоздырғыш-возбудитель

Тапсырма 2. *Мәтін бойынша берілген сөз тіркестерін оқытушының көмегімен орыс тіліне аударыңыз. Курсивпен берілген сөз тіркестеріне сөйлем құрастырыңыз.*

Жүйке жүйесі, *қамтамасыз етеді,* реттеп отырады, сезім жүйкелері, *есту жүйкелері,* омыртқа жотасының өзегінде, сыртқы ортамен байланыстырады, *ішкі мүшелердің жұмысы,* адамның қимылын басқару, аймақтарға тарайды, коректік заттарды шығарады, қоздырғыш әрекеттерді сезу, қабықпен қапталған, қоршаған орта.

Тапсырма 3. *Мәтіннен төмендегі сөз тіркестерін тауып, сөйлемді оқыңыз.*

ағзаның біртұтастығы	сопақша ми
қабықпен қапталған	сыртқы орта
жүйке түйіндері	жүйке жасушалары
мойынға таралу	нейронның құрылысы

Тапсырма 4. *Мәтінді тірек ете отырып, берілген сөйлемдерді толықтырыңыз.*

1. Жүйке жүйесі мүшелердің ...реттейді. 2. Мидың ... салмағы 1300-1400 гр. 3. Жұлынның ... 1 см. 4. Жүйке жүйесі арқылы адам ... танып, біледі. 5. Жұлын ... қызмет атқарады. 6. Соматикалық жүйке жүйесі арқылы адам ... меңгереді. 7. Адамның ... 20 жасқа дейін өседі. 8. Жүйке жүйесінің бір бөлігі ... мүшелердің жұмысын реттейді. 9. ... жүйке жүйесінің қызметі адам ... бағынбайды. 10. Аймақтық бөлімге жүйкелер мен ... түйіндері жатады.

(*Керекті сөздер: жүйке, жұмысын, миы, автономиялық, диаметрі, орташа, ортаны, ішкі, рефлекстік, іс-әрекетті, еркіне)*

Тапсырма 5. *Мәтінді қазақ тіліне аударыңыз.*

1. Мозг расположен в черепе. 2. Нервная система делится на центральную и периферическую. 3. Центральная нервная система состоит из головного и спинного мозга. 4. Головной и спинной мозг покрыты оболочкой. 5. К периферической относятся нервы и нервные узлы. 6. В мозге очень много кровеносных сосудов.

Тапсырма 6. Мәтінді оқып шығып, орыс тіліне аударыңыз.

Ми шайқалғанда

Жығылғанда немесе бас қатты затқа соғылғанда мидың шайқалуы мүмкін. Естен танып қалу – соған тән белгі. Бұлай жарақаттанғанда тері бірден боп-боз болып кетеді, бас ауырады, адам қимылдаса, күшейе түседі, жүрек айнып құстырады. Тамырдың соғуы сирейді немесе жиілейді.

Ми тым қатты шайқалғанда көздің қарашығы кеңейіп, тамыр сирек соғады, тыныс алу бірқалыпты болмайды. Адам есін жиғанда басын қалай соқтырғанын айта алмайды. Миы шайқалған адамды еденге шалқасынан жатқызып, омырауын ағытып, белін босату қажет. Адам құсығына шашалып қалмас үшін басын бір жағына бұру қажет. Оны шалқасынан жатқызып, ауруханаға тезірек жеткізген жөн.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау:

1. Жүйке жүйесінің ауруларының себептері қандай?
2. Жүйке жүйесінің ауруларының негізгі белгілері.
3. Зәр шығару жүйесі ауруларын зерттейтін ғылымды атаңыз.

№ 23 сабақ

5.1. Лексикалық тақырып: Зәр шығару жүйесі. Зәр шығару ағзаларының аурулары.

Грамматикалық тақырып : Қимыл- сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.

Сағат саны: 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Мәтіндегі медициналық сөздер мен сөз тіркестерінің аудармасын беріп, қазақша өз ойын еркін жеткізуге үйрету, практикалық жолымен меңгерту; мәтінде кездесетін

медициналық, терминдердің мағынасын түсіндіріп, мазмұнын өз бетінше баяндауға үйрету. Медициналық термин сөздердің аудармасын беріп, жазылуын үйрету, мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, өз бетінше мазмұнын айтуға баулу.

5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік корын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1.Зәр шығару қандай мүшелерден тұрады?

2.Зәр қайда жинақталады?

3.Бүйректе түзілетін сұйықтық?

4.Бүйректің негізгі қызмет атқаратын мүшесі?

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жұптасып жұмыс жасау

Жұптық жұмысқа қатысушылардың мақсаты да, қабылдаған шешімі де бірге. Жұптасып жұмыс жасау – мәселе қойылған сөйлеу жағдаяттың тапсырма бойынша жұп болып шешім қабылдау әрекетіне құрылған.

Зәр шығару жүйесінің аурулары.

Нефрит бүйрек ауруы, бүйрекке суық тиюден немесе бүйрек қызметінің бұзылуынан пайда болады. Оның басты белгілері: бет- ауыздың ісуі, аяқ ісіп, қуықтың ашуы, кіші дәретке жиі баруы, кейде кіші дәреттің тұтылып қалуы, белі талып ауруы, кейде кіші дәретпен қан аралас келуі.

Нефритті емдеу әдісі: 1) тышқанқұйрық шөп 30 гр,алаботаның ұрығы30 гр,кәрі қыз 20гр,жүгері сақалы30гр,қызыл мия тамыры 30гр,ақ жүгері30гр,шәй шөптің ұрығы30грамм алып 3литр суға қайнатып ,1литрден екі құмыраға 15грамм,тышқанқұйрық 30 гр,мұз бәйшешігі 30гр,сәбіз ұрығы 30гр,бұғы қуығы 1дана талқандап ара балына араластырып,зграммнан дәрі жасап ,күніне екі рет ішкізеді.

Цистит.

Цистит -қуықтың өте жиі кездесетін қабынуы.Әрі негізінен әйелдерде кездеседі Аурудың қоздырушы инфекция (ішек таяқшасы, протей, стафилококк)қуыққа ағзадағы қабынған жерден қан арқылы келіп түседі.Ауру адам денесін суыққа алдырған жағдайда өріс алып басталып кетеді.Цистит жедел және созылмалы цистит болып екіге бөлінеді.Жедел циститтің өзіне тән сипаты бар.Ауру кенеттен басталып,сырқат жиі-жиі зәр сындырғысы келе береді.Сонан кейін зәр сындырған кезде шаншу пайда болып,іштің төменгі жағы мен сегіз көз сырқырап ауырады.Сондай-ақ зәр сындырып бола бергенде үрпіден бірнеше тамшы қан шығуы да циститке тән қасиет.Жедел цистит басталысымен дереу ем қолданбаса,зәр сындыру тіпті жиілеп (3-5 минут сайын)келеді,бірақ көп емес,аздап ғана тамшылайды,ауыртады,адамды қанағат сезіміне бөлемейді. Еркекке тұңғыш рет жақындасқан әйелге дефлорациялық (перде жыртылудан болатын)цистит пайда болуы мүмкін.Ол еркекке жақындасқаннан кейін 2-3 күндері білінеді.Перде жыртылғаннан кейін пада болатын жарақаттан кейін инфекция қцыққа ғана емес одан ары қанның ағысымен бүйрекке барып,пиелонефритке ұшыратуы да мүмкін.Ауруға диагнозды оның клиникалық сипаттарына қарап қояды.Болмаса зәрге анализ жасап анықтайды.Бұндай жағдайда одан бактериялар,лейкоциттер,эритроциттер табылады.(Ш.Ысқақбаев.Бүйрек пен қуықтың жиі кездесетін аурулары.)

Қимыл- сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас сөйлем — бағыныңқы компоненті басыңқы компонентте баяндалатын іс-әрекеттің қалай болғанын, іске асу тәсілін білдіретін сабақтас сөйлем. Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас сөйлемнің жасалу жолдары:
Бағыныңқы компоненттің баяндауышы көсемше тұлғалары (-п, -а/-е) арқылы жасалады. Мысалы: Бір мезгілде қараңғылықты қақ жарып, бір адам суға келді (С. Ерубаев).
Бағыныңқы компоненттің баяндауышы -дай/-дей жұрнақты есімше арқылы жасалады. Мысалы: Кең бөлме бос қалғандай, ой ұясына қарап тұр (Ғ. Мүсірепов).

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 20 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау

1-тапсырма. Тақырыпты өрбіту:

1. Зәр шығару жүйесі.
2. Зәр шығару ағзаларының аурулары.
3. Зәр шығару ауруларына шалдығудың негізгі себептері.

2-тапсырма. *Мәтіннен төменде берілген қысқа ақпараттарды кеңейтіп толықтыратын үзінділерді табыңыз.*

- Зәр шығару жүйесі көптеген қызмет атқарады.
- Несептің (зәрдің) түзілуі – өте күрделі үрдіс.
- Бүйректер құрсақ қуысында жоғарғы бел омыртқалар тұсында орналасқан.
- Бүйректің қызметі алуан түрлі.
- Несепағар қабырғасы қалың, бұлшық етті, түтікше пішінді жұп мүше.
- Қуық – зәрді уақытша жинап тұратын мүше.
- Зәр шығару жүйесі жыныс аппаратымен тығыз байланысты.

3-тапсырма. *Мағынасына қарай сәйкестендіріңіз.*

Зәр шығару жүйесі адам ағзасындағы артық суды, тұздарды,	ол бүйрек түбегінен басталып, төмен қарай жүріп отырып, қуыққа келіп жалғасады.
Зәр шығару жүйесінің қызметі ағзада пайда болған несепті шығару болса,	қанды тұрақты жағдайға келтіріп тұрады.
Несепағардың ұзындығы шамамен 30 см, оның бас жағының диаметрі 2-4 мм,	сфинктер зәрдің қуықтан кері қарай, несепағарға өтуіне жол бермейді.
Сондай-ақ, бүйрек ыдырау үрдісінде пайда болған керексіз заттарды ағзадан шығарып,	жыныс мүшелері көбею қызметін атқарады.
Несепағар жақсы дамыған бұлшық ет талшықтарымен (сфинктер) қапталған,	зат алмасудан пайда болған қажетсіз заттарды сыртқа шығару қызметін атқарады.

Тапсырма 4. *Төменде пиелонифрит ауруы бойынша дәрігердің сұрақтары берілген. Науқастың жауаптарын дайындаңыз.*

1. – Қай жеріңіз ауырады?
   - ...
2. – Дене қызуыңыз бар ма?
   - ...
3. – Ауру кенеттен басталды ма, әлде көптен бері ауырасыз ба?
   - ...
4. – Беліңіз қалай ауырады, сыздап ауыра ма, әлде батып ауыра ма?
   - ...
5. – Зәріңіздің түсі өзгере ме?
   - ...
6. – Басыңыз ауыра ма?
   - ...
7. – Әлсіздік сезінесіз бе?
   - ...

8. – Бетіңізде, денеңізде ісік пайда болған жоқ па?

Тапсырма 2. *Төмендегі сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.*

1. Одно из заболевании мочевыделительной системы – воспаление мочевого пузыря. 2. Часто это заболевание развивается из-за внедрения микробов в мочевой пузырь. 3. Микробы попадают в мочевой пузырь после заболевании мочеточника и половых органов, гниения почек. 4. Повреждение слизистой оболочки, при осмотре медицинскими инструментами (цитоскопия) мочевого пузыря, наличие камней в мочевом пузыре, сильная простуда и другие факторы могут привести к заболеваниям мочевого пузыря.

Операционалды – дағды компетенциясы бойынша

Тапсырма 2. *Төмендегі сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.*

В процессе обмена веществ в тканях и органах накапливаются ненужные и вредные для организма шлаки. Они попадают в кровь, а затем вместе с избытком воды выделяются из организма в виде мочи. Образуется моча в почках, выполняющих функцию очищения крови и поддержания водного и солевого баланса.

Почки-главный орган мочевыделительной системы. Они расположены по бокам позвоночного столба на высоте последнего грудного и трех верхних поясничных позвонков под диафрагмой. Правая почка помещается обычно на 2-3 сантиметра ниже левой. Каждая почка имеет бобовидную форму. Длина почки у взрослого человека 10-12 сантиметра, ширина 5-6 сантиметра, толщина 3-4 сантиметра. Вес колеблется от 120 до 200 граммов. Почки очень щедро снабжаются кровью: за сутки через них протекает 600-700 литра крови! Образование мочи начинается в почечных тельцах. По собирающим протокам она поступает в почечные чашечки, а затем в лоханку – основной приемник мочи. От лоханки начинается мочеточник – проток по которому моча оттекает в мочевой пузырь. Длина каждого мочеточника в среднем 30-35 сантиметра.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: Жағдаяттық тапсырма:

Зәр шығару жүйесінің ауруларына байланысты консилиум ұйымдастырыңыз.

№ 24 сабақ

5.1.Лексикалық тақырып: Нефрология және урология.

Грамматикалық тақырып : Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.

Сағат саны: 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Мәтіндегі медициналық сөздер мен сөз тіркестерінің аудармасын беріп, қазақша өз ойын еркін жеткізуге үйрету, практикалық жолымен меңгерту; мәтінде кездесетін медициналық, терминдердің мағынасын түсіндіріп, мазмұнын өз бетінше баяндауға үйрету. Медициналық термин сөздердің аудармасын беріп, жазылуын үйрету, мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, өз бетінше мазмұнын айтуға баулу.

5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік корын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:
1.Үрмебұршақ тәрізді жұп мүше.
2.Зәр не арқылы шығарылады?
3.Бүйрек сыртқы қандай затпен қапталған?
4. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.
5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жаңама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Студенттер өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлемге жай сөйлемдері мағыналық жағынан бір-біріне қайшы келетін сабақтас құрмалас сөйлемдер жатады [1]. Мұндай сөйлемдердің синтаксистік компо- ненттері арасындағы мағыналық байланыс бағыныңқылардың басқа түрлеріндегідей бірін-бірі толық- тап, бірін-бірі сипаттап тұрмайды, керісінше, бір-біріне қарама-қарсы айтылады. Біріншіден, біз қар- сылықты бағыныңқылы сабақтастарды жасаудағы шартты райлы етістіктерге тоқталамыз. Бұл жол- дың өзі екіге бөлінеді.

1. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы етістіктің шартты рай тұлғасында (*-са*, *-се*) тұрады:
2. Шартты райлы етістікке да (*де, та, те*) дәнекерлігі қосылады.

Енді осының бірінші жолына сөйлемдер келтіре отырып талдаймыз. Мысалы: *Бірі табылса, бірі жоқ* (С.Жүнісов). *Ілгері аттайын десең, алдыңғы жағың тар қойнауға кептеліп қалған* (Ә.Кекілба- ев). *Айғайлайын десе, үні шықпайды* (С.Жүнісов). *Түн қараңғысында жасырынып келіп қорқытпақ- шы болып қылжақбастау жігіт қасына таянса, қойшы түк сезбейді* (С.Жүнісов). *Сенің шаруаң бол- маса, біздің шаруамыз бар қызыл комиссарларда* (Х.Есенжанов).

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.
Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау
1-тапсырма. *Сөйлемдерді бастаңыз.*

- ... ағзадағы су мен тұздың балансын (қалыпты жағдайда болуын) қадағалайтын жүйе.
- ... тәулігіне 1000-1800 мг зәр түзіледі.
- ... құрсақ қуысында жоғарғы бел омыртқалар тұсында орналасқан.
- ... құрамында 2-4% құрғақ зат бар, ал қалғаны су болады.
- ... зәрдің қуықтан кері қарай, несепағарға өтуіне жол бермейді.
- ... пішіні жалпы оның созылуына, толуына қарай өзгеріп отырады.
- ... ыдырау үрдісінде пайда болған керексіз заттарды ағзадан шығарып, қанды тұрақты жағдайға келтіріп тұрады.

2-тапсырма. *Төмендегі кестені пайдалана отырып мәтін құрастырыңыз.*

Адам ағзасынан тәулігіне шығарылатын өнімдер

Ағза атауы	**Су**	**Көмірқышқыл газы**	**Қалдық заттар**
Тері	700-900 гр.	4-6 л.	7-9 гр.
Бүйрек	1500 гр.	30-50 см³.	60-65 гр.
Өкпе	500 гр.	450-500 л.	Жоқ

3-тапсырма. *Төмендегі фразалық тіркестердің* ***беретін мағыналарын сәйкесттендіріп, олармен сөйлем құрыңыз.***

1	*Бүйректен сирақ шығару*	*а*	Әсерлену

2	*Бүйрегін бұру*	*ә*	тамақтанбай жүру
3	*Бүйірі қызу*	*б*	дау шығару
4	*Аш құрсақ жүру*	*в*	жанашыр болу, қамқорлығына алу

Тапсырма: мамандық таңдау мен мамандық алу ара қашықтығы туралы ой толғау. Топ ішіндегі проблемалық сұрақтарға топпен жауап беру.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: ауызша сұрақ жауап

№ 25 сабақ

5.1. Лексикалық тақырып: Эндокриндік жүйе аурулары.

Грамматикалық тақырып: Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Сағат саны: 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Мәтіндегі медициналық сөздер мен сөз тіркестерінің аудармасын беріп, қазақша өз ойын еркін жеткізуге үйрету, практикалық жолымен меңгерту; мәтінде кездесетін медициналық, терминдердің мағынасын түсіндіріп, мазмұнын өз бетінше баяндауға үйрету. Медициналық термин сөздердің аудармасын беріп, жазылуын үйрету, мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, өз бетінше мазмұнын айтуға баулу

5.3. Оқу мақсаттары:білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Қалқанша без ауруының пайда болуы;
2. Қант диабетінің негізгі симптомдары
3. Қант диабетінің екінші деңгейлі симптомдары
4. Гипо және гипергликемия синдромы.
5. Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Пікір-талас

Пікір-талас – оқытушы тарапынан ұсынылған негізгі мәселелер төңірегінде пікір-таласқа қатысушылар жақтаушы не даттаушы болып екіге бөлініп, өзінің көзқарасын нақты мәліметтерді, дәйектемелерді көрсете отырып дәлелдейді. Өзінің қарсыласын жеңе алатындай дәлеледер келтіріп, сөз шеберлігін, қызуқандылық танытады. Пікір-таласты оқытушы бақылап, бағыт береді.

Эндокриндік жүйе аурулары.

Эндокринология (грек. endon – ішкі, krino – бөліп шығарамын және logos - ілім) - эндокриндік бездердің құрылысы, қызметі, олар бөліп шығаратын өнімдер-гормондар, сондай-ақ осы бездердің қызметі бұзылуы салдарынан туатын аурулар туралы ғылым.Адам ағзасында эндокриндік жүйе маңызды қызмет атқарады. Эндокриндік бездерге *гипофиз, эпифиз, қалқанша, қалқан серік* бездері, *айырбез, бүйрек үсті, ұйқыбез* және *жыныс бездері* жатады. Ағзадағы жүйке жүйесі мен ішкі секреция бездері тығыз байланыста болып, әртүрлі қызметтер мен жүйелердің үйлесімділігін қамтамасыз етеді.

Жүйке талшықтарымен келген қозулар гормондардың түзілуі мен олардың белсенділігін өзгертіп, бездерге тікелей әсер етеді. Эндокриндік функцияның орталық буыны – *бездер*. Бездерде гормондар түзіледі және қанға шығарылады. Ішкі секреция бездері қоршаған ортаның өзгерістеріне өздерінің функциясын күшейту немесе бәсеңдету арқылы жауап қайтарады.Ішкі секреция бездерінің өнімдерін *гормондар* деп атайды. Гормон гректің horman- қоздыру, активтендіру деген сөзінен алынған. Гормон деген терминді 1902 жылы ағылшын зерттеушілері Бейлисс пен Старлинг енгізген. Ішкі секреция бездері жүйесінде гипофиздің алатын орны ерекше. Гипофизді ішкі секреция бездерінің «орталық безі» деп атайды. Өйткені, ол өзінде түзілетін тропты гормондары арқылы ағзадағы шеткі бездердің қызметін реттейді. *Қалқанша без* эндокриндік жүйенің ішіндегі аса маңызды бездердің бірі. Ол туралы алғашқы мағлұматтарды 1543 жылы Везалий жазған. 1656 жылы Вартон оны «қалқанша без» деп атады. 1827 жылдан бастап оның ағзада атқаратын қызметі эксперименттік жолмен зерттеле бастады. Қалқанша без мойын аймағында, кеңірдектің алдында орналасқан. *Бүйрек үсті бездері* бүйректердің жоғарғы жағында (полюсінде) орналасқан. 1849 жылы Аддисон бүйрек үсті бездерінің физиологиялық және функционалдық маңызын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп шықты. *Ұйқы безі* денедегі аса ірі бездер қатарына жатады және қарынның артын ала он екі елі ішек пен көкбауырдың арасында орналасады. Ұйқы безі ішкі (эндогендік) және сыртқы (экзогендік) секрециялық қызмет атқарады.


Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.

Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем - бағыныңқылы сөйлем басыңқы сөйлемдегі ойдың болу шартын білдіретін сабақтастың түрі. Шартты бағыныңқылы сөйлем қайтсы? не етсе? Қайткенде? Не еткенде? Қайтпей? Не етпей? Қайтпейінше? Не етпейінше ? деген сұрақтарға жауап береді. Шартты бағыныңқылы сөйлемнің баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады:
а) Етістіктің шартты рай түрінен болады. Осындай қалың жұрт батысқа қарай ағылып бара жатса, сол көптің бірі боп біз қандай оп – оңай араласып кетер едік.
ә) Болымсыз етістіктің –й тұлғалы көсемше түрінен болады: Мен үйге келмей, іс бітпейді.
б) Жатыс септік тұлғасындағы есімшеден болады. Қара теке Әзімбай болғанда, осы текенің әкесі – сары теке қатар тұр еді.

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 20 мин.

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

1-тапсырма. *Бездердің қызметтерін сипаттап беріңіздер*





Тапсырма 2.Мәтінде кездесетін жаңа сөздер мен сөз тіркестерін оқып, жаттап алыңыз.

без - железа
құрылысы - строение
өнім - выработка, продукция
қалқанша без - щитовидная железа
қалқан серік бездері – паращитовидные железы
айыр без - вилочковая железа
бүйрек үсті - надпочечник
көк бауыр – селезенка
үйлесімділік – совместимость, соответствие
талшық - волокно
түзілу- образоваться
бәсеңдеу - приутихнуть, ослабить
күшейту - усилить
мағлұмат - сведение
он екі елі ішек - двенадцатиперстная кишка

Тапсырма 3. Мәтін бойынша берілген сөз тіркестерін оқытушының көмегімен орыс тіліне аударыңыз.


Жүйке талшықтары, *жыныс бездері,* кеңірдектің алдында, гормондар түзіледі, шеткі бездердің қызметі, бездерге тікелей әсер ету, қоршаған ортаның өзгерістері, белсенділігін өзгерту, жүйелердің үйлесімділігі.

Тапсырма 4. Көп нүктенің орнына керекті қосымшаны қойып, сөйлемді толықтырыңыз.

1.Бездер екі топ ... бөлінеді.2.Ішкі секреция бездері сөл ... қанға бөледі.3. Сыртқы секреция без ... сөлді өзектері арқылы бөледі.4. Адамның дамуы... әсерін тигізеді.5.Бұл жүйе... жататын безден гормон бөледі.6.Гормондар қан арқылы бүкіл дене... тарайды.7.Ішкі секреция бездері... қызметін жүйке жүйе... басқарады.

Тапсырма 5. *Мәтіннен өздеріңіз үшін жаңа болып табылатын ақпараттар туралы баяндаңыз.*

Сөзжұмбақ



1. Мозг; 2. Плечо; 3. Поясница; 4. Мочевой пузырь; 5. Тело; 6. Спинной мозг; 7. Сердце; 8. Бөртпе; 9. Подмышка; 10. Кашель; 11. Моча; 12. Спина; 13. Кожа; 14. Пот; 15. Бедро; 16. Живот.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Эндокриндік бездерге қандай бездер жатады?
2. Қалқанша без туралы не білесіз?
3. Ұйқы безі қайда орналасқан?
4. Сыртқы секреция бездеріне қандай бездер жатады?
5. Олар сөлін қайда бөледі?
6. Ішкі секреция бездерінің қызметі қандай?
7. Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

№ 26 сабақ

5.1. Лексикалық тақырып: Қант диабеті.

Грамматикалық тақырып: Аралас құрмалас сөйлем.

Сағат саны: 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Мәтіндегі медициналық сөздер мен сөз тіркестерінің аудармасын беріп, қазақша өз ойын еркін жеткізуге үйрету, практикалық жолымен меңгерту; мәтінде кездесетін медициналық, терминдердің мағынасын түсіндіріп, мазмұнын өз бетінше баяндауға үйрету. Медициналық термин сөздердің аудармасын беріп, жазылуын үйрету, мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, өз бетінше мазмұнын айтуға баулу.

5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Қант диабеті ауруының пайда болу себептері.
2. Алдын алу шаралары.
3. Аралас құрмалас сөйлем.

5. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне жету үшін оқытудың негізгі түрлері/әдістері/технологиялары: бағыт бағдар беру

Қант диабеті.

Аурудың қант диабеті деген атының өзі гректің - «тәтті қант» деген сөздерінен шыққан.Көне замандағы дәрігерлерге қант диабетіне шалдыққан адамдардың зәрінің дәмі тәтті екендігі белгілі болған.Қант диабеті ұйқы безінің В клеткалары бөліп шығаратын сөл,инсулиннің жетіспеуіне байланысты пайда болады.Инсулин- ағзадағы зат алмасу процесін,көмірсутегін,май мен белокты реттейтін гормон.Инсулиннің тапшылығынан денедегі зат алмасуы,әсіресе, көмірсутегі заттардың химиялық ажырауы мен денеге сіңу процестері бұзылады да қанның құрамында қанттың қалыпты деңгейі жоғарлаған кезде

бүйректен сүзіліп өткен глюкоза несеппен бөлініп шығады.Аурудың негізгі белгілері:шөл,ауыз қуысы құрғайды,жиі және көп мөлшерде зәрдің бөлінуі.Диабет асқынып кетсе өте қауіпті.Науқастарды екі топқа бөледі.Қан құрамындағы қант деңгейін төмендету үшін арнайы препараттар беріледі.Қант диабетіне шалдыққан Қазақстан азаматтарына арнайы төлқұжаттар беріледі

Аралас құрмалас сөйлем

Құрамындағы жай сөйлемдері бір-бірімен салаласып та, сабақтасып та байланысқан құрмаластың түрін аралас құрмалас сөйлем дейміз.

Амантай Серғазыларға ақылдасып еді, Жамантайдың науқасының түрі жаман болғандықтан, олар ырық бере қоймады.

Аралас құрмалас сөйлемнің құрамында кемінде үш жай сөйлем болады. Олардың екеуінің баяндауышы тиянақты да, біреуінің баяндауышы тиянақсыз болып келеді. Баяндауышы тиянақсыз сөйлем бірде аралас құрмаластың бас жағына орналаса, бірде тиянақты жай сөйлемдердің арасына орналасады.

Мысалдары:

1. Күн шығып, ел тұра бастады, - Нұрлан әлі жоқ.

Сызбасы: бағыныңқы, басыңқы, басыңқы.

2. Қорған кезінде топырақ араластыра тастан қаланған екен де, бұл кезде қорғанның үстіне жыңғыл мен шеңгел араласа шығып, өзінше ол да бір сән беріп тұр.

Сызбасы: басыңқы, бағыныңқы, басыңқы.

Аралас құрмалас кейде төрт жай сөйлемнің құрмаласуы арқылы да жасалады. Мұндайда екі жай сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз болып келеді. Тиянақсыз сөйлемдер бірде аралас құрмаластың бас жағына бірыңғай орналасса, бірде тиянақты сөйлемдердің арасына орналасады немесе тиянақсыз сөйлем мен тиянақты сөйлемі кезектесе орналасады.

1. Ақбоз алдыңғы екі аяғын ербитіп, көзі шатынап тұра бергенде, Шолақ құлағын төмен қарай тұқырта басып қалып еді – ат етпетінен түсті.

Сызбасы: бағыныңқы, бағыныңқы, басыңқы, басыңқы.

2. Дастарханда қағаздағы шимайда не сиқыр жатқанын Шәрипа мен Нұрбай біле алған жоқ, бірақ дән шығындалу тыйылған соң, екеуі де инженерге ден қойып, оның аузынан шыққан сөз атаулыны бас шұлғи мақұлдады.

Сызбасы: басыңқы, бағыныңқы, бағыныңқы, басыңқы.

3. Кеген ауданына келгенінше, мен де аңшы емес едім, мұнда келген соң, еріксіз үйрендім.

Сызбасы: бағыныңқы, басыңқы, бағыныңқы, басыңқы.

Аралас құрмалас сөйлем – кемінде үш сөйлемнен құралып, бір-бірімен салаласа да, сабақтаса да байланысатын құрмалас түрі.

Аралас құрмалас сөйлемнің сызбасы төмендегідей:

Басыңқы, бағыныңқы, басыңқы	Қарағандының қары биыл бұрқан-тарқан қауырт еріп еді, сай салалар суға толып, қырдың тентек өзендері сақылдап тасығалы кемерлеп тұр.
Бағыныңқы, басыңқы, басыңқы.	Көзін сәулеге үйреткен Асқар терезеден қараса, аспан айдай ашық екен де, шуақты күн түске тармасып қалған екен.
Бағыныңқы,басыңқы,бағыныңқы, басыңқы.	Лиза ойнап есік алдына шығып кетсе, әке-шешесінің дауыстары үздіксіз шығады да, Лиза үйге қайтса, сөздерінің аяқталмай тоқталғаны аңдалады.
Басыңқы,бағыныңқы,бағыныңқы, басыңқы.	Ол бастықтың бөлмесіне келген еді, бірақ басқа келгендер болып, көпке дейін кезек келмей, есік алдында күтіп қалды.

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Тапсырма 1. Төмендегі қанатты сөздердің мағынасын түсіндіріп беріңіз.

1. Адам үшін денсаулықтан артық бағалы зат жоқ.

А.А.Семашко.

2. Тәннің саулығына ең жақсы шипалы дәрі – сергек әрі жайдары көңіл-күй.

Х.Бострем.

Тапсырма 2 . Төменде қант диабетімен ауырған науқасқа дәрігердің сұрақтары берілген. Науқастың атынан тиісті жауабын жазыңыз.

1. - Қандай себеппен келдіңіз?
   - ...
2. – Қашаннан бері аурасыз?
   - ...
3. – Қан қысымыңыз төмендеп кетіпті. Ал жүрегіңізде шуыл бар екен. Өзіңіз бұрын емделіп пе едіңіз?
   - ...
4. – Күніне неше литрдей су ішесіз?
   - ...
5. – Аузыңыз, тіліңіз құрғап кете ме?
   - ...
6. – Қаныңызды, зәріңізді өткізіңіз. Анализдеріңізді тексерейік. Диагноз анықталған соң емделесіз.

Сөздікпен жұмыс

қант диабеті- сахарный диабет зәр- моча
ұйқы безі- поджелудочная железа көмірсутегі -углевод
химиялық ажырауы -химическое разъединение
шөл- жажда асқыну -обостриться
көп мөлшерде -в большом количестве.
Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин
Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.
Сабақты қорытындылау: 10 мин.
Үйге тапсырма беру: 5 мин.
5.7. Бақылау: сөздік жұмысы.
Сұрақтар тізімі
1. Қант диабеті деген сөз қандай мағына береді?
2. Қант диабеті неге байланысты пайда болады?
3. Инсулин қандай гормон?
4. Инсулиннің тапшылығынан ағзада қандай өзгеріс болады?
5. Аурудың негізгі белгілері қандай?
6. Ауруды қалай емдейді?
7. Аралас құрмалас сөйлем дегеніміз не?
8. Аралас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары.

№ 27 сабақ

5.1. Лексикалық тақырып: Балалар аурулары.
Грамматикалық тақырып: Төл сөз бен төлеу сөз. Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібі.
Сағат саны: 2 сағат 90 мин.
5.2. Мақсаты: Мәтіндегі медициналық сөздер мен сөз тіркестерінің аудармасын беріп, қазақша өз ойын еркін жеткізуге үйрету, практикалық жолымен меңгерту; мәтінде кездесетін медициналық, терминдердің мағынасын түсіндіріп, мазмұнын өз бетінше баяндауға үйрету.

Медициналық термин сөздердің аудармасын беріп, жазылуын үйрету, мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, өз бетінше мазмұнын айтуға баулу.

5.3. Оқу мақсаттары:Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5. 4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1 Балалар ауруларының сипаты мен емі.

2.Балалар ауруларының түрлері.

3. Төл сөз бен төлеу сөз.

4. Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібі.

5.5. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне жету үшін оқытудың негізгі түрлері/әдістері/технологиялары: бағыт беру

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Студенттер өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

Балалар аурулары.

Балалар ауруы - нәрестелер мен жас балалардың арасында табиғи жағдай мен этностың өзіндік генетикалық жаратылысының ерекшелігіне байланысты жиі кездесетін сырқат, ауру түрлері.

Дәстүрлі ортада ұрпақтың өркен жайып, өсіп-өнуіне ерекше мән берген. Халық ауыз әдебиеті үлгілеріндегі этномәдениетке және салт- дәстүрге байланысты пайымдаулардан көп балалы болу - қауым мүшелерінің мұраты болғандығы байқалады. Жас жұбайларға «көген көздерің оншақты болсын, көгендерің бұршақты болсын», деп бата беруі, беташар жырында «алдыңғы етегіңді бала бассын, артқы етегіңді мал бассын» деп келінге игі тілек білдіруі осының нақты айғағы. Қазақ қоғамында ересектердің денсаулығы мықты, төзімді болатыны, ауруға аз шалдығатыны туралы саяхатшылар мен зерттеушілердің еңбектерінде аз айтылмаған. Алайда нәрестелер мен жас балалардың арасында тіршілік жағдайына байланысты туындайтын ауру түрлері жиі бой көрсетіп тұрған. Бала ауруын емдеу шараларын негізінен баланың күтімі мен тәрбиесіне жауапты ата-анасы мен жақындары, соның ішінде көп бала өсірген әйел адамдар жүргізген. Ал аурудың сипаты мен ауырлығына қарай емдеу шараларын емсек, тәуіп, оташы, сынықшы, бақсы сияқты«мамандандырылған» адамдар жасаған. Баланы дауалаудағы кейбір шаралар екінші жағынан сақтандыру сипатында болады және түрлі емдеу жолдары мен тәсілдерін ұштастыра кешенді түрде жүргізіледі. Жас нәрестеде жиі кездесетін ауру түрлерін халықтық эмпирикалық тәсілдермен дауалаған. Айталық, баланың құлағына суық тиіп ауырғанда, тары қуырып, қуырылған тарыны ыстық күйінде мақта матадан тігілген кішкене қалтаға салып, құлағына тартады; баланың тамағы ауырса, саусағын күйеге шылап, тамағын басады; егер іріңдеген болса, саусағын күйелеп іріңді жарады; жарылған ірің ішке кетпей, күйемен бірге сыртқа шығады деп білгендіктен, саусағын күйеге шылаған.

Шошыну, қорқу, үрейлену

Баланың ауруға жиі шалдығуы шошыну, қорқу, үрейлену сияқты себептерге байланысты пайда болады деп сенген қазақтар ондай ауруларды «қорықтық құю» тәсілімен

емдеген. Шошынған баланың ұйқысы қашып, сандырақтап сөйлейді. Ондайда баланың басына орамал жауып, құбылаға қаратып отырғызады. Су құйылған кесені баланың басынан жоғары ұстап тұрып, оған алдын ала ертіп дайындаған қорғасын құяды. Быжылдап шыққан дыбыстан шошынған бала селк етіп, ұйқыдан оянғандай әсерде болады. Кейін баланы қымтап жатқызғанда тыныш ұйықтап қалса, емнің балаға әсер еткені деп біліп, баланың неден шошынғанын қатқан қорғасынға түскен бейнеден көрген. Мысалы, иттен шошынса иттің, мысықтан шошынса мысықтың т.б. бейнесі қатқан қорғасын бедерінен көрінеді екен-мыс.

Көз тию

Егер ауырған баланы тәуіпке көрсетсе, ол алдымен баланың екі шекесіне саусақтарын қойып, тамыр соғысын бақылайды. Бала ауруының негізін анасының сүтінен деп тапса, анасына үш күн бойы тамақ бермей, тек күшала қайнатып берген. Ол үшін күшаланың бұршағын қабығынан тазартып, шәйнекке салып қайнатады да, оған бір қасық сүт қосады. Дәрі балаға анасының омырау сүті арқылы барады деген. Көз тиген баланың денесі мұздап немесе дене қызуы көтеріліп, аузына емшек алмай, шырқырап жылайды. Бала шалқалап жылағаннан талып қалатын кездер де болады. Емші балаға көз тигенін оның мандай тамырының шодырайып шығып тұрғандығынан және шалқалап жылауынан, тамыр соғысынан біледі. Үлкендердің айтуынша, көз кез келген адамға тие бермей, қаны тұщы адамдарға көз тигіш келеді екен. Балаға көзі тиген күмәнді адам белгісіз болуы да мүмкін. Мұндайда дереу иттің итаяғына жеті жапырақ нан салып, оны итке жегізеді. Ит нанды жеп жатқанда «өзіңнен басқаға ем бола гор», деп тілейді. «Көз арамнан қашады, адалға үйір» деп, ит итаяқтағы асын ішіп-жеп боғлан соң, итаяқта қалған суды таза легенге құйып алады да, суды жылытып, қанжылым суға баланы шомылдырып отырып, «көзің тисе көзің шықсын, тілің тисе тілің кесілсін», деп арбау сөздер айтады. Балаға көз тиюді дәстүрлі ортада ит тию деп те атайды. Баланың анасы көзі тиген күмәнді адамның кім екенін білсе, оның бағалы киімінен өзіне білдірмей қиынды қиып алады да, оған кептірілген адыраспан қосып түтетіп аластайды. Егер адыраспан шатырлап жанса, балаға тиген көздің қайтқаны деп түсінген. Кейде күмәнді адамды алып келіп, балаға үшкірту арқылы емдейді. Баланы жалаңаштап шешіндіріп, көзі тиген кісінің алдына жатқызып маңдай, бет алдына, етбетінен жатқызып жауырынына үшкіртеді. Бала бақалы көлшікке шомылатын болса, баланың қолына сүйел шығады деген түсінік болған. Сүйелді толған айға қаратып, «сенде мынадай әшекей бар ма, жоқ болса алшы менің әшекейімді» деп, арбау сөздер айта отырып, ақ шүберекпен сүйелді сүртеді. Осылай үш рет қайталайды. Кейде сүйелді сиыр жапасының үстіне жауған жаңбыр суымен де жуады. Емдеудің тағы бірінде сүйелді аттың қылымен оны айналдыра байлап тастайды. Сүйел бірнеше күннен кейін үзіліп түседі.

Сыздауық, шиқан

Сыздауық, шиқан суық тигеннен шығады. Көршиқан - денеге топ-топ болып шығатын шиқан түрі. Шиқан мен сыздауықты қаздың жемсауын тарту арқылы емдейді. Қазды «ем болсын» деп, арнайы сойып, жемсауын бөлек алып, біраз уақыт жылы суға салып қояды. Жемсау әбден жұмсарған кезде оны шиқанның немесе сыздауықтың үстіне тартып, дәкемен орап, таңып тастайды. Балаға қызылша шығып ауырғанда, баланың денесі түгел бөртіп, тамаққа тәбеті болмайды, дене қызуы көтеріледі. Өмірден түйгені көп әжелер, Бала ауруынан әбден айыққанша, кір жууға мүлдем тыйым салады. Кір жуылса, баланың денесіндегі қызылша бөртпесі кірдің көбігіндей қаптап көбейіп, жазылуы ұзаққа созылады деп түсінген. Мұндайда баланың үстіне қызыл түсті киім кигізеді, терезеге қызыл түсті перде ұстайды, қызыл түсті көрпе жабады. Баланы терлетуге тырысып, ыстық сүт береді.

Қарамық

Балаға қарамық шыққанда да осыған ұқсас, бірақ мұнда қызылшаға қарағанда ірілеу қоңырқай қара түсті бөртпе шығады. Қарамық шыққанда да домбырада күй немесе қобыз

сарынын тыңдатқан өте пайдалы. Бала ауруынан айыға бастағанда қарамықтың беті қотырланып, түсе бастайды. Жазылған қарамық орны ақтаңдақтанып белгілі болып тұрады, бірте-бірте білінбей кетеді. Көнекөз әжелердің айтуынша, қызылша, қарамық адамға өмірінде міндетті түрде бір рет шығады, біреуге бала кезінде шықса, біреуге ересек болғанда шығады.Қалампыр немесе пиязды шайнап, баланың бетіне үшкіріп бүрку немесе қара қойдың өкпе-бауырымен қағу да бала ауруна қарсы жасалатын шаралар қатарында. Кейде баланың кіндігі бүртиіп шығып кетсе, жылқының құмалағын басып жазатын болған. Құмалақты аларда «өзіңнен өзгеге ем бол», деп алады. Баланың аузы уылса, кірпінің инесін күйдіріп, күлін аузына себеді. Баланың кіндігіне суық тисе, кіндігінің түбі аздап суланып, іші торсылдап кеуіп кетеді. Іші кепкен бала мазасызданып, ұйқысы қашады. Мұндайда баланың әжесі бас бармағын суға пісірілген жұмыртқаның сарыуызына араластырылған күйемен шылап, баланың кіндігін сағат тілімен солдан оңға қарай бұрайды. «Менің ұолым емес, пірім бибі Бәтиманың қолы,шипасын тигізе гөр», деп тілек сөздер айтады. Осылай үш рет қайталайды . Жаңа туған сәбиді қырқынан шыққанша маймен сылап, денесін уқалай отырып, аяқ-қолын созады. Баланың денесінде болатын майда тікенектен баланың мазасы кетіп, ұйқысы бұзылады, яғни тікенек баланың арқасына шым-шым батады. Мұндай тікенекті қолының ұшымен сезетін әжелер, баланы ет-бетінен жатқызып, жұқалап маймен сылап, сипалау арқылы тікенекті алады. Тікенектен арылған бала ұзақ ұйықтайды. Баланың құлағына суық тиіп ауырғанда, қазанды ысытып, тарыны қуырады. Қуырылған тарыны ыстық күйінде мақта матадан тігілген кішкене қалтаға салады. Баланың суық тиген құлағын төмен басып жатқызып, тарыны құлағына тартады. Мұндай емдеуді өмірден тәжірибесі мол әжелер атқарады. Баланың тамағы баспамен ауырса, саусағын күйеге шылап, тамағын басады. Сондықтан ол баспа ауруы деп аталған. Егер іріңдеген болса, саусағын күйе шылап іріңді жарады. Күйеге шылайтын себебі, жарылған ірің ішке кетпей, күйемен бірге сыртқа шығады деп есептеген.

Төл сөз бен төлеу сөз

Кейде сөйлеуші өз сөзінің ішінде басқа біреудің де сөзін, айтқан ойын келтіріп отырады. Сөйтіп, бір сөйлемнің ішінде екі адамның сөзі, пікірі, ойы қолданылады. Мысалы: Жұман көштің алдына түсіп алып: "Қайтсем Игіліктің жанына қаттырақ батырар екенмін",- деп келе жатыр еді (Ғ.Мүсірепов). Бұл мысалда «Қайтсем Игіліктің жанына қаттырақ батырар екенмін» деген Жұманның сөзі өзгерілместен сөйлемнің ішіне енген. Міне, осындай біреудің сөзін бұлжытпай, өзгеріссіз өз сөзінің ішінде берілуін **төл сөз** дейміз.

Сөйлеуші өз сөзінің ішінде басқа біреудің сөзін өзгертіп, жалпы мазмұнын ғана сақтап беруін **төлеу сөз** дейміз. Жоғарыдағы сөйлемді былай да құрауға болады: Жұман көштің алдына түсіп алып, қайтсе Игіліктің жанына қаттырақ батыруды айтып келе жатыр еді. Бұнда Жұманның сөзі өз аузынан шыққан калпында беріліп тұрған жоқ.

Мысалы: Амандық-саулық сұрасқаннан кейін, комиссар Мұхамедияров менің осы ротаға политрук болып тағайындалғанымды айтты (Ғ.Мүсірепов) деген комиссар Мұхамедияровтың өзі сол күйінде емес, сөйлем ішінде мазмұны сақталып берілген.

Төл сөзді төлеу сөзге және керісінше төлеу сөзді төл сөзге айналдыруға болады.

Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібі

Төл сөз бен автор сөзінің орналасу тәртібі төрт түрлі болады:

1. Төл сөз автор сөзінен бұрын тұрады. Мысалы: "Дені сау кісіге қарап отыру қиын ғой",- деп Жамал даусын солғындау шығарады. (Ғ.Мұстафин).

2. Төл сөз автор сөзінен кейін тұрады. Мысалы: Жиренше сөз таба алмайұялып қалды: "Ұят болды. Өзім де өкіндім". (М.Әуезов).

3. Төл сөз автор сөзінің ортасында тұрады. Мысалы: Келді де: "Абайшырағым, сені әкең шақырып жатыр",- деді. (М.Әуезов).

4. Төл сөз автор сөзінің екі жағында тұрып, автор сөзі төл сөздің ортасына орналасады: "Өз өлеңім емес,- деді мынау үлкендердің шамасын біраз қылжақ еткендей боп, - бағана кешке Шөжені көріп ем, соның өлеңі.

(М.Әуезов).

Кейде төл сөз бен автор сөзінің көп құрамды күрделі түрі де кездеседі. Ол сабырлы, момын пішінмен: "Шүкірлік, әке,- деп біраз тұрды да: Ат барған соң, дәріс тәмам болмаса да, хазіреттің рұқсатын, фатихасын алып қайттым",- деді. (М.Әуезов). Төл сөз бен автор сөзі бір-бірінен арнаулы тыныс белгілері арқылы бөлінеді. Төл сөз әдетте тырнақшаға алынады да, төл сөз хабарлы сөйлем болса, үтір (сөйлем бітсе нүкте), лепті сөйлем болса, леп белгісі, сұраулы сөйлем болса, сұрау белгісі қойылады. Төл сөздің алдында тұрған автор сөзінен кейін қос нүкте қойылады да, төл сөзден кейін келген автор сөзінің алдынан сызықша қойылады.

Оны схемамен былай көрсетуге болады:

1. «Төл сөз» - автор сөз
2 . Автор сөзі: «төл сөз»
3. Автор сөзі: «төл сөз» - автор сөзі
4. «Төл сөз» - автор сөзі - «төл сөз»

Кейде төл сөз тырнақшаға алынбай, сызықшамен басталып жазылады.

Схемасы былай:

Автор сөзі - төл сөз, автор сөзі - төл сөз, - автор сөзі.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7.Бақылау: *Балалар ауруларына байланысты жағдаятты сұхбат құрыңыз.*

Төл сөз бен төлеу сөз. Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібіне мысалдар келтіріңіз.

№ 28 сабақ

5.1. Лексикалық тақырып: Жұқпалы аурулар.

Грамматикалық тақырып: Бөгде сөз, оның түрлері.

Сағат саны: 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Білім алушылардың теориялық білімдерін саралай отырып, практикалық дағдымен байланыстыру, шапшаңдыққа мысалдар арқылы танымдық қасиеттерін шыңдауға, ой – қиялын өз ойымен бере білуге тәрбиелеу.

5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік корын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Жұқпалы аурулар неден пайда болады?
2. Қай кезде жұқпалы ауруларды толық зерттеуге мүмкіндік туды?
3. Жұқпалы ауруда аурудың қандай кезеңдері болады?
4. Аурудың қозуына не әсер етеді?

5. Жұқпалы аурулар не арқылы жұғады?

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Жұқпалы аурулар.

Жұқпалы аурулар адам ағзасына микроорганизмдердің енуінен пайда болады.Бұл микроорганизмдер ағзаға лас қол, тағам, су, ауа, түкірік, қақырық арқылы енеді. Бит, маса, кене, бүрге арқылы таралатын да жұқпалы аурулар бар. Аурудың қозуына адам ағзасының ауруды қабылдағыштық қасиеттерінің, сыртқы ортаның жағдайы, ауру қоздырғыш микробтардың мөлшері, ағзаның жалпы күйі де әсер етеді.

XX ғасырда бактериология, микробиология және иммунология ғылымдарының дамуы жұқпалы ауруларды толық зерттеуге мүмкіндік туғызды. Әсіресе, француз ғалымы А.Пастердің, неміс бактериологы Р.Кохтың және орыс ғалымдары И.И.Мечников, Н.Ф.Гамалей т.б. еңбектерінің зор маңызы болды. Жұқпалы ауруда аурудың жасырын кезеңі, даму кезеңі, айығу кезеңі деген үш кезең болады. Бұл кезеңдер бірінен соң бірі өтеді. Әрбір кезеңнің өту мерзімі аурудың түріне, ағзаның жағдайына байланысты болады. Сондықтан науқастың аурудан айығуы әр түрлі мерзімде аяқталады. Сондай-ақ аурудың белгілері де әр алуан болады.

Мысалы, іш өту – көбіне жұқпалы дизентерия, тырысқақ т.б. ішек жұқпалы аурулардың негізгі белгісі болып есептелінеді. Жөтел - өкпе қабыну, тыныс алу жүйесі, көкжөтел, тұмау т.б. ауруларына тән. Денеде бөртпелердің пайда болуы – іш сүзек және бөртпе сүзек ауруларының, қызылша, қызамық т.б. жұқпалы аурулардың басты белгілерінің бірі. Жалпы жұқпалы ауруға шалдыққан адамдарға ортақ белгі селсоқтанып мазасы кетеді, дене қызуы көтеріледі. Бауыр мен тамақтың ісінуі мүмкін. Науқас ауруханаға жеткізіліп, аурудың түріне қарай емделеді.

«Жұқпалы аурулар» бойынша сұхбат құруға қажетті сөздерді және сөз тіркестерін есіңізге сақтаңыз.

ауыз су-питьевая вода
іш өту-понос
желшешек-ветрянка
жуу-мыть
тамақ ішер алдында-перед едой тұмауға қарсы егу-прививка против гриппа
қабылдау-принимать
жөтел-кашель
шикі ет-сырое мясо
жұқтыру-заражать
үй өсімдіктері-домашние растения
кір жуатын ұнтақ-стиральный порошок
ірің-гной
таза ауада-на чистом воздухе
мазасы кету-беспокоиться
асқыну-осложняться
ауру асқынған кезде - во время обострения болезни
денсаулықтың кепілі-залог здоровья қайнату-кипятить

Бөгде сөз

Бөгде сөз – сөйлегенде не жазғанда баяндап отырған мәселеге байланысты келтірілген басқа біреудің сөзі, пікірі. Бөгде сөзді қолданудың негізгі мақсаты. Баяндап отырған мәселе жқнінде автордың өз пікірі, пайымдауларының дұрыстығындәлелдеу, соны кеңейтіп көрсету.Бөгде сөзді қолдану тәсілі әр түрлі: көп жағдайда басқа біреудің сөі, пікірі ешқандай өзгеріссіз, түпнұсқасы сақталып, төл сөз түрінде , кейде басқа біреудің пікірі ғана сақталып, түгелдей автордың өз сөзімен берілген төлеу сөз түрінде де қолданылады. Мысалы: «Мал жұтайды, өнер жұтамайды» -деген Абай . Осы сөйлемде «мал жұтайды, өнер жұтамайды» деген Абайдың сөзі ешқандай өзгеріссіз айтылған күйінде беріліп тұр.

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 20 мин.

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау

1-тапсырма. *«Жұқпалы аурулар» бойынша дәрігердің сұрақтары берілген. Науқас адамның атынан жауап беріңіз.*

Жұқпалы аурулар бойынша сұхбат

- Қай жеріңіз ауырады?
- Ауырғаныңызға қанша күн болды?
- Денеңіз қашан сарғая бастады?
- Үлкен дәретіңіздің түсі қандай?
- Кіші дәретіңіздің түсі қандай?
- Тамаққа тәбетіңіз қалай?
- Қандай тамақ ішесіз?
- Ішетін суды қайдан аласыз?
- Үйде жұқпалы аурумен ауырған адам болды ма?
- Ішіңіз өте ме?
- Ішіңіздің төменгі жағы, тік ішегіңіз жиі ауыра ма?
- Жүрегіңіз айни ма?
- Қандай антибиотиктер қабылдадыңыз?
- Тамақ ішер алдында қолды сабындап жуасыз ба?
- Қандай дәрі іштіңіз?
- Денеңіздегі бөртпе қашан пайда болды?
- Бұрын жұқпалы аурумен ауырдыңыз ба?

- Что вас беспокоит?
- Сколько дней болеете?
- Когда появилась желтушность кожи?
- Какого цвета стул?
- Какого цвета моча?
- Какой аппетит?
- Какую пищу употребляете?
- Где берете питьевую воду?
- Из членов семьи кто-нибудь перенес инфекционные болезни?
- Понос был?
- У вас частые позывы внизу и боли в прямой кишке?
- Бывает ли у Вас тошнота?
- Какие антибиотики вы принимали?
- Перед едой моете руки с мылом?
- Какое лекарство принимали?
- Когда появилась сыпь?
- Болели ли вы раньше инфекционными болезнями?

Тапсырма 2 «Жұқпалы аурулар» мәтіні бойынша кездесетін сөз тіркестерін оқытушының көмегімен орыс тіліне аударыңыз.

Ағзаға ену, аурудың қозуы, ауруды қабылдағыштық қасиет, ағзаның жалпы күйі, толық зерттеу, әр алуан болады, негізгі белгісі, кезеңнің өту мерзімі, бөртпелердің пайда болуы, адамдарға ортақ белгі, ауруларға тән, басты белгілері, ауруханаға жеткізу, аурудан айығу, тамақтың ісінуі, аурудың түріне, мерзімі аяқтау, іш сүзек, мазасы кету, сыртқы ортаның жағдайы, қақырық арқылы ену.

Тапсырма 3 . Мәтін бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Жұқпалы аурулар неден пайда болады?
2. Қай кезде жұқпалы ауруларды толық зерттеуге мүмкіндік туды?
3. Жұқпалы ауруда аурудың қандай кезеңдері болады?
4. Аурудың қозуына не әсер етеді?
5. Жұқпалы аурулар не арқылы жұғады?

Тапсырма 4. Мәтіннен төмендегі сөз тіркестері бар сөйлемдерді тауып оқыңыз.


1. адам ағзасы _____
2. толық зерттеу _____–
3. ағзаның жағдайы _____
4. негізгі белгісі _____
5. ауруға шалдығу _____
6. ауруханаға жеткізу _____

Тапсырма 5 . Оң бағандағы етістіктер мен сол бағандағы керекті сөздерден (сұрақ арқылы)сөз тіркесін жасап, сөйлем құрастырыңыз.

ауруды
ауруханаға
микроб арқылы
ауруға
шалдығу (неге?)
жұқтыру (нені?)
жеткізу (қайда?)
таралу (не арқылы?)

Тапсырма 6. Мәтіннен өздеріңіз үшін жаңа болып табылатын ақпараттар туралы баяндаңыз.

Сөзжұмбақ



1. Мозг; 2. Плечо; 3. Поясница; 4. Мочевой пузырь; 5. Тело; 6. Спинной мозг; 7. Сердце; 8. Бөртпе; 9. Подмышка; 10. Кашель; 11. Моча; 12. Спина; 13. Кожа; 14. Пот; 15. Бедро; 16. Живот.

Тапсырма 6. Денсаулық туралы жазған даналар сөздерін жазып алып, есіңізге сақтаңыз.

1. Емнің сыры бір-ақ затта болады. (Құтып)

2. Жігіттің дені сау болса, сол-дәулет. (Құтып)
3. Тірі адам ауырмай тұрмайды. (Ж. Баласағұн)
4. Дені сау адамға оның сол сау жүргені жетеді.(С.Сарайи)

Тапсырма 9. Мәтін бойынша сөз тіркестерінің сыңарын табыңыз.

1. аурудың _____,
2. іштегі _____,
3. алғашқы _____,
4. лимфа _____,
5. ересек _____,
6. науқас _____,
7. әрбір _____,

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: талдау жұмысы

Сұрақтарға ауызша жауап беріңіз:

1. Жұқпалы аурулар неден пайда болады?
2. Қай кезде жұқпалы ауруларды толық зерттеуге мүмкіндік туды?
3. Жұқпалы ауруда аурудың қандай кезеңдері болады?
4. Аурудың қозуына не әсер етеді?
5. Жұқпалы аурулар не арқылы жұғады?

№ 29 сабақ

5.1. Лексикалық тақырып: Қызылша, күл, тұмау.

Грамматикалық тақырып: Тыныс белгілерінің емлесі.

Сағат саны: 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Білім алушылардың теориялық білімдерін саралай отырып, практикалық дағдымен байланыстыру, шапшаңдыққа мысалдар арқылы танымдық қасиеттерін шыңдауға, ой – қиялын өз ойымен бере білуге тәрбиелеу, оқушыларды өз беттерімен жұмыс жасау, бір-біріне көмек бере білу, өз ойларын толық айту дағдыларын дамыту.

5.3. Оқу мақсаттары:Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Тұмау ауруы туралы әңгімелеңіз
2. Қызылша мен күл ауруларына сипаттама беріңіз.
3. Тыныс белгілерінің емлесі.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Жұптасып жұмыс жасау

Жұптық жұмысқа қатысушылардың мақсаты да, қабылдаған шешімі де бірге. Жұптасып жұмыс жасау – мәселе қойылған сөйлеу жағдаяттың тапсырма бойынша жұп болып шешім қабылдау әрекетіне құрылған.

Қызылша, күл, тұмау

Жұқпалы аурулар көбінесе балалар арасында кездеседі.Себебі,олардың ағзасындағы имунитет ауруға қарсы тұруға әлсіздік танытады.Жас балаларда көп кездесетін жұқпалы ауруларға қызылша мен күл ауруларын жатқызуымызға болады.

Қызылша –вирусты қоздыратын жіті жұқпалы ауру. Қызылша ауруының алғашқы күндерінде дене қызуы көтеріліп, мұрын бітіп, жөтел пайда болады, көздері жасаурайды. Негізінен 5 жасқа дейінгі балалар ауырады.Қазіргі кезде қызылша жасөспірімдер арасын да,тіпті ересек адамдар арасында да кездесіп қалады. Қызылша жеке ауру түрінде 18 ғасырдан бастап бөлініп шықты. ХХғасырдың басында оны вирусты қоздыратыны анықталады.Қызылша қоздырушылары РНК-вирустар тобына жатады.Осы вирустарды аурулардан алғаш рет Американ ғалымдары Эндрес және Пибл (1954) бөліп алған.Қызылша вирусы адамдар мен маймылдар үшін потагенді инфекция аурудан сау адамға ауа-тамшы жолымен жұғады.Ол ағзаға жоғарғы тыныс жолдарының және коньюктиваның шырышты қабаты арқылы еніп,осы жерлерде немесе аймақтық лимфа түйіндерінде көбейе бастайды.Лимфа түйіндерінен вирус аурудың жасырын кезінде-ақ ,қанға өтіп бүкіл денеге тарап кетеді.Осылайша қызылша таралған инфекция түрін алады.Виремияға ең бірінші иммунды жүйе лимфотиді ткань гиперплазиясы түрінде жауап берді.Осы жүйеде қызанаққа тән көп ядролы алып клеткалар пайда болады.Қызылша вирусы лейкоциттердің фиоцитозға қатысу мүмкіндігін жалпы клеткалы және гуморалды иммуниттерді басып тастайды.Осыған байланысты ағзада екіншілік инфекциялар дамиды немесе созылмалы аурулар қайта асынады. Қызылша вирусының бала жолдасы арқылы ауру анадан балаға өту мүмкіндігі ден анықталады. Кейінгі жылдары осы вирусты ағзаны өте ұзақ уақыт сақталып қалу мүмкіндігі туралы мәліметтер жиналуда.Бұл жағдайда созылмалы панэцифалит дамиды.

Күл (дифтерия).

Дифтерия (гр. тері,қабықша деген білдіреді) — ол суық тиген сияқты дене қызуының көтерілуінен басталады, бас ауырады және тамақ іседі. Көмейдің артқы жағында, кейде мұрын мен ерінде сарғыш қоңыр қатпар немесе қабыршықтар пайда болады. Баланың мойны ісіп кетеді. Аузынан жағымсыз иіс шығады. Дифтерияға тән өзгерістер біздің дәуіріміздің I ғасырында жасаған Сирия ғалымы Аретей Капподокскийдің еңбектерінде жазылған.Сол үшін оны «Сирия»ауруы деп атаған.Жалпы дифтерияның отаны-Азия.Француз ғалымы Бретонно (1826)оны «Дифтерия» терминімен алмастырады.

Тұмау.

Тұмау — өте жұқпалы ауру. Тұмау –агрипер (ұстау)-деген француз сөзі.Оның ең алғашқы танылған кезі ерте ғасырлар түкпірінде жатыр.XVIII ғасрыдың алғашқы жартасында тұмау панделиясының Европаны шарпып,1665 жылы бір аптаның ішінде тек Лондонның бір өзінде өлген адамның саны нәрін төккен оба кезіндегі шығыннан да асып түскен.

Тыныс белгілерінің емлесі.

Тыныс белгілері (не пунктуация) - тіл білімінде жазуға тән шартты белгілер жүйесі. Тыныс белгілері айтайын деген ойды нақтылы, дәл түсінікті етіп жеткізу үшін, сондай-ақ баяндалмақшы пікірді ала-құла етпей, айқын білдіру үшін қолданылады. Бұл - тыныс белгілерінің басты қасиеті.

Тыныс белгілері сөздер тіркесі мен сөйлемдерді айтқанда, немесе оқығанда тілде байқалатын кідірісті де, дауыста анғарылатын әркелкі құбылысты да білдіреді. Бұл - тыныс белгілерінің қосымша қасиеті.Жазба тілде болсын, сондай-ақ ауызекі тілде болсын тыныс белгілерін

дұрыс қолдана білудің үлкен мәні бар. Тыныс белгілері мүлде қойылмаған, немесе дұрыс қойылмаған мәтінді сөйлемді түсінікті етіп оқу да, мағынасын түсіне білу де қиын. Тыныс белгілері дұрыс қойылмайтын сөйлемдерде ой күңгірттеніп, екі ұшты болып, тіпті сөйлем құрамындағы сөздер синтаксистік қызметі жағынан (бастауыш, баяндауыш, анықтауыш т. б.) өзгеріске түсуі мүмкін. Мысалы: Бұл келген - сол Есіл бойындағы Қарасарт ауылының жиені, Жүсіп баласы Қожаш (С. Көбеев)

Бұл сөйлемде есімше тұлғалы келген соң сызықша қойылмаса, келген сөзі бастауыш қызметін емес өзге мүше қызметін атқарған болар еді де, нәтижесінде сөйлемде берілетін ойға нұқсан келер еді.

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 20 мин.

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау

1-тапсырма. *Мәтінді оқып, талдау жасаңыз.*

Саңырауқұлақ (грибок). Су жанында саңырауқұлақ көп Бұл кезде саңырауқұлақ (грибок) жұқтырып алу қаупі артады. Өйткені жұрт жеңіл киінуге мәжбүр, тіпті дененің кейбір тұстарын ашық күйде қалдырады, суға жиі шомылады, күнге қыздырынады. Негізінен күнге таңғы сағат 10-ға дейін немесе кешкі 5-тен кейін қыздырынған пайдалы. Бұл кезде күннің ультракүлгін сәулесінің күші азаяды. Ал қалағанынша қыздырына беретін адамдарда тері аурулары пайда болуы мүмкін. Егер адам саңырауқұлақ ауруына бейім болса (ағзасында оның титімдей ғана микробы «ұйықтап» жатқан болуы ықтимал), онда өте сақ жүргені дұрыс. Саңырауқұлақ қоздырғышын жағажайдың құмынан да жұқтырып алуға болады. Жалпы, суға шомылуға барғанда арнайы аяқ киім, «сланцы» апарған дұрыс, саңырауқұлақ жұқтырып алмас үшін судан шыққанда оны киіп жүру керек. Шомылып болған соң аяқты, башпайлар арасы мен өкшені міндетті түрде құрғатып сүрткен жөн.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: тестілеу

Тест тапсырмаларының тізімі

1.Қызылша қандай ауру?

2.Оның алғашқы белгілері қандай?

3. Күл қандай ауру?

4. Күлдің негізгі белгілері қандай?

5. Жұқпалы ауруларға нелер жатады?

№ 30 сабақ

5.1. Тақырып: Тері ауруы.Теміреткі.

Сағат саны: 2 сағат 90 мин.

5. 2. Мақсаты: Оқушылардың теориялық білімдерін саралай отырып, практикалық дағдымен байланыстыру, шапшаңдыққа мысалдар арқылы танымдық қасиеттерін шыңдауға, ой – қиялын өз ойымен бере білуге тәрбиелеу, оқушыларды өз беттерімен жұмыс жасау, бір-біріне көмек бере білу, өз ойларын толық айту дағдыларын дамыту.

5.3. Оқу мақсаттары: білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін терендете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 20 мин.
5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:
1. Тері аурулары туралы әңгімелесу,
2. Теміреткі дегеніміз не?
3. Тақырып бойынша диалог құрастыру
5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Студенттер өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

Тері аурулары.

Тері адамның өмірінде маңызды роль атқарады. Ол газ алмасуын, дене жылылығын реттейді, сезім арқылы ағзаны түрлі зиянды, сыртқы әсерлерден қорғайды. Тері үш қабаттан құралады. Үстіңгі қабаты - эпидермис деп аталады. Ол түлеп, өзгеріп отырады. Ортаңғысы – өсу қабаты. Ол теріні жетілдіріп отырады. Осы қабатта жүйке, лимфа жолдары, шаш, түк қалташығы, май және тері бездері орналасады. Май безінің секрециясы теріні майлап, жұмсартып отырса, тері бездері ағзаны жиналған зиянды қалдықтардан тазартады. Терінің үшінші қабаты – шел-май қабаты. Ол өзінің астындағы мүшелерді жарақаттан қорғайды, ағзадағы зат алмасу процесіне тікелей қатысады. Тері түрлі физикалық, механикалық, биологиялық және химиялық факторлар әсерінен жарақаттануы мүмкін. Тазалық тәртібі сақталмаса, медициналық көмек көрсетілмесе осылардың бәрінде де терінің қабынуы мүмкін. Сондай-ақ ішкі секреция бездерінен, жүйке жүйесі қызметінің бұзылуынан пайда болады.

Тері аурулары – адам терісінде және оның өсінділерінде (тырнақ, түк), кілегей қабығында әр түрлі жағдайларға байланысты пайда болатын патологиялық өзгеріс. Тері ауруларына:
қышыма, қотыр, тері туберкулезі, есекжем, теміреткі т.б. аурулар жатады.

Тері аурулары кезінде адам терісінде іріңді, сулы бөртпелер шығады. Терінің әр жері жарылып, қасығанда қайфзғақтанып түседі. Кейбір тері аурулары денені қатты қышытады, ашиды, кейде қатты ауырып мазасыздандырады.

Жұқпалы тері ауруларына тері туберкулезі жатады. Тері ауруларының іріңді түрі жиі кездеседі. Қышыма, қотыр т.б. аурулары әр түрлі паразиттер, жәндіктер таратады. Кейде адам терісі әр түрлі дәрілерге, өсімдіктерге т.б. өте сзімтал келеді. Мұның салдарынан тері ауруларына шалдығады. Теріде қал, сүйел, ісік т.б. пайда болуы да мүмкін. Тері ауруларын зерттейтін ғылым – дерматология.

Күбіртке (орыс.: панариций, лат.: panaricium) — саусақтағы тырнақ төбесінің іріңдеп қабынуы. Бұл көбінесе жарақаттан, терінің бүлінген жеріне зиянды заттар мен бактериялардың түсуінен болады. Жұмыс үстінде жараланған саусаққа (тырнақ көбінесе) микроб түсіп, оны іріңдетеді, іріңдегеннен соң зақымданған жер солқылдатып, қатты ауырады. Күбірткіге тері немесе ұлпалар, тіпті сүйек пен буын да шалдығады. Адам тырнақ алғанда етін жарақаттап алуы мүмкін. Оған микроб енсе, асқынады да, қызарып, іріңдей бастайды. 2—3 күн ішінде саусақ қатты іседі.

Егер ауыр түрі болса, адамның қызуы көтеріліп, тоңып, қалтырайды, басы ауырады. Саусақ ірің асқынғанда тамыр қуалайды, қолтық безі шошиды. Ал микроб қанға өтіп, организмге жайылса, адам өміріне қауіпті ауру басталады. Сондықтан жұмыс істегенде, қауіпсіздік ережелерін сақтап, колдың терісі сыдырылғанда, пышақ кескенде, дереу, йод, бриллиант көгін жағып, таза дәкемен байлап қойған жөн. Күбіртке шыққанда, күн сайын

саусақты 10—15 минут жылы суға малып, дәрі жағып, жылы орап таңып, дәрігерге көріну керек.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау

Тапсырма 1. Төменде тері ауруы бойынша дәрігердің сұрақтары берілген.

Науқастың жауаптарын дайындаңыз.

1. – Денеңіздегі бұл бөртпені қашан байқадыңыз?
   - ...
2. – Денеңіз қыши ма?
   - ...
3. – Өз бетіңізбен емделдіңіз бе?
   - ...
4. – Үйіңізде бұл аурумен ешкім ауырған жоқ па?
   - ...
5. – Ауырғаныңызға көп болды ма?
   - ...
6. – Қандай тағамдарды көп жейсіз?
   - ...
7. – Бірге жұмыс істейтін адамдардан бұл ауруды байқамадыңыз ба?
   - ...

Тапсырма 2. . Көп нүктенің орнына қажетті сын есімнің шырайларын көрсетіңіз.

Арманның үйінде қап-қара ит бар. Бүгін күн салқындау екен. Мен білікті маман болғым келеді. Ауруханаңың іші өте үлкен екен. Оның бөлмесі үлкенірек. Айгүлдің халатты тап-таза екен. Ол ауруханаға тым ауыр жағдайда түсті. Қазір оның жағдайы тәуірлеу болып қалды.

Тапсырма 3. Мәтінге тақырыпша қойыңыз, сұрақтар дайындаңыз. Мазмұнын айтыңыз.

Микоз – дүние жүзі дәрігерлерін толғандырып жүрген мәселе. Бүкіл әлемдік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша, жер жүзі халқының бестен бірі саңырауқұлақ ауруымен ауырады екен. Ал соның тең жартысы тырнақ жұқпаларына – онихоликозға шалдыққан.

Тері мен шырышты қабықтардың зақымдануы тән тазалығына дұрыстап көңіл бөлмеуден болады. Бұл ауруларды жұқтыру жолдары оңай – моншада, жағажайда, бассейнде шомылғанда, тіпті ауылдық жерлерде жалаңаяқ жүргенде, ит немесе мысықты сипалағанда да жұқтырады.

Ауру жұққан жағдайда саңырауқұлақтардың тұқымы теріге кіріп ішіне енеді. Тері қабынғанда тері қабыршақтанып, қызарып, ісікті дақтар, кейде жарықтар да пайда болуы мүмкін.

Жалпы аурудың алдын алу үшін, моншалар мен бассейндерді тұрақты түрде залалсыздандырып, оларда жұмыс істейтін қызметкерлерді медициналық бақылаудан өткізіп тұру және ауруға шалдыққан адамдарды дер кезінде емдеу қажет.

10. Бақылау (сұрақтар, жаттығулар, тапсырмалар т.б.): Коммуникативті компетенция бойынша

Тапсырма 3. Төмендегі сөз тіркестерін орыс тіліне аударып, сөйлем құраңыз.

Әр түрлі жағдайлар, патологиялық өзгеріс, сыртқы әсер, газ алмасу, өзгеріп отыру, түк қалташығы, зиянды қалдықтардан тазарту, жарақаттан қорғау, тікелей қатысу, тазалық тәртібі, ішкі секреция бездері, сулы бөртпе, жәндіктер таратады, терінің қабынуы, химиялық жарақаттану, теріні майлау, жұмсартып отыру, дене жылылығын реттеу.

3-жаттығу.Төмендегі сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

1. На грязной коже размножаются микроорганизмы. 2. Чаще всего обмараживаются кожа открытых частей тела. 3. Вначале кожа бледнеет, потом мертвеет. 4. Пострадавшему дают горячее питье (сладкий чай, кофе, молоко). 5. Пламя, горячий металл, кипяток и другие вещества могут вызвать ожог кожи. 6. Нельзя прокалывать пузыри. 7.На пораженную поверхность наложить стерильную повязку. 8.Какую помощь необходимо оказать при обмороживаний? 9. Почему необходимо следить за чистотой кожи?

Тапсырма 4. Берілген сұрақтарды қазақ тіліне аударып, қай ауруға арналып қойылғанын анықтаңыз.

* У вас есть высыпания на коже? Где?
* Когда появилась(лись) эта (и) сыпь (и) (пузырьки, пятна)?
* С чем вы связываете появление этих высыпаний?
* Сыпь появилась после приема лекарства (определенной пищи, применения косметики, бытовых (моющих) средств)?
* Что появилось вначале зуд (краснота, пятна, пузырьки)?
* У вас были уже подобные высыпания на коже? Сколько раз?
* Эти высыпания исчезли сами или в результате лечения?
* Зуд обычно усиливается (возникает) в ночное время?
* Беспокоят ли вас эти высыпания?
* Где первоначально появилась сыпь?
* Сыпь сопровождается зудом?

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7.Бақылау: Ауызша сұрақтар тізімі.

1. Тері адам өмірінде қандай қызмет атқарады?
2. Тері неше қабаттан тұрады?
3. Терінің сыртқы қабаты қалай аталады?
4. Эпидермистің астыңғы қабаты қалай аталады?
5. Терінің үшінші қабаты қандай қызмет атқарады?
6. Қандай тері ауруларын білесіз?
7. Тері аурулары кезінде қандай өзгерістер байқалады?

№ 31 сабақ

5.1.Тақырып: Дерматология және терінің жалпы паталогиясы.

Сағат саны: 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Білім алушылардың теориялық білімдерін саралай отырып, практикалық дағдымен байланыстыру, шапшаңдыққа мысалдар арқылы танымдық қасиеттерін шыңдауға, ой – қиялын өз ойымен бере білуге тәрбиелеу, оқушыларды өз беттерімен жұмыс жасау, бір-біріне көмек бере білу, өз ойларын толық айту дағдыларын дамыту.

5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін терендете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:
1. Тері аурулары туралы әңгімелесу,
2. Теміреткі дегеніміз не?
3. Тақырып бойынша диалог құрастыру


Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Презентация

Презентация студенттерге слайдтар, қағазда үлестірілетін материалдар, компьютер экранда анимациялық көріністерді бейнелеуге, дайындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар тақырыптарды еркін меңгеруге көмектеседі.

Тақырып бойынша тапсырмалар:

1 - тапсырма. *Суретке ат қойып, мәтін құраңыздар.*


Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 20 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Тапсырма 1. Көрініс. «Тері аурулары» (дәрігер, медбике, науқас адамдар). Әр топ тері ауруларының белгілерін, қашан және қалай басталғанын айтады. Дерматолог науқас адамды мұқият тындап, тексеріп ауруға диагноз жасап, себебін, емделу жолдарын және алдын алу жолдарын түсіндіру керек.

Тапсырма 2. Талдау кезеңі. Берілген сурет бойынша ойларыңызды талқылаңыздар, оған анықтама, әңгіме желісін құрастырыңыздар.

Тапсырма 3. Жинақтау кезеңі.

Ой түйін «Тері ауруларының алдын алу өз қолымызда!»

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: сөздік жұмысы.

Дерматология және терінің жалпы паталогиясы туралы мәлімет жинақтау.

№ 32 сабақ

5.1. Тақырып: Аллергиялық дерттер.

Сағат саны: 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Мақсаты: Білім алушылардың теориялық білімдерін саралай отырып, практикалық дағдымен байланыстыру, шапшаңдыққа мысалдар арқылы танымдық қасиеттерін шыңдауға, ой – қиялын өз ойымен бере білуге тәрбиелеу, оқушыларды өз беттерімен жұмыс жасау, бір-біріне көмек бере білу, өз ойларын толық айту дағдыларын дамыту.

5.3. Оқу мақсаттары: білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін терендете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.
5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:
1. Аллергиялық дерттердің пайда болу себептері
2. Емі мен алдын алуы

Аллергиялық дерттер

«Аллергия (грек. allos – «басқаша» және erson – «әрекет, жауап») – ағзаның қоршаған ортаның кейбір әсерлеріне әдеттегіден тыс сезімталдығы. Аллергия терминін алғаш 1906 жылы Австрия педиатрлары К. Пирке мен Б. Шик енгізген. Аллергия туралы деректер көне заманнан белгілі. Гален (II ғ.) раушан гүлінен адам мұрнының бітіп қалатыны туралы жазған. Аллергияны туындататын заттарды аллергендер дейді» Ғалымдардың талдап, түсіндіруінше аллергендер ағзаға сырттан түсетін (экзогендік) және ағзаның өзінде өндірілетін (эндогендік) болып ажыратылады екен. Экзогендік аллергендер: өсімдіктердің тозаңдары, жануарлардың түбіті, қайызғағы, үй шаңы, кіржуғыш ұнтақтар, кейбір тағамдық заттар, дәрі-дәрмектер (новокаин, пенициллин, дәрумендер, т. б.), микробтар мен вирустар, өндірістік өнімдер. Эндогендік аллергендер: олар көптеген жағдайда әртүрлі микробтардың, вирустардың, суықтың, ыстықтың, улы химикаттардың, иондағыш сәулелердің әсерінен ағзаның өзінде пайда болады. Аллергендер ағзаға түскенінде иммундық жүйеге әсер етеді де, оның соған сезімталдығын күшейтеді. Кейін аллергендер қайталанып түскенде, аллергиялық ауру пайда болады. Аллергияның кең тараған түрлері: бронхиалдық демікпе, есекжем, Кванке ісінуі, поллиноздар (грек. pollen – «шөп тозаңдарынан» дамитын ауру) және анафилаксиялық шок. Аллергиямен ауырған адам аллерголог дәрігердің бақылауында болуға тиісті.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 20 мин.
Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.
1-тапсырма. Мәтіннен өздеріңіз үшін жаңа болып табылатын сөздерден сөздік жасаңыз және жаңа ақпараттар туралы баяндаңыз
2 –тапсырма. Төменде берілген етістіктерді пайдаланып, хабарлы сөйлем құраңыз.
Кездесу, қарсы алу, емдеу, тапсыру, тәрбиелеу, серуендеу.
3-тапсырма. Берілген сұрау есімдіктерін пайдаланып 5-6 сұраулы сөйлем жазыңыз.
Қалай? Қашан? Қайдан? Не? Қанша? Қандай?
4-тапсырма. Төмендегі мүшелердің қай жүйеге жататынын көрсетіңіз.
Жүрек, тіс, ішек, қуық, қолқа, саусақ, көмей, бауыр, қылтамыр, өкпе, бүйрек, асқазан, жұлын, несепағар, ми, омыртқа, ұйқы безі, жұтқыншақ, ұлтабар, ортан жілік, мұрын, сегізкөз.
5-тапсырма. Мәтіннен сұрақтар құрастыру, жауап беру.

Аллергия туғызатын жеті тағам

Тағамға деген аллергия адамдарда көп кездесе қоймағанымен, ол ересектердің 2%-ы, балалардың 10%-ында кездеседі, кейінгі кезде гендік инженерияның көмегімен жасанды жемістер мен көкөністер, басқа да тағам түрлері шығарыла бастағандықтан, бұл ауру да арта түсуде. Нақты зерттеулердің қорытындысы бойынша, көбінесе аллергия туғызатын тағамдар мыналар: 1) жұмыртқа; 2) сүт; 3) соя; 4) орман жаңғағы, жер жаңғақ; 5) бидай; бидай өнімдері; 6) балық; 7) шаяннан жасалған тағамдар. Зерттеушілер бұл тағамдардың

құрамында кей адамға аллергиялық әсер ететін ақуыздардың барын айтады да, тексеру қорытындысында
шоколодтан аллергия болмайтыны анықталғанын мәлімдейді. Яғни, аллергияны шоколад емес, оның құрамындағы сүт пен ақуыз туғызады екен. Олай болса, тәттіні көп жегенде терінің қышуы, бөртпелердің, есекжемнің шығуы, дененің әр жерінің қызаруы тәттіден емес, ақуыздан. Қант қаншама тәтті болғанымен, көмірсудан тұрады. Көмірсу аллергия туғызбайды. Тек ол асқазандағы тағамның ашу процесін тездетеді. Дәрігерлер алкогольді ішімдіктерден де аллергиялық реакция болатынын, оның өмірде сирек кездесетінін баяндайды. Ішімдікті ішкенде кейбір адамдардың беті қызарса, денесі қышып, бөртсе, ісінсе, соңы демікпеге ұласса, спирттің (арақшараптың) құрамында түрлі химиялық заттар мен бояулардың барынан, оның адам ағзасына зияны тиюінен екені анықталған. Тағамнан аллергиялық реакция (әсер) туғанда байқалатын белгілері: 1) қышыма; 2) есекжемнің асқынуы; 3) дененің ісінуі; 4) асқазан-ішек жолдарының зақымдануы; 5) жүректің айнып, құсуы; 6) іштің өтуі; 7) құрсақта ауырсынудың басталуы, шаншып ауыруы; 8) түшкіру; 9) кеңірдек тарамдарының түйілуі; 10) көмейдің ісінуі. Тағамнан болатын аллергияға немқұрайлы қарамау қажет. Тағамнан болатын аллергияны мамандар ғана анықтай алатындықтан, ешкімнің де өзіне диагноз қоймағаны дұрыс. Тек аллергия ауруының белгілері білінісімен-ақ дәрігерге қаралып, тағайындаған емін бұлжытпай орындаған жөн.

6-тапсырма. Мәтіннен өздеріңіз үшін жаңа болып табылатын сөздерден сөздік жасаңыз және жаңа ақпараттар туралы баяндаңыз

7-тапсырма. Берілген синонимдерді оқып, сөйлем құрастырыңыз.

Әр түрлі, неше түрлі, әр қилы, әр алуан, түрлі-түрлі, алуан-алуан.

8-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қойып, сөйлемді толықтырыңыздар:

1. Адам көп уақытын ... өткізеді. 2. Санитария өз жұмысын ... негізінде жүргізеді. 3. Біздің заманымыздан бұрын 1500 жылдар шамасында Египетте, Хорезмде ... шаралары қолданылған. 4. Ежелгі грек дәрігері Гиппократ адам денсаулығын нығайтатын негізгі жағдайлар ... екендігін сол кездің өзінде-ақ атап көрсеткен. 5. Гигиена (грек тілінде дені сау) - ... жөніндегі ғылым.

Көп нүктенің орына қойылатын сөздер мен сөз тіркестері: денсаулық сақтау, тазалық сақтау, көпшілік орындарда, таза ауа және су, гигиена.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: сөздік жұмысы.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Аллергиялық дерттердің шығу тарихының пайда болуы туралы мәлімет жинақтаңыз.
2.Сөздік жұмысымен жұмыстар орындау

33 сабақ

5.1. Тақырып: Қазақ тіліндегі стильдің түрлері. Ресми іс қағаздары стилі, қолданылу ерекшеліктері.

Сағат саны: 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Стиль түрлерінің айырмашылығын білуге үйрету, стиль түрлерін жазу барысында дұрыс пайдалануға дағдыландыру, мәтіннің мазмұнын айтуға дағдыландыру, әр түрлі тапсырмалар арқылы стиль түрлерін ажырата білуге үйрету, қазақ тілінің медицинаға,

тиісті құжаттарға және күнделікті өмірге қажетті сөздерін, сөз тіркестерін үйрету, тілдің қолданылу заңдылықтарын, тілдік белгілердің дұрыс қолданылу нормасын игерту, өмірде ең жиі қолданылатын құжаттардың заңдылықтарын меңгеріп, күнделікті күнделікті өмірге қолдануға дағдылану.

5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Білім алушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Білім алушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1.Қазақ тіліндегі стильдің түрлері.

2. Ресми іс қағаздары стилі, қолданылу ерекшеліктері.

5. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне жету үшін оқытудың негізгі түрлері/әдістері/технологиялары: бағыт бағдар беру.

Қазақ тіліндегі стильдің түрлері. Ресми іс қағаздары стилі, қолданылу ерекшеліктері.

Стиль – латын сөзі, қазақ тіліне аударғанда «жазу мәнері» дегенді білдіреді. Стилистика – тілдің қолданылу заңдылықтарын зерттейтін ғылым, ол тілдік белгілердің дұрыс қолданылу нормасын көздейді.

Қазақ әдеби тіл стильдері:

1. ауызекі сөйлеу стилі
2. көркем-әдебиет стилі
3. публицистикалық стиль
4. ресми іс қағаздар стилі
5. ғылыми стиль


Ресми немесе іс қағаздар стилінің ерекшелігі, онда акт дәл көрсетіліп, бір ізбен жүйелі жазуға айрықша мән беріледі.

Қазақ тілінде қолданылып жүрген қалыптасқан сөз орамдарының көпшілігі орыс тілінің ықпалымен жасалған : қызу мақұлдау, қызу қарқын, тұрмыстық қызмет, қызмет көрсету, жүзеге асыру, қамтамасыз ету, өз күшінде қалдыру, қол жеткен табыс, кең жол ашу, іске қосу, мәселе көтеру, алғыс жариялау, сөгіс жариялау.

Көптеген сөздер белгілі стильге телулі болады, қолданылу жағынан шектеліп отырады. Мысалы: тағайындалсын, міндеттелсін, осы анықтама берілді, қаулы етеді, жарлық етеді т.б.

Ресми іс қағаздарында кейде бір заттың я ұғымның атауы қолданылу орнына қарай әр түрлі аталады. Мысалы, адам деген сөз ресми құжаттарда – азамат, жолдас, телефон станциясында – абонент, ательеде – заказ беруші, шаштаразда – клиент, ауруханада – науқас, санаторииде – демалушы, тынығушы, транспортта – жолаушы т.б. болып табылады.

Іс қағаздары стиліне әр түрлі мекемелерде жүргізілетін жазу үлгілері болады.



стиль іс қағаздар стилі стиль стиль

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.
Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау
Сөздікпен жұмыс
әдеби тілі – литературный язык
қоғамдық – общественный
ғылым саласында – в сфере науки
белсенді – активный
құқықтық – правовой
басқару - управлять
Тапсырма 2.. *Мәтінді көшіріп жазып, стиль түрін анықтаңыздар.*

Табиғаты ғажап Қазақстан

Қазақстанның жер қойнауында әлемдегі табиғи қазба байлықтардың барлық түрі (90-нан астам) орасан зор көлемде бар деуге болады. Қазақстанда ең ірі өзендер – Ертіс, Сырдария, Іле, Есіл және Тобыл. Қазақстанда ең биік шың республикамыздың оңтүстік-шығысындағы Тянь-Шань тауындағы Хан Тәңірі шыңы болып табылады. Оның биіктігі – 6996 метр.

Қазақстанның өзіне тән өсімдіктері сан алуан, әрі бай. Бір ғана дәрі жасайтын өсімдіктің өзі 150-ге жуық. Қазақстанда 158 түрлі сүтқоректі, 485 түрлі құс, 15-ке жуық балық пен көптеген жануарлар кездеседі.

Қазақстанда 6 мемлекеттік қорық бар. Көптеген жануарлар мен өсімдіктер өкімет қамқорлығында. Олардың ішінде Алматы қаласының рәмізіне айналған тау барысы мен Республика байрағында бейнеленген нұрлы болашаққа самғап бара жатқан елді көрсететін бүркіт те бар.

Тапсырма 3. Шағын топтарға бөлініп, әр топ төмендегі кестеде көрсетілген бағытта бір стиль түріне шағын материал дайындап, талқылау ұйымдастырыңдар.

Тақырып	Мамандық иесі	Стилі
Ұлттар татулығы – ынтымақ бастауы!	Журналист	Публицистикалық стиль
Спид - ғасыр дерті	Дәрігер	Ғылыми стиль
Жетісу-жер жанаты	Студент	Көркем әдебиет стилі
Қазақстан Республикасы туралы ақпараттық хабарлама	География пәні мұғалімі	Ресми стиль

Өткен тақырыптарына шолу жасау.
Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин
Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.
Сабақты қорытындылау: 10 мин.
Үйге тапсырма беру: 5 мин.
5.7. Бақылау: ауызша сұрақ-жауап
1. Стиль деген не?
2. Стильдің қандай түрлері бар?
3. Көркем стиль мен ғылыми стильдің айырмашылығы қандай?
4. ауызекі сөйлеу қандай стиль?
5. Публицистикалық стиль мен ресми іс-қағаздары стилінің ерекшелігі неде?

№ 34 сабақ

5.1.Тақырып: Өмірбаян. Түйіндеме. Хабарландыру.

Сағат саны: 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Ақпараттық-анықтамалық құжаттар туралы айту. Жеке құжаттар түрлері туралы түсінік беру, үлгісін көрсете отырып, практикалық жолмен түсіндіру, жеке құжаттар түрлері туралы түсінік беру, іс қағаздарының мемлекеттік тілдің жүзеге асуының нақты көрсеткіші екенін ашып көрсету.

5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік корын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

Өмірбаян, Түйіндеме, Хабарландыру жазылу үлгілері.

Өмірбаян

Өмірбаян – жеке адамның өмір жолы хронологиялық тәртіпте қысқаша жасалған ресми құжат. Әдетте оқуға түсу, жаңа қызметке орналасу кезінде жазылады. Онда азаматтың аты-жөні, туған жылы, күні, айы және туған жері, ұлты, отбасы жағдайы, білімі, бітірген оқу орындары, қызметі мен жұмыс тәжірибесі туралы және т.б. қосымша мәліметтер көрсетіледі. Тәжірибеде өмірбаян үш түрлі болып жазылады. Бірі-адамның өз өмірі мен қызметі туралы баяндауы. Бұл көбінесе қызметке орналасу кезіндегі жеке іс қағазына қоса тігілу үшін жазылады. Онда адам өзінің аты-жөнін, туған күнін, толық көрсетеді. Одан кейін жаңа жолдан нақты деректермен санамалап жазады. Өмірбаянның бұл түрі көбінесе ресми түрде жазылады да, көлемі жағынан шағын болады. Өмірбаянның екінші түрі - мемуарлар, яғни ақын, жазушылардың, өнер, қоғам қайраткерлерінің өз өмірін қоғам өмірімен байланыстыра баяндауы. Мұндай өмірбаяндар көркем шығармаға жақын, әдеби тілмен, шебер жазылғандығымен оқырманды тартады және ол оқырманды жеке адам өмірімен ғана емес, қоғам дамуымен таныстырады. Мұндай шығармалар қай тілде болмасын өте көп және қара сөзбен де, өлең сөзбен де жазылған түрі кездеседі. Мысалы, Қ. Байсейітовтың "Құштар көңіл"(1977) Ш. Жиенқұлованың «Өмірім менің - өнерім» (1983) кітаптары өмірбаянның осы түріне жатады. Өмірбаянның үшінші түрінде қоғамға белгілі қайраткерлердің өмірі мен шығармашылық, саяси қызметтері өз тарапынан емес, басқа біреулер тарапынан баяндалады. Мәселен, ұлы жазушылар мен ақындар-А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, А.С. Пушкин өмірлері туралы шығармалар осындай өмірбаян түріне жатады. Мысалы, С.Мұқанов - «Аққан жұлдыз», М. Әуезов «Абай жолы». Өмірбаянның мұндай түрі көркем шығарманың әр түрлі жанрлары ыңғайында очерктен бастап роман-эпопеяға дейін жазыла береді.

Күнделікті өмірде ең жиі қолданылатын құжаттың біріншісі - өмірбаян. Өмірбаян әркімнің өз қолымен, таза, жүйелі түрде, сиямен жазылады. Арнайы қағазға жазылуы да мүмкін.

Өмірбаянның мазмұндық-құрылымдық жүйесі:

1. Құжаттың аты (өмірбаян)
2. Аты-жөні (толық жазылады), туған жылы, айы, күні, туған жері
3. Ұлты
4. Білімі, оқыған оқу орындары
5. Қоғамдық-саяси қызметі

6. Ата-анасы, жұбайы, балалары туралы мәлімет
7. Қазіргі жұмысы, мекен-жайы

Өмірбаянның мазмұны автордың өмір жолын, іскерлік қасиеттерін жан-жақты баяндап беруге тиіс.

Үлгі 1.

Өмірбаян

Мен, Қуаныш Өмірбекұлы Сарсенов ауданы, Баршатас ауылында тудым. 1963 жылы 1 мамырда дүниеге келдім. Ұлтым- қазақ. 1970-1980 дейін Баршатас ауылында орыс орта мектебінде оқыдым. 1980 ж Қазақ политехника институтында компьютерлік техника факультетіне оқуға түстім. Институтын бітірген кейін 1985-1988 жылдар аралығында ғылыми жобалау институтында жұмыс істетім. 1988 жылғы 1 қыркүйекті қазақ политехника институтының металлургия өнеркәсібі кафедрасына ауыстым. Қазір осы кафедраның аға мұғалімімін.

Ата- анам бар: Әкем- Өмірбек Қадіров. Ұлы Отан соғыстың ардагері, құрметті зейнеткер. Анам- Хадиша Насимова- ұзақ жыл бойы мұғалім болып жұмыс істеді. Қазір зейнеткер. Отбасым бар: Жұбайым- Жазира Дүйсенбайқызы Сұлтанова, жоғары білімді маман, дәрігер. Үш балам бар: Әсел- 1989 жылы, студент. Ұлым Асқар 1992 жылғы, оқушы. Қызым Мира 1995 жылғы, оқушы. Әскери қызметке міндеттімін, аға лейтенант атағым бар: Қосымша мәліметтер: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік білемін. ЭЕМ (ЭВМ) бағдарламаң толық меңгеремін, интернетке жұмыс істей аламын. Мекен- жайым: Алматы қаласы, «Қазақфильм» шағын ауданы, 47- үй, 16 пәтер.телефон- 96-47-91.

Түйіндеме. (Резюме)

Резюме француз тілінен алынған термин. “Айтылған, я жазылған мәселенің қысқаша түйіні” деген мағына береді.

Түйіндеме – белгілі бір тұлғаның өмірбаяны, білімі, мамандығы, кәсіптік шеберлігі, біліктілігі, икемділігі жайлы нақты, қысқа мәлімет беретін іс қағазының бір түрі.

Жазылған түйіндеме сіз туралы толық мәлімет беру үшін онда, сіздің біліміңіз, біліктілігіңіз, жеткен жетістігіңіз, жұмыс тәжірибеңіз, не нәрсеге икемділігіңіз бар екені айтылуы керек. Түйіндеме сіздің кең көлемдегі визит карточкаңыз іспеттес. Түйіндеме жазуда сіздің мақсатыңыз - өз өмірбаяныңыз бен жұмыс тәжірибеңізді, мамандығыңызды, икемділігіңізді ұтымды көрсете білу. Осы арқылы ойлаған жұмыс орнына қол жеткізу. Сондай-ақ түйіндеменің әдемі рәсімделуіне де көңіл бөлгеніңіз дұрыс. Яғни мекеме басшысы сіздің кім болып істегіңіз келетінін түйіндемені оқу барысында бірден ұғатындай болу керек Қалаған мамандығыңызға байланысты жеке басыңыздың қасиеттері анық көрсетілуі тиіс. Мәселен, сіз жарнама агенті болып орналасқалы келсеңіз түйіндемеге адамдармен жақсы қарым-қатынас жасай алатындығыңыз, тапқырлығыңыз, интуицияңыз, адам психологиясын жақсы білетіндігіңіз сияқты қасиеттеріңіз жазылуы керек. Түйіндемеде белгілі бір адам туралы мәліметтер ықшам әрі нақты түрде беріледі.

Түйіндеменің ерекшелігі – үміткердің білімі және кәсіби шеберлігі туралы мәліметтердің кері хронологиялық тәртіпте берілуі.

Түйіндеменің мазмұндық-құрылымдық жүйесі:

- аты-жөні;
- туған жылы, күні, айы, туған жері;
- ұлты;
- жынысы;
- мекен-жайы, телефоны;
- отбасы жағдайы;
- азаматтығы;

- білімі;
- бітірген оқу орындары;
- кәсіби біліктілігі мен кәсіби тәжірибесі;
- тілдік дағдылары;
- компьютерлік сауаттылығы;
- жеке қасиеттері (жауапкершілігі, адамдармен қарым-қатынас орнатуға бейімділік, ұстамдылық, мақсаттылық, ұйымдастырушылық, басқарушылық қабілеттер, ұжыммен жұмыс істей білу, ұқыптылық, алға қойған міндеттерге шығармашылық көзқарас т.б.)
- қызығушылығы (саяхатқа шығу, би, домбырада ойнау, кітап оқу т.б.) туралы мәлімет, қосымша ақпараттар (мақтау грамоталары, сертификаттар, наградалар, патенттер т.б.)

Хабарландыру

Хабарландыру – мекемелердің, ұйымдардың атынан оның мүшелеріне алдағы болатын іс-шаралар туралы хабарлап жеткізетін құжат түрі. Мұнда хабарланып отырған мәселенің (жиналыс, мәжіліс, кездесу т.б. жайлар) айы, күні, болатын уақыты мен орны көрсетіледі. Соңынан хабарландырушы мекеменің, ұйымның аты қойылады. Хабарланатын мәселенің мазмұны мен мақсатына қарай хабарландыру түрлі-түрлі көлемімен, көркемделуімен ерекшеленеді. Қазіргі нарық заманында баспасөз беттерінде жұмысқа шақыру, бос қызмет орындарына конкурс жариялау үшін де хабарландырулар жарияланады. Хабарландыруларда қызметке алынатын кандидатураға қойылатын талаптар мейлінше тұжырымды, нақты жазылады. Хабарландыру түрлері мен ерекшеліктері:
1.Мәжіліс, жиналыстарға хабарландыруда — Күн тәртібі толық.
2.Мәдени шараларға хабарландыруда — Бағдарламасы ұсынылады.
3.Тендерге хабарландыруда – Шарттары ұсынылады.
4.Вакансияға хабарландыруда – жұмыс орнына тиісті талаптар.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау

Тапсырма 1. Үлгіге қарап өзіңіздің өмірбаяныңызды жазыңыз

Мен,_____ (аты – жөні), _____ жылы, _____қалада (облысында, ауданда, ауылда), _____, _____отбасында дүниеге келдім. _____жылы_____ қаласындағы (облыс, аудан, ауылында) №_____ орта мектепке бардым. Орта мектепті _____жылы бітірдім. _____жылы _____ университетінің _____факультетіне түстім.
Әкем,_____(аты-жөні) _____зейнеткер.
Анам,_____(аты – жөні) _____
Отбасылық жағдайым _____
Балаларым _____
Мекен – жайым _____

2-тапсырма. Мына сөздер мен сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыз
Жан – жақты, тұжырым, тырысу, дағдылы өмірбаян, мүмкіндік беру.

3-тапсырма. Кәсіби біліктілігіңіз туралы не жазар едіңіз

4-тапсырма. Мына тақырып бойынша эссе жазыңыз.
«Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады» (Абай).

5 тапсырма. Қазақ тіліне аударып, жауап беріңіз
Чем увлекаетесь в свободное время?
Какие свойства больше всего цените в людях?
Какие основные достоинства (недостатки) выделяете в себе?
Какую должность хотели бы занимать на новом месте работы?
Что Вам больше нравится: работа с людьми или техническая работа с документацией?

Какими иностранными языками владейете?
Өткен тақырыптарына шолу жасау.
Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин
Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.
Сабақты қорытындылау: 10 мин.
Үйге тапсырма беру: 5 мин.
5.7. Бақылау: ауызша сұрақ жауап.

Арнайы әдебиеттен мәтін алып, реферат жазып, оның құрылымдық композициясын талдау.

№ 35 сабақ

5.1. Тақырып: Құттықтаухат. Сенімхат. Қолхат. Хабарламахат. Жеделхат. Телефонхат. Баяндаухат.
Сағат саны: 2 сағат 90 мин**.**
5.2. Мақсаты: Құжаттардың жазылу үлгісін, қолданылу аясын білуге машықтандыру.
тәрбиелік: мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізуге байланысты білімін тереңдетіп, бағыт беру, тапсырмалар арқылы ұйымдастырушылық, тілдік белгілерді дұрыс қолдану икемділігін қалыптастыру., іс – қағаздардың түрлерін талдап, дұрыс толтыру, құжаттардың заңдылықтарын меңгеріп, күнделікті күнделікті өмірге қолдануға дағдыланыру
5.3. Оқу мақсаттары: білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.
Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.
Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.
Жаңа сабақты түсіндіру: 25 мин.
5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:
1.Хаттардың түрлері мен қолдану үлгілері
5.5. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне жету үшін оқытудың негізгі түрлері/әдістері/технологиялары: бағыт беру
Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Студенттер өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.
1-тапсырма: «Жеті жарғыда» жер дауына қатысты жазаларды атаңыз
2-тапсырма: жесір дауына қатысты жазаларды атаңыз
3-тапсырма: басқаруға қатысты жазаларды атаңыз.

Құттықтаухат. Сенімхат. Қолхат. Хабарламахат. Жеделхат. Телефонхат.

Қолхат, Сенімхат, Кепілхат - белгілі бір құндылықтардың (құжат, мүлік, зат, ақша) алыс-берісін куәландыратын, азаматтық қарым-қатынастарды реттейтін ресми құжат түрі. Құжаттың бұл түрлері міндетті түрде мөрмен бекітіліп, құқықтық сипатқа ие болады.

Қолхат - белгілі бір құндылықтардың (құжат, мүлік, зат, ақша) алынғанын куәландыратын және оны белгілі бір мерзімде қайтарып беретіндігін міндеттеп, азаматтық қарым-қатынастарды реттейтін ресми құжат түрі. Бұл бағасы төмен құндылықтарды уақытша пайдалану жағдайында рәсімделеді. Сондықтан қолхат негізінен мекемеішілік қатынастарда жиі қолданылады.
Қолхаттың мазмұндық-құрылымдық жүйесі:
- құжаттың аты;

- қолхат беруші туралы толық мәлімет (аты-жөні, мекен-жайы, жеке куәлік нөмірі);
- қолхат алушы туралы толық мәлімет (аты-жөні, мекен-жайы, жеке куәлік нөмірі);
- алынған заттың атауы (егер ақша болса, көлемі санмен де, жазбаша да көрсетіледі);
- қайтарылатын нақты уақыты;
- қайтара алмаған жағдайдағы шарты;
- қолхат жазылған күн;
- тараптардың қолы;
- мекеме мөрі.

Сенімхаттың мазмұндық-құрылымдық жүйесі :
-құжат атауы;
- күні, айы, жылы, мекен-жайы ;
- сенімхат беруші туралы толық мәлімет (аты-жөні, мекен-жайы, жеке куәлік нөмірі);
-сенім білдірілетін тұлға туралы толық мәлімет (аты-жөні, мекен-жайы, жеке куәлік нөмірі);
- алынғат заттың атауы (егер ақша болса, көлемі санмен де, жазбаша да көрсетіледі);
- қайтарылатын нақты уақыты;
- қайтара алмаған жағдайдағы шарты;
- нотариалдық мекеме мөрі.

Сенімхат берілетін жағдайлар:
Сенімхат кез-келген төлем түрлерін, атап айтқанда жалақы, жәрдемақы, стипендия, зейнетақы алу үшін, сондай-ақ заттай корреспонденцияларды алу үшін, мүлікті ортақ пайдалану, транспорт құралдарын иемдену, мұрагерлік құқық туралы куәлік алу үшін т. б. толып жатқан жағдайларда беріледі.
Сенімхат 1 дана болып дайындалады
Төлемақы алу үшін берілген сенімхаттардың жарамдылығы - 3 ай. Мүлікті пайдалану үшін берілетін сенімхаттардың жарамдылығы - 3 жыл.
Жарамдылық мерзімі жазбаша жазылуы керек.

Хабарлама хат

Хабарлама хат - өзінің стилі бойынша шақыру хаттарына және ақпараттық хаттарға ұқсас. Нақты адресат үшін толтырылады және сұратуға жауап болып табылады. Ол: «Хабарлайымыз», «Хабардар етеміз», «Сіздің назарыңызға ұсынамыз» деген сөздер арқылы жазылады. Одан әрі қандай да бір фактілер көрсетіледі.

Жеделхат

Жеделхат — телеграф (телетайп) арқылы берілетін жедел сипатты құжат. Күнделікті қызмет барысында ақпарат немесе мәліметтің кейбірін екінші адамға я мекемеге жедел жеткізу қажет болатын жағдай жиі кездеседі. Қазіргі заманда ақпаратты жедел жеткізудің факс, интернет сияқты түрлері де болғанымен жеделхаттар да өз маңызын жойған жоқ. Себебі, хат ұзақ жүреді, интернет пен факс қызметі қымбаттау, оның үстіне біз чертеж я фотография жібермейтін болсақ факсты қолдану міндетті емес. Телефон арқылы жүргізілген әңгімені іске тігіп қоя алмайсың, сондықтан ең ыңғайлысы жеделхат болып табылады. Жеделхаттың тағы мынадай артықшылықтары бар: мекеменің кез келген қызметкері жеделхат мәтінін құрастырып жібере алады. виза қою, келісу, корректуралау, редакциялау сияқты формальды нәрселердің қажеттігі болмайды. Жеделхат қолмен жазылғанына қарамастан әркез жіберуші мен алушы туралы мәліметті қамтиды. Қажет болған жағдайда жеделхат мәтіні мен онда берілген мәліметті растауға болады. Жеделхаттар қалай тез жіберілсе, солай тез жеткізіледі. Телеграф байланысы басқа байланыс түрлерімен салыстырғанда арзан және сенімді. Жеделхат жібере отырып оның белгіленген жеріне ең ұзақ дегенде 10-12 сағаттан соң, қажет болса 1 сағаттан соң да жеткізілетіндігіне 10096 сенімді болуға болады.

Жеделхатты дұрыс жазу үшін мыналар есте болғаны жөн:

жеделхат мәтіні қысқа, дәл, анық, ең ұзақ дегенде 300 сөзден аспауы керек. Қысқа жеделхаттың бағасы да төмен болатыны есте болғаны жөн. Жеделхат мәтінінде кіріспе сөз, шылау сөздер қолданылмайды. Кейбір сөздерді қысқартып жазуға болады, керісінше шатасып кетпес үшін цифрлар жазбаша беріледі.

Мынадай ретпен жазылады — алушы мекен-жайы, мәтін, жіберуші мекен-жайы.

Жеделхат мәтіні анық оқылатындай болып жазылу керек және ешбір түзетулер (әсіресе мекен-жай мен цифрлар жазылған бөлігінде) болмағаны жөн.

Жеделхаттар ішкі жоне халықаралық болып бөлінеді. Іпкі жеделхаттарға мемлекет ішінде жіберіліп қабылдана-гындар, ал халықаралық жеделхаттарға шет елдерге жіберілген немесе шет елдерден келгендері жатады. Ішкі жеделхаттар "өкіметтік", "жедел" және "жай" болып үшке бөлінеді; Жедел белгісімен жіберілетіндерге өкіметтік және жедел жеткізілу үшін арнайы жоғары тарифпен төленген жеделхаттар жатады. **Қызметтік жеделхат мәтіні** 2 дана етіп дайындалады. Аралығы 1,5 интервал. Жеделхат мәтінінің басы ғана азат жолдан басталады. Екінші азат жол тек қол қойылғанда ғана беріледі. Басқа құжаттар сияқты жеделхаттың да өз реквизиттері болады. Олар: жеделхаттың категориясы мен түрі, нөмері, датасы, жіберілген уақыты, алушының аты мен мекен-жайы, мәтін, қол. Бұл реквизиттер сызықтың жоғарғы жағына жеделхаттың формуляр деп аталатын бөлігінде жазылады. Сызықтың сыртына төленбейтін реквизиттер, яғни, жеделхатқа қол қоюшы адамның қызметі, дата, жіберушінің мекен-жайы. Әрбір мекемеде жеделхаттарды тіркейтін арнайы журнал (А4 форматты қатты мұқабалы дәптер) болуы керек. Журнал екі бөліктен тұрады. Бір бөлігі келіп түскен жеделхаттарға арналады, мұнда мекемеге келген жеделхаттар тігіледі я желімденеді. Төменгі жағына алушының танысқаны жөнінде белгі, қол қойылады, бұрыштама жазылады. Жіберілген жеделхаттар бөлігінде жеделхат мәтіні жазылады. Ол жіберушінің қолымен расталады. Мұнымен қатар жеделхаттың стандарт бланкілерінен тұратын арнайы журналдар болады. Бұл журналдар жеделхат стандарт бланкісінен және келесі беті мәтін көшірмесін қара қағаз арқылы қалдыру үшін таза беттен тұрады. Мұндай журналдың ыңғайлы жағы жеделхат мәтіні бірден мекемеде толтырылып, арнайы сызылған жерден жыртылып алынып, почта арқылы жіберіледі де көшірмесі қалдырылады.

Жеделхат мәтіні

Мекен-жайы ("кімге"). Алдымен жеделхатты алушынып. толық почта индексі, елдің аты, елді мекеннің аты, тип (қала, ауыл, т.б.), көшесі," үй нөмірі, корпус, офис **нөмірі** жазылады. *Мысалы,*

480021, Қазақстан,
Алматы қаласы,
Мұқанов көшесі, 227, офис 47
немесе,
250000, Украина,
г. Киев, Почтовая пл, дом 18, кв 44.

Алушының аты-жөні ("кімге"). Адресаттың фамилиясы, қажет болған жағдайда өз аты, әкесінің аты толық жазылады, кейде фамилия орнына қызметі көрсетіледі. Мысалы, *"Директорға ",*
"Бөлім меңгерушісіне " т.б.

Аса қажет жағдайда шатастырып алмас үшін болмаса адресаттың аты-жөні мен қызметі қатар жазылмайды.

Жеделхат мәтіні. Жеделхаттың негізгі мақсаты керекті ақпаратты тез жеткізу болғандықтан, қызметтік хаттардағыдай кіріспе сөз, сыпайыгершілік сақтау сөздері жазылмайды. Мүмкіндігінше барынша қысқа және түсінікті етіп жазу керек. Бірақ сөздерді түсініксіз етіп қысқартып тастаудың қажеті жоқ, түсінікті, стандарт қысқартуларды ғана пайдаланған жөн. Егер жеделхат мақсаты алушыдан ақпарат алу немесе мәселені шешу т.б. болса онда

етістіктерді бұйрық рай тұлғасында беріңіз. Мысалы, *"жіберіңіз", "салып жіберіңіз", "шешім қабылдаңыз"* т.б. Ал жеделхат жауап беру мақсатында жазылса етістік ашық рай тұлғасын да "қолданыладың. Мысалы, *"алдым", "жеткізілді". "келеді", "орындалады", "барады"* т.б. *"Тез арада", "жеделдетіңіз", "жедел", "қалай да "* сөздерін орынсыз көп қолданудың қажеті жоқ, себебі сіздің жеделхат жібергеніңіздің өзі алушыға көп нәрсені білдіріп тұр. Цифрларды жазбаша жазған дұрыс. Мысалы, 101347 *бір ноль бір үш төрт жеті,* бұларды бір сөз ретінде топтап беруге де болады. Мысалы, *бір ноль бір үш төрт жеті.*

Мәтін мазмұнына нұқсан келмейтін болса жалғаулықтар көмекші сөздер жазылмайды, тыныс белгілері қойылмайды . Жеделхат мәтінінде түзетулер болмауға тиіс және сөздер тасымал- данбайды.

Жіберуші қолы. Жеделхат мәтініне қол қойылған кезде фамилия, қажет болғанда жіберушінің қызметі қоса көрсетіледі.

Мысалы, "Оспанов"

"Жауапты хатшы Смағулов " "Бірінші орынбасар Рымжанов" т.б.

Жіберушінің мекен-жайы. Жіберушінің мекен-жайы жоғарыда айтылған алушының мекен-жайының жазылу тәртібі сияқты. Жеделхатты тапсырып ақысын төлегеннен кейін квитанцияны алып, оны біраз уақытқа дейін жоғалтпай сақтаңыз. Себебі квитанция сіздің телеграмманы жібергендігіңізді растайтын жалғыз құжат болып табылады. Егер жеделхат мәтінін телефон арқылы жіберген болсаңыз, оны кім қабылдағанын, аты-жөнін, жұмыс телефонын, қызметін жазып алыңыз.

Телефонхат (Телефонограмма)

***Телефонограмма* — телефон я радио арқылы телефонограмма, радиограмма ретінде жеткізілетін жедел сипаттағы құжат.**

Телефонограмманың жеделхаттан айырмашылығы сіз үшінші бір мекеме қызметіне жүгінбей өз ақпаратыңызды телефон я радио арқылы алушыға тікелей мәлімдей аласыз. Ол байланыстың келесі бетінде тұрып сіз айтқан ақпаратты жазып алады. Телефонограмма мәтіні аса күрделі болмауы керек. Телефонограмма формуляры: жіберілген хабардың аты, нөмірі, жіберілген күні және қабылданған уақыты жөніндегі мәлімет, байланыс жүйесін іске асырған адамның аты-жөні, телефон я рация нөмірі. Телефонограмма, радиограмма мәтіні арнаулы бланкке немесе таза қағазға жазылады, оған мекеме бастығы немесе жауапты қызметкер қол қояды. Бұл құжаттың ерекшелігі оның мекемеге бірден келіп түсетіндігі. Телефонограммалар басқа қызметтік құжаттар сияқты есептеледі, қабылданады, сақталады.

Баяндау хат – кәсіпорын басшысына арналған немесе тұжырымдар мен ұсыныстардан тұратын, жұмысты орындау туралы құбылыс, фактісі бар қалыптасқан оқиға туралы жоғары тұрған органға ақпарат беретін құжат. Жоғары тұрған басшыны қандай да бір фактілер, оқиғалар туралы хабардар ету жағдайында автордың бастамасы немесе басшының нұсқауы бойынша жасалады. Баяндау хатта баяндалған мәселе бойынша құрастырушының ұсынысы да болуы мүмкін. Мақсаты – басшының белгілі бір шешім қабылдауына ықпал ету. Баяндау хаттың мазмұнын ашатын тақырыбы болады. Құжаттың осы түрін ресімдеу адресатқа байланысты. Баяндау хат ішкі және сыртқы болып екіге бөлінеді.

Баяндау хаттың күні оған қол қойылған күн болып есептеледі. Кәсіпорын қызметінің негізгі қызметі бойынша баяндау хаттар 5 жыл сақталады.

Үлгі

«Идрис» ЖШС – нің директоры
М.Қ. Сериковаға
кадр бөлімінің меңгерушісі
И.А. Құрмановадан.

Баяндау хат

Менің сізге баяндау себебім, белгісіз бір себеппен жұмысшы А.Б.Омаров 18-25 сәуір күндері жұмысқа шықпай қалды.

Кадр бөлімінің
Меңгерушісі: _____ Р.А. Нұрбекова
Күні: 26.04.2017

қолхат- расписка
Сенімхат - доверенность
жеке куәлік - удостоверение личности
жалақы- зарплата
мөр - печать
Қол -подпись
Сену -верить
сеніп тапсыру- доверять
беру - давать , выдавать
куәландыру - удостоверять
алу - получать
қою,
басу-поставит
кепілақы- задаток
қарыз- долг
ақша- деньги
уәде- обещание
қайтарып беру- вернуть, возвращать
алу-брать
кабылдап алу- принять
уақытында-вовремя
кепіл ақы- задаток
азамат- гражданин

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 20 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау

Тапсырма 1. Берілген тақырыптарға құттықтау хат жазыңыз

- Әріптесіңізді Наурыз мейрамымен құттықтаңыз
- Бірге оқып жүрген досыңызды туған күнімен құттықтаңыз
- Ұстазыңызды 50 – ге келген мерейтойымен құттықтаңыз
- Анаңызды 8 наурыз мейрамымен құттықтаңыз

Тапсырма 2. Қазақ тіліне аударыңыз

Договор купли-продажи, принадлежит гражданину, по праву собственности, не заложена, содержание закона разъяснено, юридическая дееспособность в моем присутствии, подписать договор, деловые качества, нотариально заверить.

Тапсырма 3. *Қазақ тіліне а*ударыңыз

Общественность ─
Гражданин ─
Заседание ─
Суверенитет ─
На чье имя ─
Приготовил ─

Вакансия–

Тапсырма 4. Үлгі бойынша қолхат жазыңыз.

Қолхат

Мен, Әйгерім Асылбекқызы Қозыбаева Алматы қаласы Таугүл-1 шағын ауданы 84 үй, 31 пәтердің тұрғыны, жеке басымның куәлігі №123456789 ҚР ІІМ-гі берген, Алматы қаласы Абай даңғылы, 25 үй, 64 пәтерде тұратын азамат Арман Мұхитұлы Асқаровтан, жеке куәлігі №123456789 ҚР ІІМ-гі берген 3000(үш мың) АҚШ долларын алдым.

2003 жылы 15 қыркүйекте жасалған келісім-шартқа сәйкес 2003 жылғы 10-шы қыркүйектен 10 желтоқсанға дейін алынған ақшаның пайызын төлеп түруға міндеттенемін. Пайыз көлемі келісім-шартта көрсетілген. Азамат Асқаров Мұхитұлы Арманның міндетін орындауына басқа талабым жоқ.

10.12.2003жыл қолы

Тапсырма 5. Аударыңыз

Іскерлік кездесу, мәлімет, нақты шаралар, жоспарланатыны көрсетілді, өз сөзінде, мәселелерді талқылау, шаралар белгілеу, аудандық әкімшілік, қолдау көрсетілді, төраға, сұранысты анықтау, озат тәжірибеге сүйену.

Өткен тақырыптарына шолу жасау.

Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: шағын топта жұмыс

Сұрақтар мен тапсырмалар:

Құттықтаухат. Сенімхат. Қолхат. Хабарламахат. Жеделхат. Телефонхат үлгілерін пайдаланып, құжаттарды толтырыңыз.

№ 36 сабақ

5.1. Тақырып: Медицина саласындағы іс жүргізу үлгілері. №2 Аралық бақылау жұмысы

Сағат саны: 2 сағат 90 мин.

5. 2. Мақсаты:

Оқушылардың теориялық білімдерін саралай отырып, практикалық дағдымен байланыстыру, шапшаңдыққа мысалдар арқылы танымдық қасиеттерін шыңдауға, ой – қиялын өз ойымен бере білуге тәрбиелеу.

5.3. Оқу мақсаттары: Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

Медициналық анықтама түрлері.

Формат А5

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения		Нысанның ҚСКЖ бойынша коды Код формы по ОКУД _____ КҰЖЖ бойынша ұйым коды

Республики Казахстан		Код организации по ОКПО _____
Ұйымның атауы Наименование организации		Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы «08» шілдедегі № 332 бұйрығымен бекітілген № 086/е нысанды медициналық құжаттама
		Медицинская документация Форма № 086/у Утверждена приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан «08» июля 2005 года № 332

Жоғары оқу орындарына, колледждерге, орта арнаулы оқу орындарына, кәсіби-техникалық, техникалық училищелерге түсушілерге, жұмысқа орналасатын жасөспірімдерге толтырылатын (дәрігерлік кәсіби-кеңестік ұйғарым)

МЕДИЦИНАЛЫҚ АНЫҚТАМА

МЕДИЦИНСКАЯ СПРАВКА

(врачебное профессионально-консультативное заключение)

заполняется на абитуриентов, поступающих в высшие учебные заведения, колледжи, средние учебные заведения,

профессионально-технические, технические училища; на подростков, поступающих на работу

от «___» _____ күнінен 20___ ж.(г.)

_____

1. Берілді (Выдана)

_____

анықтама берген ұйымның атауы мен мекен-жайы (наименование и адрес организации, выдавшего справку)

2. Анықтама көрсетілетін оқу, жұмыс орнының атауы (Наименование учебного заведения, куда представляется справка) _____

2.1 Анықтама берілетін жұмыстың атауы (Наименование работы, куда представляется справка)

_____

3. Тегі, аты, әкесінің аты (Фамилия, имя, отчество)

_____

4. Жынысы (Пол) Е.(М), Ә.(Ж), 5. Туған күні (Дата рождения)

_____

6. Мекен-жайы (Адрес местожительства)_____

7. Ауырған аурулары (Перенесенные заболевания)

_____

Медициналық жолдама үлгілері

Емханаға жолдама алу үшін тұрғылықты жердегі медициналық мекемеге (емханаға) бару керек. Медициналық көрсеткіштер болған жағдайда емдеуші дәрігер ЖММК комиссияның

қарауына мынадай құжаттар ұсынады:
1) науқастың жеке басты куәландыратын құжатының көшірмесі;
2) науқастың клиникалық диагнозын көрсете отырып медициналық ұйым маманының жолдамасы;
3) науқасты зерттеп-қараудың қажетті ең аз көлемінің нәтижелері (қанның, несептің жалпы талдауы, нәжістің ішекқұрт жұмыртқаларына талдауы, кеуде ағзаларының флюорографиясы, электрокардиограмма және HbsAg болуы);
4) өңірлік деңгейде мүмкін болатын клиникалық диагнозды, зерттеу нәтижелерін көрсете отырып, амбулаториялық картадан/сырқатнамадан көшірме;
5) науқастың клиникалық диагнозын растайтын зертханалық және аспаптық зерттеулердің нәтижелері.
ЖММК комиссиясы науқастардың құжаттарын сырттай немесе қажет болған жағдайда науқасты бейінді мамандардың комиссиялық қарауына шақыра отырып, қарауға құқылы. ЖММК комиссиясы ұсынылған құжаттарды қарайды және тасымалдау түрі мен көлеміне қарай науқасты медициналық көмек көрсетуге мамандандырылған және жоғары мамандандырылған республикалық медициналық ұйымдарға жіберудің негізділігін анықтайды. Науқастың құжаттары келіп түскен сәттен бастап, екі жұмыс күні ішінде ЖММК комиссиясы хаттамалық шешім қабылдайды. Республикалық медициналық ұйымдарда науқасқа мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмекті көрсету туралы оң шешім қабылдау кезінде ЖММК комиссиясы жолдаманы Емдеуге жатқызу бюросының порталына тіркейді және жіберген медициналық ұйымда басып шығарылған жолдамамен құжаттардың пакетін береді. Медициналық ұйым емдеуге жатқызуға жолдама алғаннан кейін науқасты емдеуге жатқызу туралы хабарлайды.

1. Дәрігердің қабылдауында болғандығыңыз туралы анықтама беріңіз.
2. Емханада ем алғандығыңыз туралы анықтама беріңіз.

Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.
Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау

1-тапсырма. Екі бағанадан сөз тіркестерін құрастырыңыз.

Растайтын	Деректер
баяндау	атауы
кәсіпорын	міндетті
стратегиялық	расталады
біліктілік	растау
жеке	инспекциясы
көрсетуі	тігіледі
тұратын	беру
беруге	басшысы
анықтаманың	бойынша
анықтама	бөлінеді
екінші	түрінде
мекеменің	хат
мөрмен	мақсат
қосымша	адам
фактіні	топ
мәселелер	тиіс
салық	құжат
іске	мәтіні
кесте	талаптары

бөлімдерге	жері

Өткен тақырыптарына шолу жасау.
Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин.
Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.
Сабақты қорытындылау: 10 мин.
Үйге тапсырма беру: 5 мин.
5.6. Әдебиет.
Негізгі:
1. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. – Қарағанды: ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
3. Джумадиллава Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
3. Абдуова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
4. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
5. Құрманбаева, Ш. Қазақ тілі [Мәтін] : денсаулық сақтау саласына арналған оқу әдістемелік кешені / Ш. Құрманбаева, С. Болатов. - Алматы : Қазығұрт, 2010. - 136 бет +эл. опт. диск (CD-ROM)
6. Кәсіби қазақ тілі Сейлхан А.Қ., Советова З.С. , 2019
7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019
Кемелхан Д.Ж., ЦБ Aknurpress / https://aknurpress.kz/
10. Суатай С., Тәттібаева А.Е. Қазақ тілі. Оқу құралы. 2013. Суатай С., ЦБ Aknurpress https://aknurpress.kz/
1.10.2.Қосымша:
1. Нұржанова, Қ.Қ. ж.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Қ.Қ. Нұржанова, Г.Қ. Сағатова, Э.Қ. Түсіпбекова . - Қарағанды: ҚарМТУ, 2013 Нұржанова, Қ./РМЭБ/ http://rmebrk.kz/
2. Бизақов С. Синонимдер сөздігі – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 640 б.
3. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 800 б.
4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
5. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б. А.С. Сағымова РМЭБ/ http://rmebrk.kz/
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. -Алматы:Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.
7. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б.
8. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р
ЦБ Aknurpress / https://aknurpress.kz/

9. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz
10. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. -Алматы:Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.
11. Кәсіби қазақ тілі: Оқу-әдістемелік құрал. / Құраст. А.С. Сағымова. - Алматы: АТУ, 2018. - 122б.
12. Жарикова Д.Р., Қазақ тілі. Оқу құралы. 2019 Жарикова Д.Р
ЦБ Aknurpress / https://aknurpress.kz/
13. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz

5.7. Бақылау: тестілеу.
№2 Аралық бақылау жұмысы:

1 «Сухожилие» сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы:
a) сіңір
b) қабақ
c) қарынша
d) бұлшықет
e) шүйде
2.«Пищеводное отверстие» тіркесінің қазақ тіліндегі аудармасы:
a) өңештік тесік
b) төменгі қуыс вена тесігі
c) қалқалық тесік
d) күректістік тесік
e) иек тесігі
3. «Разгибатель мизинца» қазақ тіліндегі аудармасы:
a) шынашақ жазғышы
b) сұқ саусақ жазғышы
c) саусақтарды жазғыш
d) білезіктің шынтақтық бүккіші
e) бас бармақтың қысқаша жазғышы
4. «Теменная кость» сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы:
a) шеке сүйек
b) мұрын сүйек
c) үстінгі жақсүйек
d) шынтақ жілік
e) сегізкөз
5.«Лучевая кость» сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы:
a) кәрі жілік
b) ортан жілік
c) асық сүйек
d) шынтақ жілік
e) ортан жілік
6. «Коленный сустав» сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы:

a) тізе буындары
b) білезік буындары
c) шынтақ буындары
d) асықты жілік
e) иық буындары
7. «Пяточная кость» сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы:
a) өкше сүйек
b) тоқпан жілік
c) төс сүйегі
d) асықты жілік
e) иық буындары
8. «Трахея» сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы:
a) жүйке
b) өкпе
c) қалқанша без
d) кеңірдек
e) өңеш
9.Пищевод» сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы:
a) өңеш
b) жүрекқап
c) көмекей
d) тамақ
e) кеңірдек
10. «Верхняя челюсть» сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы:
a) үстіңгі жақсүйек
b) бетсүйек
c) иық буыны
d) сегізкөз-мықын буыны
e) кәрі жілік
11. «Тазобедренный сустав» сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы:
a) ұршық буыны
b) аяқ ұшының буындары
c) иық буыны
d) сегізкөз-мықын буыны
e) тізе буыны
12. Зәр шығару жүйесіне жатады:
a)бүйрек, қуық, зәр шығару жолдары, жыныс мүшелері
b) жұтқыншақ, кеңірдек, асқазан, бауыр, бүйрек
c)бүйрек, асқазан, сегізкөз, бауыр, жамбас
d)жамбас, сегізкөз, шап, сан, қасаға
e) омыртқа, ми, жұлын, сегізкөз, нейрондар
13. Ауызекі стилін табыңыз:

a) Сәулетті Қазақстан – менің елім
b) Жақсы оқитын оқушыларға баса көңіл бөлінсін
c)Бастауыш кім? не? деген сұраққа жауап береді
d) Сүт адам организміне өте пайдалы
e) Менен оларға тиетін инедей пайда жоқ
14 Ресми стильге жататын қатарды белгілеңіз.
a) өтініш, сенімхат
b) көркем шығарма
c) ғылыми шығарма
d) газет-журнал тілі
e) қоғамдық-саяси әдебиет
15. Көркем әдебиет стиліне тән белгіні анықтаңыз.
a) бейтараптық
b) ғылымилық
c) образдылық
d) ауызекілік
e) ресмилік
16. Сабақтан себепсіз қалған студенттің жазатын іс қағазы:
a) қолхат
b) мінездеме
c) хаттама
d) түсініктеме
e) сенімхат